Патронажды бағыт. «Патронатты тәрбиелеу» деген термин 1943 жылы Ресейде қабылданған, ол баланы келісім шарт негізінде ата-ана – тәрбиеші қарауына ата-ана құқығының жартылай сақталуын көздеп береді. Бұл іс-әрекетте біріншіден, балалар үйінің басшысы тәрбиеленушілердің қорғаушысы болып табылады және баланың құқығын заң және әкімшілік орындарда қорғайды; екіншіден, балалар үйі отбасына тәрбиеленуге берілген тәрбиеленушілерге патронат болады; үшіншіден, балалар үйіне берілген балалар санының жылдан-жылға көбейіп бара жатқандығы, бала мен отбасы арасындағы қарым-қатынасты сақтау мен түзетуге міндеттейді.

Н.В. Смеховичтің (1999 ж.) зерттеулерінде балалар үйінде тәрбиеленушілерді зерттеу жұмысының тұжырымдамасының негізгі идеясы «отбасылық салтты» ұсынады. Оның тұжырымдамасының маңыздылығы:

- Тәрбиешілерді қосып отбасында өмір сүріп жатқандай шағын балалар тобын құру;
- Тіршілік әрекеті жағдайында отбасылық қатынасты бейнелейтін мәдени кеңістікті қалыптастыру;
- «Отбасы» ішінде қарым-қатынас тәсілдерін дамыту негізінде сенім, достық, қуаныш, сүйіспеншілік, салауатты өмір салтын құруда, сабаққа дайындалуда, жалпы еңбекте бір-біріне өзара қолдау көрсету;

- Педагог-психологтармен, тәрбиеленушілермен топтық-«отбасылық», жеке және ұжымдық ынтымақ қалпын пайдалану;

Автор тұжырымдамасы балалар үйінде тәрбиеленушілерді тәрбиелеу жүйесінің негізіне шағын

элеуметтік топ ретінде «екінші отбасы» түсінігін құрайды, яғни қарым-қатынастың авторитарлық (ата-ананың) және демократиялық «отбасы» мүшелерінің адамгершілік өзара қатынасын, бір-біріне қолдау көрсету және тұрмыстық ынтымақтастықпен байланыстырады. Бұдан интернат типтес мекемелердегі тәрбиешілердің санын арттыру мәселесі туындайды және отбасылық жағына бағытталу қажеттігі пайда болады.

Жоғарыда атап өткен жетім балалар мекемелерінде жүргізілетін элеуметтік жұмыс мазмұнының жаңа жолдарын, әдіс-тәсілдерін табуда көптеген ғылыми-теориялық, практикалық тәжірибелер кездеседі. Бала үшін отбасынан алатын орнын түгелдей толықтыру мүмкін емес, дегенмен де баланың үлкендермен психологиялық тұрғыдан қарым-қатынас жасауға мүмкіндік тудыратын ортаны дамытуға болады. Сол дамытушы ортаны педагогикалық-оңалту жұмыстарын жүргізу арқылы жүзеге асырауымызға болады. «Жетім көрсең жебей жүр» дейді халық.

Әрқашан «бір жетімнің басынан сипасаң, қырық періштесі күліп тұрады» деуден жалықпайтын жандарда көптің қасы. Ендеше тәуелсіз елдің жас өріндері өз болашағымыз өз қолымызда... ойлана-йық жас достар..!

1. Бала құқығы туралы БҰҰ Конвенциясы, 1989.
2. Халитова І.Р. Элеуметтік педагогика. – Алматы: Білім, 2008.
3. Лисина М.И. Пути влияния семьи и детского учреждения на становления личности дошкольника. – М., 1997.
4. Мухина В.С. Лишенные родительского попечительства. – М.: Прос., 1991.
5. Ахтаева Н.С., Әбдігаппарова А.І., Бекбаева З.Н. Элеуметтік психология. – Алматы, 2006.
6. Мухамедрахимов Р.Ж. Мать и младенец: психологическое взаимодействие. – СПб.: Изд-во СПбГУ, 1999.

Резюме

В статье рассматриваются особенности психолого-педагогической работы с детьми сиротами.

Summary

The features of psychological and pedagogical work with orphan children are considered by author.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР – МЕКТЕПТЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ҚҰРАЛЫ

С.А. Абилдабеков, Ж.Б. Спанов, А.А. Сегізбаев – *Дене мәдениеті және Бастапқы әскери дайындық факультеті, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Қазақ халқының ұлттық ойындары алуан түрлі, сан қырлы, мазмұнға бай, адам баласының сәбилік шағынан бастап, бүкіл өмірін тұтас қамтуға негізделіп жасалған. Бұл мемлекеттік тәрбие беру мекемелері жалпақ елге жайылмай тұрған кезде, халық жасаған барлық мәдени істерді өз бойына жинақтап, қайта халыққа беру мәселесін шешіп отыру үшін, әдейі өмірге келгендей әсер береді. Өйткені ұлт ойындары балалардың жас ерекшеліктеріне орайластырып жасалғандай. Баланың сәби шағынан бастап ер жетіп, азамат санатына қосылғанға дейінгі өмірін қамтып қана қоймайды. Адамның бүкіл өмір бойғы жан серігіне айналады. Атап айтқанда, дүниеге жаңа келген нәрестеден бастап, ер жетіп, етек-жеңін жинағанға дейін ойын арқылы тәрбие алады. Жігіттік шағында байсалды ұлт ойындарына қатынасып, жарыс аренасына шығады. Одан кейінгі жігіт ағасы жасында, ойынды ұйымдастырушы ретінде. Келесі кезеңде сол халық дәстүріне өз ұрпағын тәрбиелеуші, баулушы, ақылшы-кеңесші ретінде де, сондай-ақ көрермен ретінде де қатынасады. Қай халықтың болмасын ұлттық ойындарына тән негізгі ортақ қасиет – дидактикалық негізі, көздейтін мақсат жас ұрпақты – өз ортасының салт-санасы, әдет-ғұрыпы мен дәстүріне сай, психологиялық ерекшеліктеріне байланысты білім беріп тәрбиелеу. Олай болса, әр ұлт ойындарының бойында педагогикалық элеуметтік негіз бар.

Ұлт ойындарының әрқайсысына тән қасиет, көздейтін негізгі мақсат – адамға әсер ету, оған қоршаған орта туралы мағлұмат беріп, ықпал ету. Әр ұлт ойынының бойында адамға білімге, білуге, үйренуге, өмірді танып білуге деген ынтаны оятатын, ұжымға деген ынтымақ, жолдасқа деген ілтипат, сыйластық, тіл табысу, басқалармен санаса білу т.б. өмірге аса қажетті адамгершілік негіздерін қалыптастыру секілді дидактикалық негіз, тұтас педагогикалық процесс, іргелі идея бар.

Осы күнге дейін бағзы біреулер ойын десе, күлкіні, сайқы-мазақты, жеңіл-желпі көңіл көтеруді көз

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. «Бастауыш мектеп және дене мәдениеті» сериясы, № 3 (34), 2012 ж. алдына елестетеді. Дәл осылай ойлағанның өзіңде де ойын өз дегеніне жетіп, әлеуметтік-педагогикалық бір мақсатты көздеп, тәрбие құралы қызметін атқаратыны анық.

Кеңестер одағының құлап, тоталитарлық құрылыстың ыдырауына байланысты, еліміздің еркіндік алуы, ел өмірінің барлық саласына айтарлықтай жаңалықтар әкелді. Ендігі жерде еткен өміріміз бен өнерімізге жаңаша қарап, ұрпақ тәрбиесін халқымыздың ежелгі арманы болып келген, өз халқының мүддесіне сай қайта құруға мүмкіншілік алды. Бүгінде оқу орындарының алдында тұрған негізгі мақсат – заманымызға сай ұлттық мүддені көздейтін, отанын сүйе білетін, қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу оны өмірдің өзі талап етіп отырғандай етіп күн тәртібіне қою. Оқу-тәрбие жұмысының негізі идеялық арқауына айландыру міндеті тұр. Бұл міндетті орындауда әлеуметтік-педагогикалық идеяларды іс жүзіне асыруда негізгі көмекші болатын ұлт ойындары екендігі дау туғыза қоймас.

Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі заңының бірінші бабының екінші тармағында: "Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; Қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе парламенттік дауыс беру арқылы шешу" – деп көрсеткен.

Ата заңымыз Конституцияда атап көрсетілген тақырыптарды іс жүзіне асырып, өмірге енгізудегі негізгі тірек – оқу, ағарту орындары. Соның ішінде ең бастысы – жалпыға бірдей білім беретін мектептер. Елбасы, Президентінің Қазақстан халқының алдына қойып отырған "Қазақстан-2030" бағдарламасында "...біздің ұрпақтың, келер ұрпақтың алдында орасан зор жауапкершілік жүгін арқалайтығын" атап көрсеткен.

Осы талаптарды іс жүзіне асыратын, бүгінгі ғылыми негізде білім беруді ұйымдастыру міндеті жүктеліп отырған оқу орындарының жүгі аз емес. Сондықтан бүгінгі күні педагогика ғылымының алдында зор міндеттер күтіп тұр. Ол міндеттер ғасырлар бойы бостандықтың бұғауында болып, ата-бабалар жасаған асыл мұра, ұлттық негізден айырылуға айналған ұрпаққа, сол жоғалтқан өзіндік негіздерді қайтара отырып, бүгінгі күн талаптарына сай ғылым негіздерін олардың бойына сіңіру болып табылады. Еліміздің өз алдына егеменді ел болуына байланысты мектептердегі тұтас педагогикалық процестерді жетілдіру мақсатында. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту қолдарынан келетін, ел мүддесіне еңбек ететін жастарды өмір талабына сай тәрбиелеу мәселесі күн тәртібіне қойылды. Осы мақсаттарға сай "Білім беру Заңы", "Жоғары білім беру Заңы туралы", "Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру туралы тұжырымдамасы" сияқты аса қажетті құжаттар өмірге келді.

Сол секілді педагогикалық ілімді алға қарай дамыту мәселесі Республикада қарқынмен іске асуда. Бұл салада жаңа зерттеулер жүргізілді, көптеген докторлық диссертациялар қорғалды. Республикада жалпыға бірдей білім беретін мектептерден бастап, жоғары оқу орындарында педагогикалық кадрларды бүгінгі күннің талаптарына сай әзірлеу мәселесіне көп көңіл бөлінуде. Солардың қағарында Адамбеков Қ.І., Бейсенбаева А.А., Ахметов К., Нұрғалиева Г.К., Сабиров І.С., Исаева З.А. т.б. зерттеулері бар. Көптеген ғалымдардың еңбегі жастарды адамгершілікке тәрбиелеудің қыр-сырын зерттеуге арналған еңбектерден тұрады. Балалар ұжымы арқылы жеке тұлғаларды тәрбиелеудің барысында, әсіресе, дене шынықтыру, спорт пәндерінің ролін ашып беретін Баженов В.Т., Ким В.А., Керимов Л.К., Трифонов В.В., Уманов Г.А. еңбектерін атап айтуға болады.

Тұтас педагогикалық процестің негіздері мен жалпыға білім беретін мектептердегі оны жүргізу жолдары мен басқару процестерін және педагогикалық процесті басқарудың ерекшеліктері туралы жан-жақты зерттеулер жүргізген Н.Д. Хмельдің еңбектерін атап өткен жөн.

Ұлт ойындарын тәрбие жұмысына пайдалану туралы зерттеуде Анаркулов Х.Ф., Таникеев М.Т., Қуанышев Т.Ш., Тулегенов Ж.Т., Турсунов Н.Т. т.б. жастарды моральдық жағынан қалыптастырудың ерік-жігерін ұштап, адамгершілік негіздерін шындауды қажетті тәрбие құралы деп бағалайды.

Алайда, көптеген авторлар өз зерттеулерінде, ойынды халық педагогикасының бір саласы ретінде ала отырып, оны тек тәрбие құралы ретінде ғана қарастыруды өздерінің басты міндеттері ретінде көрсететіндіктерін айта отыруды жөн көрдік. Ұлт ойындарын, жалпы ойын атаулыны, тек тәрбие құралы бөліп алып қарау, біржақтылыққа апарып соғатынын ескерген жөн.

Біздің пікірімізше, ұлт ойындары-кешендік тәрбиенің, тұтас педагогикалық процестің таптырмайтын құралы. Осы идеяларды басшылыққа ала отырып, біз алғашқы зерттеулеріміздің өзінде-ақ ұлт ойындарын кеңестік кеңістіктің аумағында тұңғыш рет ана тілі математика сабақтарының барысында

дидактикалық материал ретінде пайдалануды ұсындық. Оны нақты материалдармен бекіттік. Атап айтқанда, ұлт ойындарын қазақ тілі, математика пәндерінде және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарында: сабақ аралық үзілістерде, ертеңгіліктер мен кештерде және ұзартылған күн топтарында пайдаланудың нақты жолдарын көрсеткенбіз. Мұны тәптіштей айтуымыздың себебі: біздің осы жұмыстарымыздың байыбына бармаған зерттеушілер, өз ойларына өздері иланып, ұлт ойындарын тек дене шынықтыру сабақтарына пайдалану туралы ғана сөз етіп, осы бағытта жұмыс істеп жүргендердің тізіміне тіркей береді. Қарапайым көзбен қарағанда, ойын деген атынан көрініп тұрғандай, ол дене шынықтыру пәніне көбірек жанасатыны белгілі. Алайда ұлы жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай, ойынның өзінше бір ерекше мағыналары болған. Олай болса, барлық ұлттардың ойындарын бір үлгіге салып пішуге болмайтынын біз жоғарыда айтқанбыз. Оның өмірге келуі әр халықтың өзіндік әлеуметтік-экономикалық ерекшелігіне, түсінігіне, материалдық мүмкіншілігі мен наным-сеніміне байланысты. Сондықтан "идеялық өндіріс, түсіну, сана әуел баста адамдардың материалдық іс-әрекетінен өмірінің ақиқат тілі".

Қазақтың ұлттық ойындары – адамның дене, ақыл-ой, адамгершілік қасиеттерінің шындалып өсуіне жан-жақты әсер ететін әмбебап құрал. Ол өзін-өзі тәрбиелеп, өзіне-өзі білім берудің бүгінгі біртұтас педагогикалық талаптарға сай келетін дидактикалық негізге бай педагогикалық-әлеуметтік ахуалды байыта түсетін оқу-тәрбие құралы.

Ұлт ойындарының бойында тұтас педагогикалық процестің негіздері бар. Тұтас педагогикалық процестің құрамына – оқу, оқыту, білім беру, тәрбие, даму процестерінің табиғи бірлігі – жатады. Ал ұлт ойындарының бойына – ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, еңбек, дене тәрбиесінің негіздері сіңіскен. Сондықтан ұлт ойындарының әлеуметтік-педагогикалық негіздері туралы сөз еткенде оның дидактикалық негіздері туралы сөз айтпай өтуге болмайды. Дидактика – оқу теориясы ретінде "нені оқыту керек", "қалай оқыту керек" деген сұрақтарға дәйекті жауап беруді іздейді. Оқу-оқушының іс-әрекеті болса, оқыту екі жақты процесс. Оқыту процесі оқушы мен оқытушының бірлескен әрекетінен тұратын күрделі процесс. Оқушы білім алуға, оның қажеттігіне түсінбейінше оқытушы өз міндетін дәйекті түрде атқаруы қиын. Олай болса, оқытушы ең алдымен оқудың мотивін оқушының анық ойын түсініп білуіне жол ашуы керек. Ал мотив белгілі бір әрекеттің мақсаттылығы, соған итермелейтін, бағыттайтын қозғаушы күш. Оқудағы оқушы мақсаты – білу, құбылыс пен уақиғаның сырын білуге ұмтылу. Сондықтан оқыту – оқушы мен оқытушының іс-әрекеті болғанымен, көп жағдайда абстракциялық рөл атқарады. Егер оқушы оқу мотивін анық, айқын түсінген болса, оқушы мен оқытушының бірлескен іс-әрекеті оң нәтижесін береді.

Қазақтың ұлттық ойындарын ұзақ жылдар зерттеп, тәжірибеде қолданып, ғылыми еңбектер жазуымыздың барысы біздің ұлттық ойындарға деген көзқарасымызды айқындап, адам баласының адам тәрбиесіне арнайы жасаған дүниелерінің ішінде, оның көп қырлы жан-жақты, алуан салалы тәрбие құралы екендігіне көзімізді әбден жеткіздік. Олай болса егеменді елдің жас ұрпағын дара тұлға етіп, денсаулығын мықты, салауатты өмір салтына бағдарлай тәрбиелеуде бүгінгі талапқа сай мектептегі тұтас педагогикалық процесті жетілдіре түсудің дидактикалық құралы қызметін атқарары сөзсіз деп білеміз.

Қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелік негіздерін бір сөзбен ашып жеткізуге болмайтын, күрделі негіздердің басын құрайды, ұлт ойындарының жастарға берер тәрбиелік негіздерін, олардың тәжірибедегі қолданыс мүмкіншілігінің пайдалы сыбағалы салмағын есепке ала отырып, біз былайша топтастыруды ылайық деп таптық. Атап айтқанда: Ақыл-ой тәрбиесі, адамгершілік тәрбиесі, дене тәрбиесі, дене саламаттылығы тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбиесі, еңбек тәрбиесі, эстетикалық және өнер тәрбиесі патриоттық тәрбие, интернационалдық тәрбие т.б.

Бұлар мектептегі тұтас педагогикалық процесті жетілдіру жеке дара тұлғаны, салауатты өмір салтына бағыттайтын жастар бойына дарытатын оқу орындарындағы басқа да дидактикалық құралдармен астасып, ұштасып негізгі мақсатқа лайықты тәрбие жүйесіне үйлесері анық (1-кесте).

Қазақтың ұлттық ойындарының тұлғалық қасиеттері		
I. Моральдық қасиеттері	II. Ақыл-ой қасиеттері	III. Салауаттылық қасиеттері
1. Адамгершілік 2. Мақсатшылдық 3. Намыс 4. Сыйластық 5. Сабырлылық 6. Тарихтылық 7. Шешімділік 8. Өзін-өзі ұстай білу 9. Тапқырлық 10. Жеңіс қуанышы 11. Қызығуы 12. Жауапкершілігі 13. Ұжымшылық 14. Басқалармен санаса білу 15. Адалдық 16. Әділдік	1. Ақыл-ес 2. Абайлау 3. Ойлылық 4. Батылдық 5. Белсенділік 6. Жауапкершілік 7. Жасампаздық 8. Алға ұмтылушылық 9. Байыптылық 10. Байсалдылық 11. Ұстамдылық 12. Тапқырлық	1. Дененің саулығы 2. Адам ағзаларының жетілуі 3. Тыныс мүшелерінің жетіліп қалыптасуы 4. Салауаттылық 5. Бұлшық еттерінің жетілуі 6. Сөзім мүшелерінің жетілуі (көру, есту, сезу, дәм иіс) 7. Ерік қайраттың шыңдалуы 8. Күш-қуаттың толысуы 9. Шыдамдылық 10. Төзімділік

Сонымен бірге қазақтың ұлттық ойындары мектепте оқушыларды даралық тұлға ретінде қалыптасуына, олардың жеке басының жан-жақты өсіп-өркендеуіне де айтарлықтай әсер ететіндігін көрсетеді.

Ұлт ойындары халық педагогикасының құрамды бір бөлігі ретінде, бүгінгі оқу-тәрбиелік жұмысының белсенді, көкейкесті мәселесін құрап, өсіп келе жатқан еркін елдің жас ұрпағын бірлікте, ынтымақта, өз Отанын сүйе білетін, патриоттық, интернационалдық рухта тәрбиелеуге қызмет етеді.

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. // Қазақстан мұғалімі, 1998, 25 ақпан, – 8 б.

2. Қазақстан Республикасының Заңы. // Қазақстан мұғалімі, 1992, 21 ақпан, – 4 б.

3. Қазақстан Республикасы әлеуметтік-мәдени дамуының тұжырымдамасы. – Алматы: Қазақстан, 1993, – 32 б.

4. Адамбеков Қ.І. Педагогические основы физического воспитания учащихся. Автореферат на сочинении уч. степени ДПН. – Алматы: 1995.

5. Құралбекұлы А, Әкімбайұлы С. Оқушылар дене шынықтыруының этнопедагогикалық негіздері. Монография. ҚазСТА. – Алматы, 2000 ж. – 295 б.

К ВОПРОСУ О ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОМ РАЗВИТИИ ЛИЧНОСТИ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ

Р.Б. Абдрахманова – к.психол.н., КазНПУ им. Абая,

А.Э. Абдрахманов – к.психол.н., КазАТусО

Задача высшего образования – воспитание молодежи, преданной отечественным идеалам, убежденной в социальной значимости своей профессиональной деятельности, формирование у студентов духовно-нравственных ценностей отечественной культуры. Вместе с тем подготовка специалиста в настоящее время осуществляется по сложившимся традиционным принципам, согласно которым высшая школа выпускает квалифицированного специалиста-производственника, а развитие личностных качеств студента, приобщение его к ценностям отечественной культуры полагается сопутствующим, происходящим само по себе.

Образование объективно несет в себе потенциал активизации личностного роста обучающихся. Образовательный процесс протекает так, что в нем стихийно складываются условия для активного и направленного саморазвития включенного в него человека. Своим содержанием образование задает определенные идеалы для обучающегося, многократно, в рамках различных учебных дисциплин, обращает растущего человека к их осмыслению, оцениванию, применению их в собственной жизни. Мера интереса к идеалам, их личностное осмысление и принятие зависит у студентов от степени духовности педагога, понимания им своей ответственности за духовно-нравственное становление обучающихся.

Духовно-нравственное воспитание культурной личности становится инновацией в высшем образовании, о чем свидетельствуют государственные образовательные стандарты и практика многих учебных заведений. Поиск путей формирования в процессе обучения ценностей отечественной культуры у студентов приобретает при этом особую значимость.

Социальные преобразования общества, происходящие в настоящее время, требуют принципиально новых подходов к подготовке специалистов, умеющих понимать и осмысливать происходящие в мире инновационные процессы в развитии передовой технологии в своей области деятельности, адаптации к

конкретным условиям их применения. Происходящие в нашей стране социокультурные, экономические изменения влекут за собой смену приоритетов и ценностей, особенно в области формирования современной личности, умеющей адаптироваться в быстро меняющемся многогранном мире.

В XX веке сфера образования во всем мире занималась передачей из поколения в поколение нацеленных на быструю отдачу фрагментарных знаний, умений, навыков. Что касается формирования у студентов целостной картины окружающего их материального и духовного мира, способствующей осознанию принадлежности каждого к единому человеческому сообществу, трансляции из поколения в поколение духовных, культурных и нравственных ценностей в их национальном и общечеловеческом понимании, эти образовательно-воспитательные, гуманитарные по своей природе цели в лучшем случае лишь декларировались, а в худшем игнорировались вовсе.

Создание системы высшего образования, которая направлена на реализацию личностно-ориентированного подхода, возвышение личности требует существенного пересмотра содержания нравственности и духовности.

Психология начинает интенсивно осваивать наследие (и мировое, и отечественное) религиозной философии, духовного опыта исповедников веры, подвижников духа, расширять опыт работы с субъективным миром человека, а главное – строить новый взгляд, новое видение человеческой реальности в её субъективной проекции. Речь идёт о складывающейся антропологической парадигме.

Главный смысл данного подхода состоит в необходимости рассмотрения человека во всём многообразии форм и способов его становления: и как природного индивида, и как социокультурного субъекта, и как духовно-практического существа – одновременно. Следовательно, современная психология ориентируется на целостное изучение человека в единстве телесного, душевного и духовного.

Представители различных антропологических направлений в разные исторические времена спорили об их доминирующем значении в целостной структуре человека.

В размышлениях психологов о душе, в её характеристиках и определениях подчёркивается не столько её связь с телом, сколько с духом. В словаре Даля дано следующее определение: «Душа – это бессмертное духовное существо, одарённое разумом и волей».

В последние годы такие понятия, как дух, душа, духовность, душевность появились в психологических словарях.

Например, в словаре практического психолога даются следующие определения:

Душа – понятие, отражающее исторически изменявшиеся воззрения на психику человека и животных; в религии, идеалистической философии и психологии душа – нематериальное, независимое от тела животворящее и познающее начало.

Душевность – индивидуальная выраженность в системе мотивов личности фундаментальной социальной потребности жить и действовать «для других».

Духовность – индивидуальная выраженность в системе мотивов личности двух фундаментальных потребностей:

– идеальная потребность познания;

– социальная потребность жить и действовать «для других». С категорией духовности соотносится потребность познания мира, себя, смысла и назначения своей жизни.

Анализ психологической литературы позволил выделить несколько направлений поиска психологической природы феномена духовности. На наш взгляд, в рамках нашей работы необходимо кратко остановиться на основных положениях каждого из них.

Первое направление (Б.С. Братусь, С.Л. Франк) духовное рассматривает только как божественное откровение.

В работах С.Л. Франка развивается положение о неразрывном единстве субъективного и объективного, человека и мира. Он писал: «При анализе предметного сознания мы видели также, что субъективное единство нашей душевной жизни есть среда, в которой встречаются или соприкасаются две объективные бесконечности – бесконечность познающего разума или духа и бесконечность предметного бытия. Это даёт возможность заранее сказать, что духовная жизнь, будучи жизнью «души» в духе, укоренением субъективного единства нашего «я» в глубинах надиндивидуального света, есть вместе с тем жизнь души в предметном бытии, некоторая органичная слитность ее с миром объектов (1, с. 402).

В работах Б.С. Братуся особое внимание уделяется анализу четырёх ступеней развития личности. Он так описывает высшую, про социальную, гуманистическую ступень (2, с. 17), любая ценность,

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. «Бастауыш мектеп және дене мәдениеті» сериясы, № 3 (34), 2012 ж. прежде чем стать «общечеловеческой», возникла в определенной культуре, в нее кто-то верил, за нее кто-то страдал, свидетельствовал о ней, ее кто-то отстаивал, порой ценою жизни. В этом плане общечеловеческая ценность есть готовый, «снятый» результат живого культурного процесса.

В рамках *следующего направления* (А.Н. Леонтьев, В.Ф. Петренко) поиск корней духовности осуществляется не столько в самом человеке, особенностях его личности и склонности к рефлексии, сколько в продуктах жизнедеятельности: объективации высших проявлений человеческого духа, творчества в памятниках старины, произведениях науки и искусства.

В данном направлении как важнейший источник духовности субъекта рассматриваются этические нормы, на которые он ориентируется в повседневной жизни (в том числе, обусловленные не только его представлением о должном, нравственном отношении к другому человеку, но и практическими, утилитарными соображениями). В этических, эстетических, юридических и нравственных нормах закреплены высшие образцы человеческой культуры. И если субъекту свайвает, переживает их как внутренне обязательные образцы поведения, то он приобщается к высшим духовным ценностям бытия. Духовное богатство человека возрастает, когда закреплённые в общественных нормах духовные ценности становятся неотъемлемой частью его духовного мира, субъективной реальности.

На основании исследований данного направления можно сказать, что духовность человека, каждого члена общества порождается в процессе усвоения им значений, объективированных в общественном сознании, и выявления «скрытых» за значениями смыслов.

С психологической точки зрения духовное Я понимающего мир субъекта формируется именно в процессах смыслообразования-порождения им как смысла конкретных социальных событий и ситуаций, так и смысла жизни в целом.

Следовательно, истоки духовности человека необходимо искать не в значениях, а за ними – в глубинном смысле поступков людей, исторических событий, эпохи и т.п.

В центре внимания *третьего направления*, рассматривающего проблему духовности, находится изучение ситуативных и личностных факторов, способствующих возникновению у человека духовных состояний.

Духовное состояние – это психологический феномен, характеризующийся тем, что человек временно «не замечает» внешнего мира, не ощущает своих органических функций, своей телесности, а сосредотачивается на осмыслении и переживании духовных ценностей, т.е. познавательных, этических или эстетических аспектов человеческого бытия.

Духовные состояния противостоят материальной природе человека и мира: к вершинам духовного бытия субъект поднимается в редкие моменты интеллектуальных озарений и разрешения нравственно трудных этических конфликтов. Именно в такие моменты в его личностном знании, индивидуальном опыте саморазвития появляется нечто большее, чем «приземлённый» образ, модель внешних событий: возникает их внутренний смысл – психологическая основа формирования духовной сущности того, что стало предметом интеллектуальной и нравственной рефлексии субъекта.

Не удивительно, что в качестве одного из эмпирических методов постижения духовности предлагается диалог человека с сокровенными глубинами своей души, устремляющий его к добру, совершенствованию и способствующий тому, чтобы в земных созданиях услышать голос вечности.

В рамках *следующего направления* духовность рассматривается как принцип саморазвития и самореализации человека, обращения к высшим ценностным инстанциям конструирования личности.

В основе данного положения лежит признание многоуровневого строения психики. В работе «Психология искусства» Л.С. Выготский (3) предположил, что есть психология глубин и есть психология вершин личности. Он считал, что развитие «вершинной психологии» одно из наиболее перспективных направлений будущей психологической науки. Подлинная роль сознания обнаруживается не иначе, как при объективном анализе его развития в качестве имеющей собственную онтологию психосферы, вписанной в биосферу и социосферу в нераздельности и неслиянность всех трёх сфер.

В данном случае речь идёт о «духовной компоненте» деятельности человека, то есть опосредовании человеческого развития духовностью. Духовность определяется как атрибут психического, высшая ступень его развития. Духовность выражается в ценностях, которые трансформируются в определенные цели.

Особого внимания заслуживают работы В.И. Слободчикова (4). В своей статье «Реальность субъективного духа» он отмечает, что создать целостную систему рационального знания о духе (нечто вроде «психологии духа») к настоящему времени не получилось.

Он отмечает, что субъективный дух, духовность человека оказывались либо предметом чисто философских спекуляций, либо той живой реальностью, которая подлежала религиозному рассмотрению, либо – на крайний случай – ценностной характеристикой явлений человеческой культуры.

Познавательная деятельность, в которую личность включена постоянно, проявлением духовности может быть не всегда. Это происходит лишь тогда, когда познавательная деятельность ориентирована на самореализацию личности в соответствии с нравственными, эстетическими нормами, составляющими основу духовности.

Сфера познания пронизывает сферы нравственного, эстетического, и, благодаря процессу познания, эти нравственные, эстетические ценности присваиваются личностью.

Ведущим элементом в познавательном компоненте является знание, которое следует понимать не как непосредственную данность, а как духовный продукт, создание которого опосредовано наличными возможностями культуры. Эти возможности многообразны, предстают как динамические и развивающиеся, зависимы от условий социокультурной ситуации. Поэтому как передача, так создание и усвоение знаний тесно связаны с активной деятельностью субъекта познания, что позволяет избежать однообразия и прямолинейности в процессе познания и осуществить переход от менее полной к более полной истине.

Нравственный компонент духовности (как сфера поиска добра) определяется им как степень гармонизации в сознании и поступках личности общечеловеческих ценностей, выступающих в виде норм поведения. Они не только привносятся в среду, конкретный коллектив в готовом виде, но и формируются активно в коллективе, самой личностью. Сами нормы выступают в повседневной жизни как единство высших ценностей человеческого общежития и запретов на те или иные поступки. Первое есть неукоснительное исполнение в отношении к самому себе, к другим людям, к окружающей действительности, второе – это пределы, которые нельзя преступать во имя блага другого. Нравственные ценности, отражающие содержание морали общества, получая в личности свое индивидуальное бытие, формируют у нее позицию носителя этих ценностей, которые являются некой духовной характеристикой самосознания человека на всех этапах онтогенеза.

Следует, однако, признать, что как человек, личность формируется только через посредство своих отношений с другими людьми. Применительно к духовному становлению это означает, что сознание себя в качестве носителя нравственных ценностей невозможно вне отношения к другому человеку как такому же носителю этих ценностей. Кроме того, отношение к другому как полноправному носителю нравственных ценностей позволяет человеку глубже осознать свою позицию в качестве такого же носителя нравственной (или безнравственной) нормативности.

Исходными элементами нравственности как компонента духовности являются, во-первых, представления человека об общечеловеческих ценностях; во-вторых, процесс их интериоризации, то есть переход знаний в убеждения на основе свободного выбора и, в-третьих, реализация их в поступках, деятельности индивида.

Важным элементом также является самооценка человеком своих нравственных позиций и соотнесение себя с нравственными нормами. Нравственность в духовном аспекте – это не воспроизведение норм, правил, положений этикета, а это стремление постоянно проверять духовные ценности на собственном опыте, сопоставляя личные и общественные идеалы и создавая тем самым собственные духовные нравственные ценности.

Сказанное еще раз подтверждает, что духовность есть процесс творческого поведения, направленный на создание духовных ценностей и раскрытие своих ценностей в окружающей действительности.

1. Братусь Б.С. *Психологические аспекты нравственного развития личности*. – М.: Знание, 1977. – 64 с.

2. Франк С.Л. *Духовные основы общества*. – М.: Республика, 1992. – 511 с.

3. Выготский Л.С. *Собр. соч.: В 6-ти томах*. – М.: Педагогика, 1984. Т.6. – 400 с.

4. Слободчиков В.И. *Антропологический принцип в психологии развития // Вопросы психологии*. – 1998. – №6. – С. 3-18.

Түйін

Автор бұл мақалада студент жастардың рухани-адамгершілік даму проблемаларын көрсетеді.

Summary

Author discusses some problems of student-youth's spiritual and moral development.

ҚАЗІРГІ МЕКТЕПТЕРДЕГІ ПСИХОЛОГ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

З.Қ. Орманова – психол.ғ.к., доцент,

Д.С. Жакай – Психология мамандығының 3 курс студенті

Қазіргі мектептердегі психологиялық қызметті атқару білім беру жүйесінде өзекті мәселелердің бірі. Психологтардың ұсынатын қызметінің сапасын сыналұшылардың саны анықтайды және мектептерде психологиялық қызмет атқару түрліше ұйымдастырылуда. Оның негізгі міндеті – мектеп персоналына оқыту мен тәрбиелеу мәселелеріне қатысты жайыттарды диагностикалау, ескерту, кеңес және реттеу қызметтерін орындау, яғни оқушылармен сынақ өткізіп, балалармен немесе олардың ата-аналарымен қатынастағы түрлі әлеуметтік-психологиялық сұрақтарға байланысты жұмыс атқару.

«Мектепте психологиялық қызметті қамтамасыз ететін мектеп психологтарының Ұлттық ассоциациясының нұсқауында» мектептегі психологиялық қызметтің негізгі мақсаты – балалар мен жасөспірімдердің психикалық саулығын және білім алуға қызығушылықтарына байланысты қызмет атқару делінген. Бұл нұсқада:

1) балалар мен жасөспірімдердің «мектептік міндеттерін» психологиялық және психологиялық-педагогикалық өлшеу жіне бағалау;

2) мектептің толық когнитивтік, аффективтік және әлеуметтік дамуларын қамтамасыз ету бағытына психологтың белсенді араласуы қажет;

3) педагогикалық қызметкерлер мен ата-аналарға, олардың балаларға қамқорлық жасауына арнайы бағдарламалармен оқыту, кеңестер және т.б. көмек беру;

4) балалардың мектептегі іс-әрекеттеріндегі жіне мектеп персоналының кәсіби мәселелеріне байланысты педагогтармен мектеп қызметкерлерімен және ата-аналарымен біріккен жұмыстар жайлы кеңестер ұйымдастыру.

Түрлі профильді аудандық, қалалық, аймақтық психологиялық қызмет атқару орталықтарына білім беру мекемелерінде психологтың қызметін түпкілікті психологиялық білімі бар болып, балалар психологиясы аумағында арнайы факультеттерде, курстарда қайта дайындықтан өткен мамандар жұмыс атқаруда. Білім беру жүйесіндегі психологтар екі бағытқа бағынышты: әкімшілік және кәсіби.

Әкімшілік басқаруды республикалық, регионалдық, қалалық және аудандық білім департаменті, білім беру мекемелерінің басшылары атқарады.

Кәсіби басшылықты түрлі деңгейдегі психологиялық зерттеулермен айналысатындар немесе орталықтар атқарады.

Психологтың жұмыс уақыты түрлі жастағы балалар мен түрлі категориядағы ересектер мен психологиялық жұмыстың тәртібін ескере бекітіледі.

Психологтың жұмысына білім беру мекемесінде арнайы бөлме диагностикалық, консультациялық, дамытушы және түзетуші, ескертуші жұмыстарына қажет жабдықтарымен қамтамасыздандырылып бөлінуі тиіс. Аудандық, облыстық, қалалық, аймақтық орталықтар психологтар және басқа мамандардың функционалды міндеттеріне сәйкес жұмыс орындарын жабдықтауы қажет. Сонымен шетел және отандас психологиясының тәжірибесінің көрсетулер бойынша білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет қоғамның сұранысына, міндетіне байланысты мектеп психологтарының шешетін жұмыстары жоғары ұйымдастырылуы мүмкін.

Әкімшілікке бағынуына байланысты психологиялық қызмет құрылымының ұйымдастырылуы түрлі статуста болады:

- Психолог немесе психологтар тобы бала-бақшада, балалар үйінде, интернатта, мектепте, лицейде, гимназияда, колледжде, техникумда сол оқу мекемесінің басшыларымен бірлесіп қызмет атқарады.

- Психолог немесе психологтар тобы, қалалық немесе аудандық білім департаментінің басқаруымен бірнеше қызмет көрсетуіне болады.

- Кеңестік психологиялық орталық қалалық, аудандық немесе облыстық білім департаментінің әкімшілік басқарумен өз бетінше бөлімше немесе мектептен тыс мекемелер құрамында медициналық-психологиялық-педагогикалық комиссия, отбасымен және балаларға әлеуметтік, педагогикалық, медициналық және психологиялық көмек көрсету орталығы.

- Психолог және психологтар тобы ғылыми-әдістемелік орталық немесе кабинет ретінде қалалық, аудандық, облыстық немесе мемлекеттік білім департаментінің басқару құрамында және солардың әкімшіліктерінің басқарумен ұйымдастырылады.

XX ғасырдың басынан педагог-психологтардың кең өрісті таралған міндеттерінің бірі – балалар

ақыл-ойының дамуын, олардың сапасын және қабілеттерін анықтау. Мұнда сынақ қолданылады. Мектеп психологы дәстүрлі түрде өзінің мүмкіндіктерін психикалық функцияларды өлшейтін стандарттандырылған тесттерді пайдаланып, арнайы бағдарламамен оқытуға, балаларды даярлау немесе дифференциялау қызметін атқарады. Психологтар арасында әйгілі бала ақыл-ойының дарындылығы коэффициентін анықтайтын тест әдісі де қолданылады.

Балалың даму деңгейіне сәйкес психолог: мектепке дайындықты алты жасқа дейін дайындаған дұрыс па, бірінші сыныпқа өз мерзімінде беру керек пе, баланың мектепке баруын тағы бір жылға кешеуілдету қажетпе, арнайы мектепке жіберген дұрыс болады ма? деген сұрақтарға жауап ретінде нұсқаулар береді. Мектепке оқытуға дайындығы жеткіліксіз балалардың ата-аналарына және балабақша тәрбиешілеріне, оларды дамыту туралы нұсқаулар береді. Бір жылдан соң мектепке барар алдында, ол балалар тағыда зерттеуден өтеді. Мектепке оқытуға баланың психологиялық дайындығын өз уақытысында бағалау – оқытудағы қиындықтарды ескертуге арналған іс-әрекеттің негізгі түрі болып есептеледі.

Психологиялық кеңестер мен орталықтар мектептегі оқытуға байланысты түрлі қиындықтарды анықтайды. Оқытуда қиындықтары бар балаларда ақыл-ой дамуының тежелуінің жеңіл түрлерінің алғашқы ауытқулары кездеседі. Мұндай балалардың тиімді дамуы психологиялық зерттеулерді дұрыс жүргізу нәтижесінде, жағдайына және тәрбиелеу мен оқыту әдістеріне сәйкес нұсқау бергеннен туындайды. Жекелік сипатты мәселелері, қылықтары мен тәрбиесінде қиындықтары бар оқушылармен де айналысады. Педагогикалық тұрғыдан тәрбиеленбегендердің себептерін анықтау және олармен жұмыс туралы белгілі нұсқауларды жоспарлау психологиялық зерттеуді, мамандық шеберлікпен жүргізгенде мүмкін болады. Психологиялық кеңестер және орталықтар негізінен ата-аналар мен мұғалімдердің сұраныстарына қарай нақты мәселелерді шешумен айналысады. Мұндай психологиялық орталықтарда баланың қылығында көрініс беретін шектен тыс сезімталдылығымен, ұяңдықпен, тұйықтықпен де жұмыс атқарады. Ол мектепте, сабақта жауап беруде қорқатындардың себептерін де зерттейді. Оның міндетіне балаларда жүйелі түрде көрініс беретін қылықтарындағы ауытқулармен, үнемі ұрлық жасайтын үйде немесе үйден тыс өтірік айтатын, үйден немесе мектептен қашатындармен, эмоционалдық күйлерінің күрт өзгергіштігімен қызмет атқаруда кіреді.

Қазір мектептегі психологиялық қызметке қойылатын талаптардың жоғарылауы байқалады. Сондықтан бүгінде психологтар жұмыстарында көп күш жұмсауға тура келеді. Сонымен қатар, кәсіби іс-әрекеттегі рөлдік анық емес жайлары да бар. Кейбір педагог-психологтарды мазалайтын мәселе, басқалардың жұмыстарымен қиылысатын жағдайларда олардың түсінбеушілігі. Жоғары әдептілік (этикалық) стандарттарды сақтауға кепілдік алу мүмкіндіктерінің әсіресе түрлі топтардағы сыналушыларды сыйлау конфиденциалдық мәліметтерді реттеуге байланысты.

Жалпы пікір бойынша, педагог-психолог балалармен және жастармен білім жүйесінде қызмет атқаратын кәсіби маман ретінде қабылданады. Жұмысының негізгі салмағы мектепке, балабақшаға, емханаларға және балалар үйіне түседі.

Сонымен бірге, балалардың отбасымен, мұғалімдермен, басқа кәсіби мамандармен де жұмыс істеуге тиісті. Педагог-психологтар мектептермен және басқа ұйымдармен, олардағы ұйымдастырушылық шараларды бағалауға және мәселелі балаларға көмектің стратегиясын құрастыруға көмектесе алады.

Психологтың мектептегі жұмысына байланысты атқаратын міндеттер:

1. мектептегі оқытуға байланысты балалармен психологиялық дайындықтарын анықтау, мұғаліммен біріге отырып оларды мектепке бейімдеу бағдарламасын жоспарлау.

2. балалардың даралық ерекшеліктерін – қызығушылықтарын, қабілеттерін, сезімдерін, өмірдегі мақсаттарын т.с.с. әр жас кезеңіндегі даму міндеттерін ескере мұғалімдермен және ата-аналармен біріге дамытатын бағдарламалар құрастырып іске асыру.

3. балалар өміріндегі әр өтпелі, ауыспалы жайттарды ерекше бақылауға алу.

4. үлгерімі, тәртібі төмен балаларды анықтап түзету жұмыстарын ұйымдастыру.

5. оқушылардың оқыту және тәрбиелеу үрдісінде қиындықтар тудыратын интеллектуалдық, эмоционалдық, еріктік және тұлғалық ерекшеліктерін анықтап оларды түзетуге көмек беру.

6. қолайлы психологиялық ахуал жасауды қолдау, оқушылардың мұғалімдермен, құрбы-құрдастарымен, сыныптастарымен, ата-аналарымен және басқа адамдармен ара қатынасындағы бұзылу себептерін анықтап, оларды жоюға әрекет жасау.

7. мектеп әкімшілігіне, мұғалімдерге, ата-аналарға балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі психологиялық мәселелерге, зейінді, есті, ойлауды, мінездерінің қабілеттерін дамытуға кеңестер беру.

8. оқушылардың сұрақтарына оқу іс-әрекетіне, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін анықтауға, ересектермен және құрбы-құрдастарымен қатынастарындағы мәселелерге жеке және топтық кеңестерді өткізу.

9. кәсіпке бағдарлау жұмыстарына белсенді қатысу.

Психологиялық қызметті ұйымдастыру тобы өз іс-шараларын бірнеше бағытта ұйымдастырады және өзінің алдына келесі міндеттерді қойып отыр:

- балаларға мектепке дейінгі өмірден оқушы міндетін атқаруға көшуіне көмек көрсету;
- Мектепте оқу паралельдерін анықтап алуға ықпал жасау ;
- Жоғарғы сынып оқушыларына мамандық алуға жәрдем беру;
- Оқушыларды болашақ отбасы өміріне даярлау.

Психологиялық қызметте қалыптасқан ұйымдастыру түрлерін және бұл жұмыстың мазмұнын зерттеу негізінде көптеген елдер өз мектептерінде психологиялық қызметті ұйымдастыру мақсаты мен міндеттерін алып отыр.

Психологиялық қызметтің мақсаты – бала дамуындағы әр кезеңдегі жан дүниенің ерекшеліктерін анықтап алып, олардың өз-өзіне, қоршаған ортаға деген көзқарасының, қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуына жетекшілік жасау. Бұл мақсат келесі міндеттер арқылы нақтыланады.

• Психологиялық және әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қиындық көріп жүрген балалардың проблемаларын анықтап, оларға дер кезінде көмек көрсету;

• Оқушылар мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап оны бітіргенше жетелеп, сүйеніш болып жүру;

• Проблемасы бар балаларды жан-жақты зерттеп, оны туғызған себебін анықтау және түзету-дамыту – жұмыстарын жүргізу;

• Дамуында ауытқуы бар балалардың психологиялық қасиеттерін өңдеу үшін психологиялық тренингтер ұйымдастыру;

• Оқу-тәрбие жұмысына ғылыми жетекшілік жасап оқушының, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімін жетілдіру және біліктілігін арттыру жұмысын ұйымдастыру;

• Білім беру саласындағы Республика заңдарын орындау;

• Шешім қабылдап, проблемаларды қарастыруда кәсіби шеңберден шықпау;

• Өзінің кәсіби білімін үнемі арттырып отыру;

• Нақты кәсіптік білімі жоқ адамдардың диагностикалық, коррекциялық зерттеулер жүргізуіне тыйым салу;

• Барлық мәселелерді шешуде балалардың психологиялық дамуын ескеру;

• Атқарылатын жұмыстардың міндеттері мен әдістері туралы нұсқауларды кәсіптік жағынан басқаратын адамдар бергенде оларды нақты орындау;

• Баланың психологиялық дамуын шешу мәселесінде мектеп ұжымына қажетті көмектерді көрсету;

• Кәсіптік құпияны жарияламау;

• Барлық психологиялық зерттеу нәтижелерін жазып, арнайы құжаттарға тіркеп отыру;

• Психологиялық көмекті қажет ететіндерге дер кезінде қажетті іс-шараларда ұйымдастыру;

Қорыта келе айтарымыз, қазіргі кезде көптеген елдер психологиялық қызметті мектеп қабырғасында және әлеуметтік ортада ұйымдастырып, психологиялық қызмет көрсету дәстүрлі қалыптасып келеді және психологиялық қызмет ерте құрылған мемлекеттер тәжірибесін жан-жақты зерттеудің мән мағынасы өте терең болып отыр.

1. Кала У.В., Раудик В.В. *Психологическая служба в школе.* – М.: Знание, 1986.

2. Блонский П.П. *Психология младшего школьника.* – М., 1997.

3. Дубровина И.В. *Школьная психологическая служба: Вопросы теории и практика.* – М.: Педагогика, 1991.

4. Выгодский Л.С. *Педагогическая психология* – М., 1991.

5. Абрамова Г.С. *«Возрастная психология»* – М., 2002.

Резюме

В данной статье определены профессиональные особенности и психологической службе педагога-психолога современной школы.

Summary

The features school psychologist professional services. In this article is said about the differences of psuchlogical work.

Е.Е. Оспанкулов – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің оқытушысы*

Бізді жақсы баға түріндегі биік нәтижелер ғана емес, оқыту процесіндегі биік мақсаттарға жету жолында алынған білім мен дағдылар қобалжыту керек.

Білім беру мен тәрбиелеу процесі биік дәрежеге көтеру жолында жүргізілетін ізденіс-зерттеу жұмыстары аяқтамағандықтан әлі нүкте қоюға болмайды.

Соңғы жылдары бүкіл елімізде «Бастауыш әскери дайындық» пәнін оқытуда патриоттық тәрбие беру мәселелерін шешу мақсатында оқушылардың болашақ әскери қызметке психологиялық даярлығы кең өріс ала бастады.

Мектептерде бастауыш әскери-патриоттық тәрбие беруге аса көңіл бөлініп, түрлі іс-шаралар жүргізілуде. Оқушыларды әскери-патриоттық тәрбиелерге баулудың психологиялық-педагогикалық жолдарының бірі ол – дене тәрбиесі сабағы мен бастауыш әскери дайындық сабақтары екені белгілі. Осы екі аралық байланыс мектеп қабырғасында жоғары сатыда өту керек деп білеміз. Осы мәселенің сұрақтарына енді жауап тауып көрейік.

Біріншіден, мектеп оқушылары дене тәрбиесі сабақтарында алғашқы рет дене жаттығуларымен, спорт түрлерімен, ұлттық ойындарымен танысады.

Алғашқы дене тәрбиесі сабағында бала дәріс алу кезінде дене шынықтырумен шұғылданған адам күшті, жігерлі, жылдам, шыдамды және т.б. қасиеттерді меңгеруі керектігін түсінеді.

Осы атап айтқан қасиеттерді дамыту жолдары мен дамыту әдістері дене тәрбиесі сабағында жүзеге асырылады. Ал ер балалар 10 сыныптан бастап бастауыш әскери дайындық пәнін оқу кезінде болашақ азаматтық борышын Отан алдында өтеуі жөнінде мағлұмат алады.

Сол бастауыш әскери дайындық пәнінен берілетін дәрістерден оқушылардың тұрғыда патриоттық сезімдерін ояндыру және әскери қызметке психологиялық даярлау міндеттері мен мақсаттары жүзеге асырылатыны айқын. Ә.Айтықов «Оқушыларды патриотизмге тәрбиелеу» деген еңбегінде «Сабақ процесінде оқушылардың психологиясына, сана сезіміне әсер етудің педагогикалық және психологиялық принциптері басшылыққа алынуы тиіс» – деп көрсетеді.

Сондықтан да дене тәрбиесінің жүйесінің белгілі негізгі бағыттарына сүйенсек олар жалпы дене тәрбиесі; кәсіптік бағыттағы дене тәрбиесі, осылардың ішінде екінші бағытқа бет бұрсақ кәсіби бағыты бар дене тәрбиесі оқушының таңдап алған спорт түрін табысты меңгеруге және сол салада жоғары шеңберлікке жетсе, сонымен бірге әскер қатарында қызмет етуге дайындық сабағында қабылдаған дәрістер іс жүзіндегі тапсырмалар мен жүктемелерді, әскери қызмет кезінде болатын түрлі қиыншылықтар мен ауырлықтарды жеңіл меңгереді.

Дене тәрбиесі жоғарғы сынып оқушылары ер балаларының дене қасиеттерін дамыту процесінде бірыңғай заңдылықтар негізінде жүзеге асырылады: жаттығулар мен жүктемелерге саналы көзқарас, жаттығуларды орындауға белсенді қатысу, ұжымшылдық, ақыл-ой қабілеттілігі, тәрбиелік, дене мүмкіншіліктерін дамыту және т.б. қағидалар мен қасиеттер.

Ер балалар мектеп қабырғасында сапалы және болашақ өмірде керек қимыл-қозғалысты жақсы және дұрыс меңгерген жағдайда ғана Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің қандай да түрлерінде болмасын денсаулығы жақсы, дене қасиеттері мен қабілеттері жоғары жауынгерді көруге болады. Қазіргі кезде әскер қатарына шақырылатын көптеген жасөспірімдер алғашқы дәрігерлік анықтау комиссиясынан денсаулықтары нашар болуымен қатар түрлі ауруға шалдыққан күйде кездеседі. Осы жағдайларды алдын алу шаралары мен шешу жолдары мектеп қабырғасында дене тәрбиесі мен бастауыш әскери дайындық сабақтарын байланыстыра оқыту қолға алынғанда дұрыс болады деп ойлаймыз. Дене тәрбиесі сабақтары алғашқы сыныптардан бастап төмендегідей талаптарға сүйену керек:

- оқушыларды дене жаттығуларымен белсенді айналасуға қызықтыру;
- дене тәрбиесі сабағын ғылыми негізде өткізу және т.б.

Әскерге шақырылуға дейінгі психологиялық даярлық проблемалары барлық педагогикалық ұжымның соғыс ардагерлерінің, әскери бөлімшелердің, ағарту саласында жұмыс істейтіндердің және оқу-тәрбие жұмысына өзге де белсене қатысушылардың көп күш жұмсағанында ғана шешілуі мүмкін. Дене қабілеттерін жетілдірудің типтік құралдарына шапшаңдыққа жугіру, дала жарысы, шаңғымен жүру, снарядтардағы және денеге көп күш түсіретін жаттығулар жатады. Кедергілер алабына орындалатын жаттығулар ерекше маңызға ие.

Бастауыш әдістемелік дайындық сабағында «кедергілер алабынан» өту үшін оқушының дене қасиеттері жан-жақты даму керек, **мысалы:** жылдамдық, икемділік, күш ептілік т.б. қасиеттері. Дене тәрбиесі мен Бастауыш әскери дайындық сабақтарындағы пән аралық қатынас пен байланыс өте тығыз болған жағдайда, осы жоғарыда аталған қасиеттерді дамыту жүзеге асырылып отырады.

Осы екі пән аралық қатынас пен байланыс өте тығыз болған жағдайда болашақ әскер қатарындағы қызмет ететін азамат пен жұмысшыны, қоғамның салауатты мүшесін, өкілін тәрбиелеуде алғашқы қадамынан бастап керек деп есептейміз. Бұл міндеттер жастарды тәрбиелеудегі ең басты мақсат.

Сабақ тиімділігі – мұғалімнен.

Әрине, оқытудың ең негізгі формасы сабақ болып есептеледі. Сабаққа оқушы кейінгі практикалық жұмысқа қолданар теориялық білім алады, қажетті білікпен іскерлік дағдылары қалыптасады. Сондықтан әр бір әскери жетекші сабақты ұйымдастырудың қазіргі талап деңгейіндегі теориясын терең білуі, сабақтың әр минутын тиімді пайдаланып, оның нәтижелі өткізе білуі тиіс /38/. Сабақтың тиімділігін арттырудың ұтымды әдістерінің бірі сабақ үстінде оқушылардың белсенділігін арттыру. Бұл міндетті шешудегі басты нәрсе оқушылардың жаңа тақырыпқа, пәнге қызығушылығын ояту, олардың әскери іске қатысты білім мен дағдыларын ұдайы жетілдіріп отыру болып табылады. Оқушылардың жаңа пәнге қызығушылығын арттыруды мұғалім осы пәннен алғаш танысқанда бастайды. **Мысалы:** 10 сыныптағы «Жастарды әскер қатарына дайындау, жалпы мемлекеттік пән. Оның маңызы, міндеті және мақсаты» тақырыбын өткен кезде әскери теориялық көзқарастың және Отанды қорғау ілімінің дамуы туралы нақты фактілерге сүйене әңгімелейді. Ал жаңа мазмұнды түсіндіргенде оқушыларға қысқаша 30-40 жылдардағы азаматтары туралы, олардың әскери істі жоғары сезіммен оқығанын, Отан алдындағы абыройлы бұрашан орындауға кейде олардың мектеп партасынан ұрысқа аттанып кеткендерін жергілікті село тарихынан мысалдар келтіру арқылы түсіндіріледі. Сабақтың тиімділігін арттыруды тәрбиеші ретінде аса маңызды рөл атқаратын әскери жетекшінің өзі. Күнделікті сабаққа тыңғылықты дайындалу, көрнекі құралдарды пайдалану, жаңа материалдарды түсіндіргенде оқушылардан өзіне көмекші тағайындап алу оның тәжірибесіне берік енеді. Сабақта көрнекі құралдарды пайдалану оқушылардың сабаққа, пәнге қызығушылығын, белсенділігін арттырудың басты тәсілі деп есептейміз. Сондықтан қажетті көрнекі құралдар өзінде жоқ болса, іздеп табуға тырысу керек.

Жасыратыны жоқ, әскери жетекшілердің көбі сабақты жаттанды схема бойынша, үй тапсырмасын сұрау, жаңа материалды бекіту және үйге тапсырма беру арқылы өткізеді. Мұның өзі әдістеме бойынша онша күмән тұғызбағанмен, оқушылар белсенділігін көтеруге белгілі бір дәрежеде кері әсер ететіні анық. Осыны ескере отырып, сабақта түрлі әдістерді ауыстырып қолдануға болады. Мысалы: «барлау» тақырыбын өткен кезде соғыс тақырыбына жазылған әдеби барлаушылар әрекеттерінен үзінділер оқылып, бұдан кейін оқушыларға: «Осы эпизодтарда қандай белгілерді пайдаланған, ал енді сіздер барлауға шықсаңыздар, қандай белгілерді пайдаланар едіңіздер?» деген сұрақ қойылады. Осы арқылы оқушылардың ойлау жүйесінің дамуына, әрі олардың өздігінен шешім қабылдауларына жол ашылады. Келесі бір тактикалық дайындық сабағында оқушылардың өз еркімен атуға қолайлы орын дайындап алуларына тапсырма беріледі және осы орынды не себепті таңдап алғандары сұралады. Осыдан кейін жауаптардың ішінен ең тәуір, талап деңгейіне жақын дегендердің іріктеп алып, кемшіліктерін көрсетіп, теория бойынша жауынгерге атыс орнын таңдауда қандай тәртіпті басшылыққа алу керектігіне тоқталып, қорытындысына «Шабуыл мен қорғаныс кезіндегі жауынгер әрекеті» дифильмнен үзінділер көрсетуге болады. Атыс құралдарымен танысу бөліміндегі «Калашников автоматының құрылысы, сипаттамасы және қызметі» тақырыбын өткенде әскери оқулықты ашып, бірнеше минут бойы автоматтың құрылысы мен сипаттамасын оқып танысуды, ондағы таныс емес сөздерді, терминдерде жазып алуға тапсырма беруге болады. Содан кейін терминдерді оқушылардың қалай түсінгенін айтқызып, кеміс жерлерін толықтырылады. Кейде жаңа материалды түсіндіру барысында сәл үзіліс жасап, сыныпқа тапсырма беруге болады, яғни оқулықты пайдалана отырып, оқушылар өз беттерімен таблица, схема толтырады. Сабақ үстінде мұндай тірек схемаларын қолдану шығармашылық атмосфера туғызып, оқушыларды өз беттерімен ойлануға, әр жұмыс істеуге үйретіп, олардың белсенділігін арттырады.

Бастауыш әскери дайындық пәнінің бағдарламасы екі жылға есептеле тұрғанымен, тақырыптар мен бөлімдердің арасында біршама үзілістер бар, ал кейбір сұрақтар алғашқы айдың ішінде өтіледі. Сондықтан өтілген материалдарды ұдайы қайталап, бекітіп отырмаса, оқушылар бұрын алған білімі мен іскерлік дағдыларын ұмытып не нормативті орындай алмауы мүмкін. Осыған орай нормативтерді

орындап отыратын арнайы график-жоспар жасауға болады. Бұл график-жоспармен оқушылар алдын ала танысып, қай мерзімді нені орындайтынын біледі. Ал нормативке тапсыратын күні оқушылар түрлі техникалық құралдарды бөлшектеп, жинап, компас, белгі беру жолаушыларын және тағы басқаларды орындайды. Осылайша бір мезгілде олар өтілген материалдарды еске түсіреді, жаттығады және дағды мен білімін бекітеді.

Әр бір сабақ өзінің терең мазмұнымен, әдістемелік құрылымымен және оқытудың әскери патриоттық тәрбие міндеттерімен тығыз байланысты болуымен ерекшеленуі шарт екені баршамызға белгілі. Сабақта реттіліктің сақталуы және оқушыларға жұмысқа түгел белсенді қатысуы пән мұғалімнің ұдайы ізденіп отыруына байланысты. Мұның өзі мұғалімнен жеке білім көтеру жоспарын жете ойластыруды және осы жоспар бойынша тұрақты жұмыс істеуді талап етеді. Осы талапты өз жұмысының басты бағыты ретінде ұстаған өз басым психологиялық-педагогикалық білімін саяси әскери және психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді, басылымдарды тұрақты оқу арқылы іске асырылады.

Ұдайы тәжірибелі психолог-педагогтары сабақтарына қатынасып, елімізде және шет елдерде болып жатқан жаңалықтармен танысып отыру керек. Әскери іске үйрететін болғандықтан оқушылардың өз ойын қысқаша, тұжырымды баяндауын, жинақы болуын, қандай қиын кезеңде де өзін ұстай білуін талап етуге болады және әскери жетекшінің өзі осы қасиеттерді үйретуде оқушыларға үлгі бола білуі қажет екенін еш уақытта есімізден шығармамыз керек.

Бастауыш әскери дайындық пәнінің бағдарламасында оқушыларды спорттық бағытта, дене бітімі жағынан, шыңдалу дағдыларының қалыптасуы көбірек көзделген. Осыған орай, мектептегі дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдерімен бірлесе отырып, оқушылардың ұлттық және Президенттік сынақтар тапсыруына, спорт кештері мен жарыстарының жиі ұйымдастырылып, өткізуіне ат салысу керек. Әскери дайындықты ұйымдастырушы ретінде «Өжет» және «Батылдар» ойының ұйымдастырып, өткізуге мұғалім көмек бере алады. Өйткені уақытылы өтіп отыратын осындай тәрбиелік шаралар оқушылардың осы пәнге ынтасын арттырып, белсенділігін көтереді.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тарихында тұңғыш рет Бүкілармиялық Жастар бастамалары орталықтары белсенділерінің І-ші кеңесі болып өтті, онда өмірдің және армия жастарының өзекті мәселелері қарастырылды.

Кеңес – Отан қорғаушылардың жас буынына шығармашылық талпыныстарын одан әрі дамытуға үлкен серпіліс берді, оларды еліміздің Президенті – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Армияның алдына қойған үлкен мақсаттарды шешуге құлшына қатысуға жұмылдырды.

Өткен жылы жастар бастамалары орталықтары – жауынгерлік дайындықты жоғарылату, әскери тәртіп пен құқық тәртіптерін нығайту және Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған салтанатты жиналыста ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ғылымды меңгеру жөніндегі айтқан тілегін жүзеге асыруда үлкен нәтижелерге жетті.

Белсенділер стратегиялық қайта құрулар, «Қазақстан-2030» бағдарламасын жүзеге асыру, біздің Отанымыздың тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын етуде өздерінің азаматтық және әскери парыздарын мүлтіксіз орындауға ат салысты. Бірақ бұрынғы жетістіктер – жастар белсенділері қызметінің жеткен шегі емес.

Қызметтегі жақсы нәтижелерді нығайтуға және оны жетілдіруге, бұдан да биік дәрежеге жетуге ұмтылу керек – деп А.Б. Тасполатов өз баяндамасында мәлімдеді.

Бұны қазіргі әлемдегі және аймақтағы қалыптасып отырған сыртқы саяси жағдайлар талап етеді.

Бұдан басқа әскери бөлімдерге жаңа әскери техника әкеленуде, оны үздік меңгеру керек. Ал оны жүзеге асыру үшін жаңа мықты білім, іскерлік және дағды керек. Сондықтан, бұл істе жалпы білім беретін мектеп әкімшілігі мен «Бастауыш әскери дайындық» пән мұғалімдері жастар белсенділерін шешу ролін атқаруға міндеттемелулері қазіргі талапқа қажет етеді.

Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев Астанада өткен ІІ-ші Қазақстан жастары Конгресіндегі сөйлеген сөзінде: «Көп ұлтты Қазақстанның болашағы – оның жастары, оларға басталған құрылыс пен еліміздің қауіпсіздік істерін одан әрі дамыту мақсаттарын жүзеге асыру керек» деп атап өтті. Егеменді Қазақстан – жас мемлекет. Ол демографиялық құрамы жағынан да жас. 5 миллионнан астам – республика халқы санының 35% (пайызы) – бұл жасы отыздан аспаған жастар.

Біздің армиямыз – еліміздің бір бөлшегін құрайды және мұнда өз әскери парызын өтеп жүргендердің көбі жастар. Сондықтан Қазақстанның басқа мемлекеттермен шектесетін шекарасында, әсіресе

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. «Бастауыш мектеп және дене мәдениеті» сериясы, № 3 (34), 2012 ж. Оңтүстікте тұрақты жағдайды кепілдендіретін басты факторлардың бірі – армия жастарының іс-әрекеттері, олардың бесленділерінің қазіргі заман талабына сай әскери техника мен қару-жарақты үздік меңгеру, оқып-үйрену жүйесін жетілдіру, биік моральдік рухты нығайту, психологиялық-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік бағытта «Бастауыш әскери дайындық» пәнін оқытуда болашақ әскери қызметке психологиялық даярлығын жетілдіру екені Президентке және Отанға адал қызмет етуі болып табылады.

Зерттеу жұмысы бастауыш әскери қызметке психологиялық даярлау мақсатында педагогикалық тәрбиенің күрделі де көпсалалы проблемасын жан-жақты ашып көрсетуді көздейді. Алдағы уақытта жоғары сынып оқушыларының Отансүйгіш санасын қалыптастыруда пайдалану; қазақтардың жауынгерлік дәстүрлерін қазақ батырларының ерлік істері арқылы оқушылардың гумандық көзқарасын қалыптастыру және т.б. мәселелер зерттеу жұмыстарына арқау болып, түбегейлі қарастырылады деп ойлаймыз. Сондықтан бастауыш әскери қызметке психологиялық даярлау мақсатында оқушылардың педагогикалық тәрбиесін жүзеге асыруда педагог кадрлардың біліктілігін арттыруға септігін тигізетініне көзіміз жетеді.

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегия. // Егемен Қазақстан. – Астана, 2007.

2. Қасымов Ә.Х., Тасболатов А.Б. *Бастауыш әскери дайындық. Орта оқу орындарына арналған оқулық. 10-11 сынып.* – Алматы, 2000.

3. Мемлекеттік органдардың азаматтарды әскери қызметке даярлауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету ережесін бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 24 мамырдағы №449 Қаулысы. // Егемен Қазақстан. 2006. 3 маусым №123-126.

4. Исабаева Н.Е., Жолдасбекова С.А. «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан» Президенттің Қазақстан халқына Жолдауына арналған 10-ғылыми конференциясының еңбектері. 2 Т. - Шымкент. 2007. – 93-96 б.

5. Рыспаев А. Ұлттық әскери білім жүйесі қазіргі заманғы талапқа сай дамып келеді. // Әдістемелік журнал: Алғашқы әскери дайындық. №3. 2005. – б. 3-5.

6. Аманжолов К., Тасболатов А. *Қазақстан әскери тарихы.* – Алматы: Білім, 1999. – б. 291-311.

7. Аманжолов К., Тасболатова А. *Қазақстан аумағында орналасқан әскери оқу орындары.* – Алматы білім 1999.

8. *Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы N29 Заңы Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., N1-2, 1-құжат; "Егемен Қазақстан" 2005 жылғы 12 қаңтар N6.*

Резюме

Инновационные обучения и традиционные системы.

Summary

In this article is considers innovacionnye education and traditional systems.

ЖҮРІС – САПТЫҚ ДАЙЫНДЫҚТЫҢ НЕГІЗІ

Е.Ерланұлы – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «БӘД» мамандығының 4-курс студенті,

К.А. Кулатаев – подполковник, «БӘД Т мен Ә» кафедраның оқытушысы,

С.К. Юмашева – б.ғ.к., профессор, «БӘД Т мен Ә» кафедраның оқытушысы

Жауынгердің далалық ұрыс қимылдарында жақсы көрсеткішке жетуінің негізі – саптық дайындықты оқып, үйренуімен тығыз байланысты. Сондықтан, жауынгерлермен үздіксіз саптық дайындықты жетілдіру командирлердің бірден бір басты міндеті. Саптық дайындық көптеген пәндермен тығыз байланыста, атап айтқанда жауынгерлерге бірігіп қимылдауға, тиянақтылық, жинақылық, дер кезінде бұйрықты орындау және тәртіптілікке. Осы талаптарды жетілдіре беру тек қана сабақта ғана емес, күнделікті тіршілікте де жалғасын табу керек [1].

Жүріс биомеханикасы – жүріс қозғалысының ең көне әдістеріне жатады. Локомоторлық қозғалыстардың басқа да түрлері сияқты жаяу жүру де дененің бүкіл қозғалыс аппараттарының қатысуымен жүзеге асырылады. Бұлшық еттердің жиырылуы арқасында дене (адам деп ұғыңыз) жоғары және алға қарай (серпіліп) күш алып қозғалады. Бұл серпулер (отгалкивание) дене инерциясының қимыл әрекеті арқылы жұмсарады, сөйтіп қозғалыс қатты, екіпінді емес, жатық бір қалыпты байсалды сипат алады. Тірелу беті жетілікті түрде қарсылық көрсетпесе жүру мүмкін емес [2].

Жаяу жүруді сипаттайтын қозғалыстың толық циклі қос адым деп аталады. Қос адым кезінде, адам әр аяғымен бір-бірден екі адым жасайды. Оң аяқпен және сол аяқтың жасалатын әр қадамның өзі екі жай қадамнан – артқы және алдыңғы қадамдардан тұрады. Егер біз көз алдымызға тұлға арқылы фронталь (мандай алдындық) жазықтық өтетінін елестетсең, онда әр аяқтың осы жазықтықтың арт жағындағы қозғалысы «артқы адым» деген жалпы атауларға ие болады. Бүкіл дененің мандай алды жазықтығының арт жағында немесе алдыңғы жағында тұрған аяқ, шартты түрде аяқ, болмаса, алдыңғы аяқ деп аталады.

Өткен кеңістігі бойынша байымдайтын болсақ, дене әрбір қос адым кезінде үш жәй қадамға орын ауыстырады. Оң аяқтың және сол аяқтың атқарған қозғалыстарына қарап байымдайтын болсақ, онда қос адым төрт жай қадамнан тұрады. Өйткені тірелетін бір аяқтан алдыңғы адымы дене екі аяққа бірдей тірелетін кезеңде (периодта) бір-біріне жатады (налегают друг на друга). Жаяу жүрудің жүгіруден айырмасы – жаяу жүрген кезде дене жүгірген кездегідей емес, үнемі жермен жанасуы (соприкосновение) болады. Жерге біресе оң аяқ, біресе сол аяқ тіреледі [3].

Тірелетін аяқ дегеніміз – дене жерге тірелетін аяқ. Жалғыз тірелу кезеңінде тірелу бетіне жанаспайтын аяқты еркін немесе ауыстырмалы (переносный) аяқ деп аталады. Әрбір қос адым кезінде қос тірелу кезеңі де, жалғыз тірелу кезеңі де (периоды) болады, тірелетін аяққа да, еркін немесе ауыстырмалы аяққа да тік қалыпқа келетін сәт, яғни негізінен дененің фронталь (мандай алдындық) жазықтығына дәл келетін (совпадение) кездері болады. Бұл сәт (момент) тік (вертикаль) кезеңі деп аталады.

Жаяу жүрген кезде аяқтардың қозғалыстары екі қолдың қозғалысына қатаң түрде сәйкес келеді; мысалы, оң аяқтың алға аттауына сол қолдың алға сермеуі сәйкес келеді. Сөйтіп, аяқ-қолдың қозғалысы адам жаяу жүрген кезде айқас типі бойына жүзеге асады. Мұның өзі тұлғаның өз тік білік бойынша айнала немесе бұрала қозғалуын азайтады. Егер адам жүрген кезде екі қолын сермеп жүрмейтін болса, яғни қолдарын тербермелі қозғалысқа келтірмесе, онда тұлғаның айналма қозғалысы артып кетеді. Бұл адам тез жүрген кезде ерекше көзге түседі [4].

Жаяу жүрген кезде жалпы ауырлық орталығы иір сызықтың бойымен орын ауыстырады.

Қос қадам жасау кезеңінде әр аяқтың орындайтын қозғалысын төмендегідей алты фазаға бөлуге болады.

Бірінші фаза – тірелетін аяқтың жерге тию және алдыңғы қадам фазасы. Аяқ басы жерге өкшемен тиеді және осының ізінше арттан алға қарай яғни өкшеден аяқ ұшына қарай «аунайды». Аяқты жерге түсірген немесе жер бастырған кезде дене жоғары және біраз артқа қарай бағытталған соққы алады, балтырдың алдыңғы бетінің бұлшық еттері «орын беруші» (уступающий) жұмысты жүзеге асырады, осының арқасында дененің бір қалыпты, байсалды қозғалысына, соның ішінде аяқ басының өкшеден аяқтың ұшына қарай «аунап түсуіне» қол жетеді.

Екінші фаза – тірелген аяқтың басы табан бетінен жерді немесе еденді толық басып тұрады. Тірелген аяқ «тік фазасының» өтеді. Бұл фаза кезінде балтырдың артқы беті мен санның алдыңғы беті бұлшық еттерінің, бұларға қоса еркін аяқ жақтағы жамбастың төмен түсуіне кедергі келтіретін жамбас беті бұлшық еттерінің қарқынды түрде жиырылатын байқалады.

Үшінші фаза – тірелуші аяқтың артқы адымы. Бұл фаза кезінде дененің салмағы аяқ басының алдыңғы бөліміне бірте-бірте ауыса береді, ал бұл кезде оның артқы бөлімі яғни өкше жағы тірелу алаңынан (жерден, еденнен) көтерілу үстінде болады. Осы кезде санның алдыңғы бетінің, балтырдың артқы және сыртқы бетінің бұлшық еттері жиырылады. Бұл жиырылу үшінші фаза аяқталатын аяқтың жерден серпіліп көтерілетін кезінде өзінің ең жоғарғы шегіне жетеді.

Аяқтың жаяу жүргендегі қозғалысының бұл суреттеліп жазылған үш фаза тірелетін аяққа қатысады. Тірелетін аяқ жерден итерілгеннен соң және көтерілгеннен кейін немесе бос аяққа айналады. Келесі суреттелетін фазалар осы еркін аяққа қатысты.

Төртінші фаза – еркін (бос) аяқтың артқы адымы. Бұл фаза кезінде аяқ алға қарай қозғалады. Осы кезде санның артқы бетінің бұлшық еттері біраз жиналады, ал балтыр тізе буыннан бүгіледі. Сонымен бірге балтырдың алдыңғы бетінің жиырылуымен аяқ ұшының жоғары қарай епен көтерілуі жүзеге асады. Бос аяқтың алға қарай орын ауыстыруының бәрі белгілі бір дәрежеге оның осы бағытта тербелуі іспеттес. Тербелу қозғалысы жамбас-сан буынының алдыңғы бет бұлшық еттерінің жиырылуы арқасында ретке келеді.

Бесінші фаза – еркін аяқ тік фазасы. Бос аяқ жерге тірелген аяқтың қасынан біраз бүгіліп барып өтеді. Аяқты алға апару (перенос) осымен бір мезгілде жамбастың жамбас-сан буынының орталығынан өтетін тік біліктің жанында айналу арқасында жеңілдейді, әрі үлкейе түседі [5].

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. «Бастауыш мектеп және дене мәдениеті» сериясы, № 3 (34), 2012 ж.

Алтыншы фаза – еркін аяқтың алдыңғы адымы. Бұл фаза кезінде санның қозғалысы баяулайды, ал бұл сәтте балтырдың (сирақтың) тізе буынындағы одан әрі жалғаса береді. Бос аяқ санының төрт басты бұлшық еті «баллистикалық» жұмыс атқарады, түсініктірек айтқанда, бұлшық ет өзінің жиырылуы арқылы балтырдың қозғалысы үшін серпін (толчок) береді, соның нәтижесінде балтырдың қозғалысы бұлшық ет босаңсыған соң да ары жалғаса түседі.

Аяқ басы жерге тие бастаған кезде яғни суреттеліп жазылған фазалардың біреуі жүзеге аса бастаған сәтте балтыр тізе буынынан толық жазылады.

Жүрген кезде аяқ-қолдың қозғалыстарынан басқа омыртқа бағанасы, бел бөліміндегі жеке-жеке омыртқалар аралықтарында да елеулі қозғалыстар болады [6].

1. *«Методика строевой подготовки», – М.: Изд второе воениздат, 1979.*

2. *Юмашева С.К. «Анатомия пәнінің тәжірибелік сабақтарына арналған әдістемелік нұсқау» – Алматы, 2002.*

3. *Жұмашева С.Қ. «Спорттық морфология негізіндегі тәнтану» – Алматы, 1994.*

4. *Юмашева С.К. «Биомеханика пәнінің лабораториялық сабақтарын жүргізуге арналған әдістемелік нұсқаулар» – Алматы, 2000.*

5. *Смаил Н.Н., Алдибекова К.Н. «Дене жаттығуларының биомеханикасы».*

6. *Донской Д.Д. «Ходить и бегать для здоровья» – М., 1981.*

Резюме

В статье рассматриваются биомеханика ходьбы с точки зрения динамической анатомии, как основной вид строевой подготовки воина.

Summary

The article considers the biomechanics of walking in terms of the dynamic anatomy, as the main type of drill warrior.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ТӘРБИЕШІЛЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Л.Т. Койышбаева – магистрант, ҚазМемҚызПУ

Білім беруді қоғам мүддесіне сәйкес қайта құру, оқыту мен тәрбиелеу мазмұнын жаңарту, әдебиет пен мәдениетті өркендету бағытында бірсыпыра шаралар жүзеге асырылып, жаңа оқу бағдарламалары мен оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар жасалып, мектеп пен балабақша өміріне енгізілді. Мұнда көзделген ең басты мәселелердің бірі – болашақта қоғам мүддесін өтеуге қабілетті, жан-жақты дамыған, өз еліне сүйіспеншілігі зор тұлғаны қалыптастыру.

Бүгін педагогикалық технологияны, педагогикалық міндеттерді шешумен байланысты, педагогтің жалғастырмалы жүйедегі іс-әрекеті ретінде немесе алдын-ала жобаланған педагогикалық процестің тәжірибе де тұрақты және жалғастырмалы шығаруы ретінде түсіндіріледі.

Елбасының «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту Қазақстан дамуының басты бағыты» атты 2012 жылғы жолдауында педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор. Арқаулық педагогтік білім берудің үлгі-қалыптарын, мектептер мен жобалар оқытушылардың біліктілігін арттыруға талаптарды күшейту қажет екендігін айтып өтті. Әр өңірде педагогтардың біліктілігін арттыратын интеграцияланған орталықтар жұмыс істеуі тиіс [1].

Педагогикалық технология туралы бұндай көріністер былай анықталады: өте жоғары деңгейде теориялық дайындығы және бай тәжірибесі бар мамандардың әр түрлі таңдаулы педагогикалық технологияларды дайындау мүмкіндіктері және мақсатқа сай педагогикалық технологияларды өзіндік таңдау мүмкіндіктері, мұғалім және оқушылар іскерліктерінің өзара байланысты мүмкіндіктерімен және шарттарымен байланысты. Педагогикалық технология – педагогикалық іскерліктердің жетістігіне жеткізетін ғылыми жобалау және нақты өндіру. Сонымен педагогикалық процесс белгілі жүйе принциптерінде құрылатын болғандықтан, педагогикалық технология сыртқы және ішкі болып бөлінеді. Осы принциптерді жалғастырмалы орындау олардың объективті қарым-қатынасында және педагогтің тұлғасын толық көрсететін жинағы ретінде қарастырылады, яғни кез-келген педагогикалық тапсырма тек қана белгілі жетілдірілген педагог маманның іс-әрекеті мен негізгі технологиялардың көмегімен тиімді шешіледі. Н.Е. Щуркова бұл жағдайда педагогикалық технология тек қана тәрбиелік жұмысқа қатысты болады және өзімен қолданбалы педагогикалық еңбекті анықтайды. Педагоги-

калық технология бұл көзқарастан – бұл табиғи және тепе-тең педагогтің іс-әрекеті, жетіліп келе жатқан жағдайды сипаттайды. Психологиялық-педагогикалық және оның жоғары руханилығы деңгейінде қазіргі заман мәдениетімен байланыста болады.

Қазіргі білім беру саласында оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру тәрбиешінің интеллектуалды, кәсіптік адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Оқу іс әрекетінде қолданылатын әдістер көмегімен жеке тұлға ретінде жан-жақты дамыған, шығармашылық ойлау білімі меңгеріледі. Педагогикалық технологиялардың ішіндегі қазіргі таңда жаңадан қолданысқа енген инновациялық технологияларды қарастырайық. «Инновация» түсінігін ағылшын тілінен аударғанда «жаңалық енгізу», «жаңашылдық» ұғымын білдіреді.

Инновация – педагогикалық технология – мақсаттар қою, оқу жоспары мен оқу бағдарламасын үнемі жаңалау, жүйелендіру, тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану заман талаптарынан туындап, болашақ мамандардың даярлығын жетілдіруді көздейді [2].

Инновациялық педагогикалық іс-әрекет белгілі оқытудың, тәрбие беру мен дамытудың стереотипіне қарама-қайшы, ол белгілі межеден шығып, жеке шығармашыл. Егер “іс-әрекеттің немқұрайлы іс-әрекеттік құрылымымен бірге ұстаздың шығармашылық белсенділігі де мөлшермен берілсе, жаңа педагогикалық ойлар және оларды шешу ұстаздың өзінен күтіледі. Педагогикалық жаңалық – жаңа идеялар, әдістер, технологиялар ғана емес, педагогикалық процесс элементтерінің бірлігінің немесе жеке элементтерінің білім беру мен тәрбиелеудегі белгілі міндеттерді тиімді шешу жолы. ХХІ ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен атауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады. Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлынғыр болмайды. Жас ұрпаққа сапалы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Оқушыларың қазіргі қоғам үрдісіне сай инновациялық технологиялармен білім беру негізінде меңгеру қажет. Бүгінгі күні білім беру мекемелерінде теориялық және практикалық жұмыстардың әр түрлі педагогикалық-инновациялық технологияларының нұсқалары қолданылуда. Ауқымды инновациялық технология нақтылы жүйе мен жіктелуді керек етеді. Осы мәселемен А.Я. Савельев, В.М. Максимов, Г.К. Селенко және т.б. ғалымдар айналысты. В.М. Максимов өзінің зерттеулері бойынша келесі жіктеулерді ұсынды: құрылымдық логикалық технология (қазақ тілі сабағында логикалық тапсырма беру арқылы), интеграциялық технология (әр түрлі пәндік білімдерді бір-бірімен байланысты – қазақ тілі пәні мен басқа пәнді), ойындар технологиясы (сабақта ойын ойнату арқылы), тренингтік технология (психологиялық тренингтар), ақпараттық технология (оқушыларға қазақ тілінде немесе шетел жаңалықтарын үйде ақпарат хабарлар дайындап келу немесе сабақтың үстінде бекітілген уақытта топпен, жекелеме, сыңармен берілетін тапсырма), диалогтық технология. Инновациялық педагогикалық іс-әрекет белгілі оқытудың, тәрбие беру мен дамытудың стереотипіне қарама-қайшы, ол белгілі межеден шығып, жеке шығармашыл, өз бағытымен жұмыс істей алатын тәрбиеші қалыптастыруға бағытталады.

Жаңа технологиялардың білім кеңістігіндегі ассимиляциясы ақпараттық технологиялардың мысалымен байқалады. В.П. Беспалько «технологиялау тек оқу процесін компьютермен қамтамасыздандыру ғана емес, компьютердің барлық мүмкіншілігін пайдаланудың шегіне жеткізетін жаңа сапа».

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалды, кәсіптік адамгершілік, рухани азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі [4].

Инновация – педагогикалық процеске оқыту мен тәрбиенің жаңа тұжырымдамаларын, оқу жоспарларын және бағдарламаларын, түрлерін, әдістерін, құралдарын енгізіп, мақсатқа жету.

Инновациялық процессіз мектептің дамуы мүмкін емес. Мектептің тарихында оқыту мен тәрбиенің ескі түрлері, құралдарының орнына жаңа, озық үлгілер келген кездер көп болды. Мысалы: 20 жылдары мектеп тәжірибесіне жобалау әдісі бойынша топқа үй тапсырмалары берілді. Осы тәсілді жаңашыл мұғалім Н.П. Гузик өзгертіп қолданды.

70-80 жылдары Ш.А. Амонашвили, И.П. Волков, С.Н. Лысенкова, В.Ф. Шаталовтардың жаңашылдық іс-тәжірибесі сол кездегі ұстаздар қауымының тарапынан үлкен қолдауға ие болды. Инновациялық мектептердің мақсаты – жеке тұлғаны жан-жақты дамыту [3].

Озат педагогикалық тәжірибе сөзін түрліше түсінеміз. Кең мағынада озат педагогикалық тәжірибе – мұғалімнің шеберлігінің жоғары деңгейі, тұрақты педагогикалық нәтиже беретін оқыту және тәрбие тәжірибесі. Мұғалімнің тәжірибесінде жаңалық болмауы мүмкін, бірақ ол ғылымда белгілі принцип-

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. «Бастауыш мектеп және дене мәдениеті» сериясы, № 3 (34), 2012 ж. терді, әдістерді табысты түрде қолданып, басқа мұғалімдерге үлгі болып, озат тәжірибесі басқа мектептерге таратылады.

Педагогикалық озат тәжірибенің тар мағынасы: шығармашылық ізденіс, жаңалығы бар тәжірибе, жаңашылдардың тәжірибесі. Мұндай педагогикалық тәжірибе өте құнды, себебі ол мектеп тәжірибесіне жаңалық енгізеді. Сондықтан, бірінші кезекте осы тәжірибені талдап, баға беріп, тарату керек. Жай шеберлік пен жаңашылдық арасындағы айырмашылықты көру қиын, себебі мұғалім ғылымда белгілі принциптер мен әдістерді қолданып, қол жеткен жетістіктермен шектелмейді, жаңа әдістерді қолданып, немесе ескі әдіс-тәсілдерді тиімді етіп ұштастырып, бірте-бірте жаңашыл болады, олай болса кез келген жақсы тәжірибені мектептің тәжірибесіне енгізуге болады, бірақ жаңашыл мұғалімдердің іс-тәжірибесін жан-жақты талдап, қорытындылап, тарату керек.

Педагогикалық озат тәжірибе оқу-тәрбие жұмысын үнемі дамытып және жетілдіріп отырады. Сондықтан, әрбір мұғалім еліміздегі жаңашыл ұстаздардың бай тәжірибесін, белгілі педагогтар мен психологтардың ғылыми еңбектерін терең зерттеп, олардың ұсынбаларын өз ісінде шеберлікпен пайдаланғаны жөн.

Қорыта айтқанда оқу үрдісінде инновациялық технологияларды тиімді пайдалану бұл еліміздің еңсесін көтеретін болашақ мамандарды білімді, ғылымға баулу арқылы өзін-өзі дамытатын тұлға қалыптастыру.

1. «Әлеуметтік экономикалық жаңғырту Қазақстан дамуының басты бағыты» атты жолдау қаңтар 2012 ж.
2. «Педагогика: Қазақша және орысша түсіндірме терминологиялық сөздік» – Алматы, 2007.
3. Жанпейісова М.М. «Модульді оқыту технологиясы» – Алматы, 1998.
4. Қараев Ж. «Деңгейлеп саралап оқыту технологиясы» – 2003.

Түйін

Бұл мақалада тәрбиешілердің біліктілігін арттыруда педагогикалық және инновациялық технологиялар қарастырылған.

Резюме

В этой статье рассматриваются педагогическое и инновационное технологии повышение квалификации воспитателя.

ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Ж.А. Ердосова – ҚазМемҚызПУ-нің 1 курс магистранты

Жасөспірім кезеңі 15-16, 21-25 жас аралыққа дейінгі жас мөлшерін қамтиды. Бұл кезең адамның сенімсіздік пен жүйесіздік кезеңінен шынайы ер жету шағы. Жасөспірім кезеңінде адамдарда өмір құндылықтарын таңдау мәселесі пайда болады.

Жасөспірім өзіне деген ішкі қарым-қатынасын қалыптастыруға (мен қандай болғым келеді?) басқа адамдарға деген қарым-қатынасқа, және де моральдық құндылықтарға талпынады.

Л.Ф. Обухова психологиялық зерттеулерінде жасөспірім тұлғасының ерекшелігі психологиялық жаңа құрылымдардың түп тамыры, жеткіншек жаста қалыптасып қойған туындысы болып табылады. Өзіндік жеке тұлғасына деген қызығушылықтың күшейуі, сыншылдықтың көрінуі – бұлардың барлығы ерте жеткіншек жаста сақталады, бірақ, олар мәнді өзгерістерге ұшырап, саналы түрде бейнеленеді. Ең негізгі мәнді өзгеріс тұлғаның өзіндік дамуында болады. Оның айрықша ерекшелігі болып, өзіндік рефлексиясының күштілігі табылады. Яғни, өзін-өзі тануға, бағалауға, өз мүмкіншіліктері мен қабілеттіліктері білуге талпынысы жатады.

«Мен кімін?», «Мен қандаймын?», «Менің қабілеттерім қандай?», «Менің өмірлік идеалым қандай?», «Мен кім болғым келеді?» – міне осы сияқты сұрақтар жасөспірім жастағыларға өте қатты әсер етеді

Психолог В.А. Крутецкийдің бекітуі бойынша жасөспірімдердің жетілуі жеткіншектерге қарағанда жоғары деңгейде. Жеткіншектердің айқын сезімін сырттан қарағанда ересек адамдарға келеді. Оларға қарағанда жасөспірімдердің ортаны бөлек олардың басқаға ұқсамауы және құрбылыстарымен ересек адамдардың арасында ерекше болуы, әр түрлі бағытта өз-өзін көрсетуі және өзінің өзіндігін бекітуі тән [1].

Адам баласының ең алғашқы әлеуметтенуі отбасынан басталады. Отбасында алған тәрбие, білім беру мекемелерден алған білімі және тағы басқа институттардан алған түрлі оң құндылықтар, адамның өмір бойы дұрыс, сапалы өмір сүруінің кепілі болады. «Осы жастағы өзгешелік психолог А.Г. Ковалев биологиялық әсері туралы сұрақты ашып тастамай, соның ішінде психикалық сферадағы жыныстық жетілу жасөспірімнің эмоциялық қалпына беттесуін біз тұтас деп айтсақ, онда оның психикалық кескінін биологиялық фактормен анықтаймыз.

В.Г. Асеева бойынша мектеп жасындағы жетілу немесе басқа сөзбен айтқанда ерте жетілу – адамның туғаннан бастап физиологиялық, психологиялық және азаматтық ересектік жетілу кезеңі.

Рувинский Л.И., Хохлова С.И. еңбектерінде жасөспірім шақ – бұл қоғамдық жүйедегі көзқарасқа байланысты дүниетанымның бірінші элементі байқала бастайды, бірақ та әлемге деген көзқарасын толығымен пайымдай алмайды. Тек жасөспірімдерде философиялық ойлау әрекетінің қанағаттануы мүмкін болса, пайда болады. Бұған арқау болатын түрткі – оқудағы білім, тәртіп пен информация, әдеби оқулықтар және сыртқы ортадан алатын көріністер мен үлкендермен қарым-қатынас...

Сондай-ақ Ш.Бюллер жасөспірімдік кезеңді фаза бойынша бөліп қарастырады. Негативті фаза пубертодты кезеңде басталады. Негативті кезеңге жеткіншектердің дамуын қоюға болады. Ал, позитивті фазада өмірге деген қызығушылықтың пайда болуы, адамға деген ыстық сезім, табиғатты түйсіну т.с.с болады. Бұл фазаны жасөспірімдерге қатысты деуге болады [2].

М.И. Шардаков бойынша жасөспірімдік кезең адамның тұрмыстық құндылықтары ретіндегі заттық дүниеге психологиялық тұрғыда тәуелді болып қалады. Жасөспірім осы өмірге ой жүгірте бастайды. Соның арқасында ол жасөспірімдік ортаға кіреді. Әр затпен дүниеге таңдау жасау арқылы жасөспірім тұтынушыға айналады. Өз иелігіне заттарды жинай отырып әртүрлі құндылықтарды жинайды. Олар ақыл-ой, адамгершілік әлеуметтік жағынан есейеді.

А.В. Мудрик жасөспірім кезеңінің ең басты жағдайын ашып көрсетеді. Ол екі жақтылық пен қарама-қайшылық деген. Педагогикада жасөспірімді өскен адам, бірақ ересек адам емес ақпараттарды әлі жетік білмейді деп пайымдайды.

Ст. Холл ең алғаш бірнеше негізгі қарама-қайшылықтарды бөліп көрсете отырып, жасөспірім мінезіндегі амбиваленттілік пен пародаксальдылықты сипаттаған. Жасөспірімдерде шектен тыс белсенділік аяқшалысқа шектен тыс көңілділік уайым, өзіне сенімділік ұялшақтық пен қорқыныш жоғары деңгейдегі адамгершілік талпыныстарының күрт төмендеуі ашық қарым-қатынастық, өте нәзік сезімталдық апатияға, өткір құштарлық бірбеткейлікке оқуға деген ынта белгісіздікке, бақылау мен әуестілік сияқты талқылаулар болады. Ол бұл кезеңді «Боран мен тегеурін» кезең деп атайды. Ст.Холл жасөспірім кезеңнің мазмұнын «өзіндік сана-сезім» кризисі деп сипаттайды. Тек осыны басынан өткеріп ғана жеке даралы сезіміне ие болады.

Келесі жасөспірім шақты зерттеуші неміс философы мен психологы Э.Шпрангер болды. Ол 1924 жылы жасөспірім кезең психологиясы деген еңбекті басылымға берді. Оның еңбегі бүгінге дейін қолданылып келеді. Э.Шпрангер жасөспірім кезеңін толық қарастыра отырып, жас кезеңді қыз балаларды 13-19 жас, ұл балаларды 14-21 жас деп қарастырды. Ол тәуелділік – еркіндік мазмұны болып табылатын «кризиспен» сипатталады [3].

Э.Шпрангер жасөспірім кезеңнің мәдени-психологиялық концепциясын жасады. Э.Шпрангер бойынша жасөспірімдік кезең мәдениет деңгейіне өсу жасы. Ол психикалық даму жеке даралық психиканың осы дәуірде объективті және нормативті рухқа өсуі деп жазады. Ст.Холл, Э.Шпрангер айтқан тұжырымдарын талқылай келе, жасөспірімдердің даму деңгейінің үш типін бөліп көрсетеді:

1) Өткір ашулы кризистік уақытпен сипатталады. Ол қайта дүниеге келген адамдай уайым-қайғыға түседі, түп тамырында оның жаңа өзіндік «мені» пайда болады;

2) Өте баяу, ақырын, жайбасар тұлға. Жасөспірім ересектік өмірге өзінің жеке тұлғасында ешқандай өзгеріс енгізбей аяқ басумен сипатталады;

3) Жасөспірім белсенді және саналы түрде өзін тәрбиелейді, өзін-өзі қалыптастырады.

Әлеуметтік дамыған тұлғаны тек қоғамда қабылданған нормаларды ұстанумен ғана емес, сонымен қоса белгілі бір топтарға, ұжымдық және қоғамдық құндылықтарға бағытталғанымен ерекшеленеді. Құндылықтар объект жайлы біліммен және оған деген қатынастан тұрады. Психологиялық тұрғыда өзіндік анықталған тұлға – бұл өзінің нені қажет ететіндігін (мақсаты, өмірлік жоспары, идеясы) саналы бағалаушылық жеке бас және денелік қасиеттері, қолынан не келетінін субъект. Аталған элементтердің тұлғаның өзімен байланыстыруы оның нақты қылықтары мен мінез-құлқының реттеушісі болып, оның іс-әрекетінің дәрежесін, бағыттылығын, интенсивтілігін, мазмұнын анықтайды. Өз мүм-

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. «Бастауыш мектеп және дене мәдениеті» сериясы, № 3 (34), 2012 ж. кіндіктерін ашу процесі, қоғам, топ талаптарын саналы бағалау ұжым шеңберінде белсенді іс-әрекет етеді. Осы себептен өзіндік анықталған тұлғаның көрсеткіші ретінде тек субъектіні қабылдау әлеуметтік маңызды іс-әрекет жасауға даярлықтың, қатынасты жаңғыртуға ғана емес, сонымен қоса шынайы іс-әрекеттің көрсеткіші болып табылады. Э.Шпрангер, өзіндік – сана-сезімді, құнды бағыт бағдарлықты жасөспірімдердің дүниетанымын зерттеуге бастауы деп санады [4].

Э.Штерн жасөспірімдік кезеңді жеке тұлғаның қалыптасуының бір кезеңі деп қарастырды. Психологияның қай бағыты болмасын, барлығының орталық мәселесі, оның ойынша адам тұлғасының мәселесі болу керек.

Жасөспірімнің өз көзқарасы бар, жасөспірімдер үнемі өз жетістіктерін өсіріп, кемшіліктерін азайтып отырады. Өз құрдастарының арасында болуға ұмтылыс, оларды белсенді түрде үлкендер арасынан өзі соған ұқсағысы келетін адам іздейді. Бұл жерде идентификация туындайды.

Д.Б. Эльконин 11-17 жас аралығындағы жетілу кезеңін 2 фазаға бөледі, бірінші 11-15 жас кіші мектеп оқушылары, яғни жеткіншектерге қатысты. Мұнда жеткіншек әр жақты қарым-қатынасқа түсуге үйренеді.

Ал 15-17 жас жасөспірімдердің ең басты оқу-кәсіби іс-әрекетінің арқасында жасөспірімнің танымдық-кәсіби қызығушылықтары артады. Эмоция мен психосексуалды дамуы жағдайына байланысты, жанұя құру деген бұл жаста қарастырылмайды.

К.Юнг бойынша осы жас дағдарыс кезеңі. Шынайы өмірдің талаптарына жасөспірім бейімінің сай келмеуі орын алады.

1920-шы жылы психолог Л.С. Выготскийдің айтуы бойынша жасөспірім кезеңіне қатысты психологияда біршама жалпы теория қарастырылған. Бұл теориялар қазіргі заманда мәнді болып келеді. Кең түрде жасөспірім кезеңін 3 негізгі тұрғыда қарастыруға болады:

- 1) Биогенетикалық биологиялық процес негізінде және дамудың басқа да процестері қарастырды;
- 2) Социогенетикалық тұрғы тұлғаның өмір барысында алдына қойған мақсаты мен әлеуметтік процестеріне басты зейін аударуын бекітеді;
- 3) Психогенетикалық – өзіндік даму негізіндегі психика процестерінің қызметтерін негіз етіп қою.

Биологиялық теорияның өнімі американдық психолог Ст.Холл ол даму психологиясының басты заңы (рекапитуляция заңы) деп қарастырды. Мұнда индивидуалды даму, финогендік басты сатысының қайталануы болып табылады. Биогенетикалық концепциясының неміс өкілдері “Конституционная психология” Э.Кречмер әртүрлі биологиялық фактор негізінде, тұлға типологиясының басты проблемасын жасады. Адамның физиологиясы мен дамуының арасында ерекше байланыс бар деді. Кречмер барлық адамдардың екі түрі болатындығын көрсетті [5]. Бірінші бағытқа циклоидты: көңіл күйі ауыспалы, тез қозғалғыш, мазасыз т.с.с., ал 2 түріне шизоидты тұйық қатынасқа түспейтін эмоционалды тырыспа адамдар.

Н.Кречмер мен Конрадта осыған байланысты жеткіншектерді циклоидқа, ал жасөспірімдерді шизоидқа жатқызады. Жасөспірім шизоидты тұлға ретінде күрделі ұзақ мерзімде жүреді. А.Гезел концепциясында “өсу мен даму” синоним, мінез-құлық, жүріс-тұрысы қабілеті интеграция мен дифференциация мағынасын білдіреді. Гезел қандай болмасын индивидті мәдениетке оқыту мен үйрету, оның жетілуінде ешбір орын ауыстыра алмайды деп санайды. Гезел байынша 11 мен 21 жас аралығын ең маңызды жас мөлшері. 15 жас Гезелдің жазуынша рухани ішкі жан дүниесінің өсуі, тәуелсіздік, өз-өзін ұстамдылығы, өз-өзін тәрбиелеу мен өте сезімтал болады. 16 жаста қайтадан салмақтылық пайда бола бастайды, ішкі жауапкершілігі ұлғайып, эмоция байсалды, қарым-қатынасқа тез түсуі, болашаққа бағыт бағдар жасайды. Биогенетикалық тұрғыға қарама-қайшы социогенетика. Ол жасөспірімнің құрылымын өздерін қоршаған адамдар мен қарым-қатынас жасау арқылы анықталады. Социогенетикалық тұрғыда неміс психологы Левин теориясын айта кеткен жөн. Адамның мінез-құлық, жүріс-тұрыс қызметінің бір жағы тұлға екінші жағынан оны қоршаған орта, бірақ та да тұлға қасиеті мен қоршаған орта өте тығыз байланысты. Левин бойынша өтпелі кезеңдегі ең маңызды процесс тұлғаның өмірлік әлемінің кеңейуі, қарым-қатынас жасайтын ортасы, өз үйренген топ және адамдарға қатысты. Баланың әлемінің ересекке ауысуында. Жасөспірім толығымен алдыңғысына да соңғысына да жатпайды. Бұл ең негізгі қоғам жағдайы мен психикасынан көрінеді. Ашушан, ұялшақ, ішкі қарама-қайшылықтар. Бұл қысым мен қақтығыс көп болған сайын балалық пен ересектік шекарасының әртүрлі айырмашылықтарына байланысты ойыстай бастайды. Левин концепциясының мәнділігі ол жасөспірімді әлемдік психологиялық деп қарастырады. Тұлғаның психиканы дамуының әлеуметтік жағдайда байланысты өзгеруі. Левин теориясына түзеу жасаған англиялық психолог Д.Бомберам ай-

Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Начальная школа и физическая культура», № 3 (34), 2012 г.
туынша жалпы “Био” және социогенетикалық тұрғыда жасөспірімдерді ең басты психикалық факторлар әсерінен дамуын қарастырады. Д.Бамберам осы екеуінің арасындағы психогенетиканы жазады ең алдымен психикалық даму процесін алдына қояды, бұдан үш ағымды бөліп көрсетуге болады:

- 1) Эмоция мен мінез-құлық, жүріс-тұрыс жайлы ол психодинамикалық концепция деп атады;
- 2) Интеллектуалдық және таным қабілеттеріне байланысты – “когнитивті” яғни танымдық немесе “когнитивті-генетикалық” болып бөлінеді;
- 3) Тұлғаның біртұтастай дамуына “персонологиялық” – яғни персоналды деп соңында бөлінеді [6].

1. *Возрастная и педагогическая психология // Под. ред. Петровского А.В. – М., 1986.*

2. *Грэйс Крайг. Психология развития. – СПб., 2000.*

3. *Кулагина И.Ю. Возрастная психология. – М., 1999.*

4. *Обухова Л.Ф. Возрастная психология. – М., 1999.*

5. *Хрестоматия по возрастной психологии / под. ред. Фельдштейна Д.И. – М., 1994.*

6. *Кудрявцев В.Т. Психология развития человека. – Рига, 1999.*

Резюме

В статье рассматриваются социальные и психологические развития подростков.

Summary

The psychological and pedagogical development of teenagers is considered in this article.

ОРТА ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПАТРИОТТЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Қ.Қ. Берлибаев – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы,

А.М. Байғалиев – оқытушы

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясында Ел басы Н.Ә. Назарбаев: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі» – деп ерекше бөліп көрсетті.

Осыған орай дүниежүзілік жаһандану жағдайларына байланысты біздің Республикамыздың жалпы білім беру мектептерінің алдында «Әскери дайындық» курсына оқушыларды бәсекеге қабілеттендіру мен қатар, оларды құзырлы, ізгілікті, тұлғалық-кәсіптік бағдарлық бағытқа бейімдеу талабы тұр.

Елімізде болып жатқан нарықтық экономикаға байланысты мектеп оқушыларында әсіресе, жоғары сынып оқушыларының мінез-құлқының өзгеруі, өзі үшін, өзінің жеке басының қамы үшін өмір сүру тенденцияларының туындауы мектеп мұғалімдері мен ата-аналар арасында да үлкен алаңдаушылық тұғызуда. Осы тұрғыдан қарағанда бүгінгі мектепте ізгілікті және тұлғаны қалыптастыру қазіргі таңдағы педагогиканың ең көкейкесті мәселесі болып отыр.

Ізгілікті тұлға туралы ХХ ғасырдың 60-90-шы жылдары шет елдік гуманистік педагогиканың өкілдері Ф.Кумбс, А.Маслоу, К.Роджерс т.б. жеке тұлғаның қалыптастыруда адамның нақты «Мен» деген тұлғасын, ішкі психологиялық жан дүниесін (қажеттіліктерін, көңіл-күйін, сезімін құндылықтарын) ашуда гуманистік идеяларда тәрбиелеу керек екенін ерекше талап етеді.

Ізгілік тәрбиесін жеке тұлғаны дамытудағы өзіндік мақсаты бар және ол педагогикалық процеске қатысушылар арасында ізгілік қарым-қатынас негізінде құрылады. Мұндай қарым-қатынасты айқындау үшін педагогикада «ізгілік тәрбиесі», «ізгілік», «ізгілікті қарым-қатынас» – деген терминдер қолданыла бастады. Мәселен соңғы кезде шыққан «Педагогикалық сөздіктегі: ізгіліктің әлемдік көзқарас екендігі жеке тұлғаның өз қабілеттері мен көзқарастарын іске асыруда құқықтарына шек қойылмауы адам игілігінің қалыптасуы қоғамдық қатынастар деңгейінің бағасы» – деген ізгілікке берілген анықтамасы да көңіл аударарлық.

Қазақстан ғалымдарының (Н.Д. Хмель, К.К. Жанпейсова, Қ.Т. Әтемова, Р.К. Төлеубекова) зерттеулерінде ізгілік қасиеттерді қалыптастыру мәселелеріне байланысты ой-пікірлері мынадай: ізгілік – адам іс-әрекеті, ақыл-ойы, тәлім-тәрбиесіне дұрыс бағыт беретін жетекші іс-әрекеті /24/.

Білім беру деңгейлері мен мазмұны Қазақстанның білім беру жүйесінде жүйелі өзгерістер әкелмек. Осыған байланысты, әскери мамандықтарды кәсіптік бағдарлау мақсатында білімнің мазмұны, «Алғашқы әскери дайындық» пәнін оқыту әдістері мен сабақты ұйымдастыру нысандарын жетілдіру

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. «Бастауыш мектеп және дене мәдениеті» сериясы, № 3 (34), 2012 ж. бүгінгі күннің басты талабы болып отыр. Сондықтан да болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесінің ізгілік бағытын алуы, атап айтқанда, оқушыларды ізгілікке тәрбиелеудің ерекшеліктерін айқындап, оны оқу үрдісінде ұтымды пайдалану керек.

Бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Астана 2007 жылдың 28-ақпанында «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа жолдауының 2 бөлім 17 бағытында толық нұсқаулар берілген. Жолдаудың үшінші бөлім 17 бағыты – орта білім беру, сондай-ақ кадрларды қайта даярлау жүйесін әлемдік стандарттар дейгейінде сапалы білім беру мен қызмет көрсетуге қол жеткізуіміз керектігі, оқытудың әр оқушының білімі мен қабілет деңгейінің тиімділігін бағалаудың біртұтас жүйесін жасау керектігі, ОН-ЛАЙН тәсілінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу талдауларының құрылуы қажет екендігі көрсетілген. Сондықтан, жастар еліміздің ертеңі, сенім артар келешегі болғандықтан олардың жан-жақты дамуы мен тәрбиесіне үлкен көңіл бөліну бұрынғыдан да артуда.

Қазіргі таңда жалпы білім беретін мектепте әскери дайындық курсына бастапқы әскери мамандарды даярлауда сапалы білім берумен қатар кәсіптік бағдарлау іс-әрекеттің ғылыми негіздерін өмірде қолдануға, тәжірибелік іскерлік пен дағдыны қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінуде.

Кәсіптік бағдарлау адам факторы әлеуметті көтеруде маңызды орын алады. Ғылыми-техникалық прогрестің қарыштап дамуына білім беру мәселесін қайта қарауды, оны дамыту мен жетілдірудің жолдарын іздестіруді өзекті мәселеге айналдыруда. Ғылыми-техникалық төңкеріс кезінде ғылым негізгі қызметті, яғни өндіргіш күш қызметін атқарады. Ғылымның мұндай өндіргіш күшке айналу үрдісі ғылым, өндіріс техникасы және білім берудің өзара жаңа қарым-қатынастарының пайда болуына әсер етіп, бұл оқыту мен тәрбиелеуге ықпалын тигізуде.

Қазіргі таңдағы мектепте әскери дайындық курсына бастапқы әскери маман даярлауы қоғам сұранысын қанағаттандырмай отыр десек те болады. Әсіресе, жалпы білім беретін мектеп түлектерінің кәсіптік бағдарлау бағытындағы танымдық ізденісі төменгі деңгейді көрсетуде. Бұл жағдай жас мамандарды аттестациялық байқаудан өткізген кезде жиі байқалады. Демек, қоғам дамуына байланысты туындап отырған талаптар мен маман даярлау үрдісі арасында қарам-қайшылықтар кездеседі. Бұл мәселені шешу жалпы білім беретін мектеп үрдісінде оқушылардың танымдық іс-әрекетін өздігінше жоспарлай отырып, оны шешудің жолдарын табу арқылы және белгілі бір нәтижеге жетуде өздігінен жұмыс істеу білікті дағдыларының қалыптасуына тікелей байланысты екендігі анықталады.

Оқушылардың дербес шығармашылық қызметі кезектесе, сатылап өтетін мазмұнды еңбек. Бұл еңбектің биік деңгейі оқушылардың мәселені өзі қойып, оны шешудің ұтымды жолдарын өзі табуынан көрінеді, оқушы әскери тәжірибелік жұмыс кезінде мұғалімнің көмегімен әр түрлі әдіс-тәсіл, құралдар арқылы өмірде болатын әр алуан жағдайлардың шартты үлгісін жасап, оны шешу жолдарын табуы қажет /25/.

Оқушылардың бұндай іс-әрекетін ұйымдастыруда, яғни танымдық ізденімпаздығын, іс-әрекетті ұйымдастыру біліктерін дамыту мәселелік оқыту, мәселелік жағдайлар жасау және оны шешудің, «Бастапқы әскери дайындық» пәні бойынша танымдық міндеттерді кеңінен пайдаланудың, оқушылардың ғылыми ізденістерін ұйымдастырудың, оқып, үйрену барысында техникалық оқыту құралдарын, негіздік конспектілерді, жаңа технологияларды т.б. кеңінен пайдаланудың маңызы ерекше.

Оқушылардың танымдық іс-әрекеттегі біліктері мен дағдыларын, белсенділігін, дербестігін, сондай-ақ ғылымға деген белсенді шығармашылық көзқарасын қалыптастыру қажетті негізгі шарттар ретінде төмендегілерді бөліп көрсетуге болады:

- оқушылардың ғылыми-әдіснамалық білім алуы;
- мұғалім мен оқушының оқуда, ғылымда сыйластық пен сенімнің жоғары деңгейімен ерекшеленетін бірлескен қызмет әдісін қалыптастыру;
- оқушылардың өз бетінше оқу және ғылыми қызметтеріне жағымды мотивацияны қалыптастыру.

Мұғалімнің кәсіби білік дағдылары өз кезегінде оның жеке кәсіби педагогикалық мәдениетін көрсететін өлшем. Оған мұғалімнің жеке мәдени деңгейі, адамгершілігі, тәлім-тәрбиесі, ізденімпаздығы, зерттеушілігі жатады. Ұстаз кәсіптік бағдарлау бағытында білімін үздіксіз жетілдірудегі жағдайда ғана оқушының танымдық, шығармашылық қабілетін дамытып, ғылымға деген қызығуын қалыптастыра алады. Сондай-ақ әскери дайындық курсына мұғалім, әр кездеде жаңалық жаршысы ретінде оқытудың тиімді тәсілдерін, озық тәжірибелерді сараптап, шығармашылық ізденіс үстінде болуы керек.

«Қызығу – әр қырынан алып қарауға болатын күрделі ұғым, адамның белгілі бір объектіні ұнатып, білуге ұмтылған іс-әрекетін қуаттандыратын психикалық ерекшелік» деген пікір айтады ғалымдар М.Беляев, Н.Морозова, С.Рубенштейн. Қызығу адамды жаңаны білуге, әрекеттің жаңа әдістерін

ізвестіруге құмарландырады. Сол себепте адамның қызығуы бір іспен шұғылданғанда әр түрлі әрекеттерде көрініс табады.

Танымдық әрекет қажеттілік арқылы жүзеге асады. Өзінің тіршілік және рухани қажеттігін өтеу үшін оқушы дүниені танып білгісі келеді. Алайда, ол өзі үшін ешбір мәні жоқ нәрсеге қызықпайды. Оқушының әскери дайындық курсына қызығуы мен құндылық бағдары тығыз байланыста. Оқушы өзі үшін құнды әрі қажетті нәрсеге, мысалы, өзі таңдаған мамандығына қызығып, кейіннен бұл қызығушылық оқушы іс-әрекетінің мақсатына, қозғағыш күші – мотивке айналуы мүмкін. Осыған орай, кейбір ғалымдар қызығуды оқушының өзіндік дербес іс-әрекетке жұмыс мотиві ретінде қарастырады. Бұл жайында Б.Теплова «жақындағы мақсатқа жетіп алыстағы мақсатты көздейді» деп түйіндейді. Ал Н.Морозова «Іс-әрекет көздеген пайдалы мақсатқа жетуге түрткі болады» дейді.

Қазіргі кезде бүкіл әлемде жүргізіліп жатқан ізгілендіру үрдістері қоғамның жалпы білім беру мекемелеріне қойылатын жаңа талаптарды анықтауда. Техникалық прогресс пен ғылыми ақпарат көлемінің ұлғая түсуі, жалпы білім беру мазмұнын қайта құру және оқу-тәрбие орындарының іс-әрекет қағидаларын қайта қарау – мұның бәрі «Алғашқы әскери дайындық» пән мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен тұлғасына, бүкіл педагогикалық-психологиялық үрдістің тұлғалық және әскери мамандықтарды кәсіптік бағдарлауына қойылатын талаптардың сөзсіз арта түсуіне алып келеді.

Мемлекет дамуының кепілі – білімді ұрпақ. Білімді ұрпақ дегеніміз-біздің түсінігімізде ұлттық таным-түсінікпен қаруланған жас өркендер. Ал ондай біліммен қаруланған ұрпақты білім беру жүйесі жетілген ел тәрбиелейді.

Үстіміздегі жылдың 18 ақпандағы халыққа Жолдауындағы Президент: «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біз болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап кең ауқымды ойлай білетін осы заманғы басқарушыларсыз бір инновациялық экономика құра алмаймыз. Демек, барлық деңгейдегі техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға бағытталған тиісті шаралар қолдануымыз шарт. Қазақстандағы жоғары оқу орындарының міндеті: әлемдік стандарттар деңгейіне білім беру» – деп қадап айтқан болатын.

«Білім» сөзі – өте күрделі және көп мағыналы ұғым. Жалпы мағынасында білім – адамның жүйеленген білік, дағдыларды меңгеру үрдісі мен нәтижесі. Ақыл мен сезімнің дамуы, дүниеге көзқарас пен танымдық қабілеттің қалыптасуы. Білім мазмұнына тек оқыту нәтижесі ретіндегі білім, білік, дағдылар ғана кірмейді, бұл ұғым аясы болып жатқан оқиғаларды сын тұрғысынан ой елегінен өткізу, шығармашылықпен жұмыс істеу. Осы тұрғыда ғылыми әдебиеттерде білімге бірнеше анықтама беріледі. Мысалы: Білім – алдыңғы ұрпақтың кейінгілеріне онтогенетикалық тұрғыда генетикалық бағдарлама мен тұлғаның әлеуметтенуіне сәйкес тұлғаны қалыптастыратын әлеуметтік маңызды тәжірибені үздіксіз берудің ұйымдастырылатын және реттелетін үрдісі мен оның нәтижесі.

Әр елдің ұлттық білім беру жүйесінің ауқымы, құрылымы, және экономикасы, ғылымы, мәдениетімен өзара әсері әртүрлі болғандықтан, білім беру жүйесінің шығу түрі де әртүрлі. **XXI ғасыр** – ақпараттық қоғам ғасыры, мәдениет технологиясының ғасыры, адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау ғасыры. Адамзаттың дамуының жаңа жүйесі кезеңіне білім беру мен оқытудың жаңа модельдері сәйкес келуі қажет /27/.

Білім саласындағы Еуропалық кеңестің озық сараптаушыларының бағалауынша, бүкіл Халықаралық ұйым үшін де, барлық білім жүйелері үшін де төмендегі қайшылықтарды жою арқылы XXI ғасырдағы білім мәселелері шешілмек:

- жалқы мен жалпының арасындағы қайшылық;
- адамның өз арғы тегі, болмысын жоғалтпай әлем азаматына біртіндеп айналуы және өз аймағы мен ұлтының өміріне белсене араласуы;
- салт-дәстүр мен қазіргі заманғы үрдістер қайшылығы;
- түп-тамырын теріске шығармай қалыптасуы;
- басқалардың еркін және даму тәуелсіздігімен байланыс;
- ақпараттық қызмет саласындағы жаңа технологияның дамуымен байланысты техникалық үрдісті меңгеру;
- ақпараттың ереулі дамуы мен оны адамның меңгеру мүмкіндігі арасындағы қайшылық;
- мектеп бағдарламасының күрделенуі;
- қоршаған ортаны тану мен сақтауды қарастыратын пәндердің енуі.

Қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуы жолында білімнің рөлі артып келетіні белгілі. Бәрінен бұрын, бұл оқу курстарын түрлендіру, білім түрлерінің арасында немесе кәсіби тәжірибе мен біліктілігін арттыру арасындағы байланысты қамтамасыз ете алатын кадрлар дайындау жүйесіне қатысты. Ең алдымен, білім жинақтай білуге үйрету қажеттілігі туындап отыр. Сондықтан ең бастысы – оқуға деген оң көзқарастың дамуы. Шәкірттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға арналған оқытудың әдістелдері білім алушыларға құбылыстардың себептеріне толық ұғынуға, ережелер мен заңдылықтардың сырларын терең түсінуге, олардың ғылыми білімдегі орнын аңғаруға қолайлы жағдайлар жасайды. Мұндай әдістер, әсіресе, табиғатынан тұйық, өз ойын тәптіштеп түсіндіруге шалағай, өздеріне сенімсіздеу, талданған мәселелерден, баяндалған тақырып мазмұнынан тиісті байлам, түйін жасауда жасқаншақтық байқататын оқушыларға пайдасы ұшан теңіз екеніне көзіміз жетті.

Мектепте әскери курсында оқушыларды әскери мамандығына кәсіби тұрғыда бағдарлау мақсатында жоспарға сай жүргізілудегі сабақ барысында шәкірттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін жетілдіруге, дамытуға арналған оқыту технологиясы оларға еркін ойлауға, байқалған, баяндалған мазмұнынан тәуелсіз пайымдамалар жасауға мүмкіндік береді, шығармашылық белсенділігі жоғарылайды, ұжымдық қорытындыда өз үлесі бар екенін сезіп қуаттана марқаяды, келесі мәселелер түйінін шешуге еркін араласады, өз ойын жасқанбай айтуға үйренеді. Тақырыптың негізгі өзегін, бағытын, мән-мағынасын түсінеді, тіл байлығын жетілдіреді, өз ойын қысқа, мазмұнды, мағыналы, дәлелді баяндауға дағдыланады, пәнге қызығушылығы артады, ғылым негіздерін игеру әдістерін меңгереді, сөйтіп өзін келесі мәселені талдауға дайындайды.

Қазіргі замандағы білім беру тұжырымдамасының бағыты – ізгілік және тұлғаны қалыптастыру. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты мақсаты – ұлттық және азаматтық мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасай отырып, оның шығармашылық қабілетін және эстетикалық тәрбие беруді дамыту» – деп атап көрсетті. Осыған орай бүгінгі «Әскери дайындық» курс мұғалімдерінің алдында оқушыға білім, білік, дағдыларын игертіп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімдерін, ерік-жігерін, яғни жан-жақты, азат, шығармашыл дамыту міндеттері де тұр.

Биылғы жаңа оқу жылындағы өзгерістердің ең бастысы елімізде жаңа «Білім туралы» Заңның қабылдануы болды. Жаңа заң жаңа заман талабына сай білім беруді қамтамасыз етеді. Бұрынғы қолданыстағы заң осыған дейінгі білім беру жүйесіндегі негізгі міндеттерді жүзеге асырып келсе, жаңа ғасырда заман талабына сай өзгерістер енгізілуі қажеттілігі туындап отыр. Қабылданған Заңдағы ең маңызды жаңалықтардың бірі – педагог қызметкерлердің мәртебесі туралы норманың енгізілуі. Сонымен қатар білім саласын басқарудың мазмұны ашып көрсетілген. Білім беру саласындағы мемлекеттік билік субъектілерінің құзіреті жазылған. Заның осы бөлігінде тұңғыш рет Қазақстан Республикасы Президентінің құзіреті жеке бап ретінде енгізіліп отыр. Елбасы білім жүйесіне ерекше назар аударумен қатар, білім сапасын дамыту мен жаңа технологиямен оқыту, мектептердің базалық қорын нығайтуға баса назар аударып отыр /28/.

1. *Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N319 Заңы Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N20, 151-құжат; "Егемен Қазақстан" 2007 жылғы 15 тамыз N254-256.*

2. *Назарбаев Н.Ә. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан». ҚР Президенті Қазақстан халқына жолдауы. 28 ақпан. – Астана, 2007.*

3. *Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Егемен Қазақстан (ақпан). – Астана, 2006.*

4. *Назарбаев Н.Ә. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауы. // Егемен Қазақстан (наурыз). – Астана, 2007.*

5. *Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы N29 Заңы Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., N1-2, 1-құжат; "Егемен Қазақстан" 2005 жылғы 12 қаңтар N6.*

Резюме

Формирования возможности учащихся патриотических качеств в средних специальных образованиях.

Summary

In this article is considered shaping the possibility students patriotic quality in average special formation.

А.С. Маханова – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің педагогика және психология мамандығының 4 курс студенті, ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Р.Е. Каримова*

Қиын балаларды тәрбиелеу отбасынан басталады. Қиын балалардың отбасындағы беріктігі және өнегелі отбасында өнегелі ұрпақ тәрбиеленетіні сөзсіз. Қиындықты шешудің негізгі жолы – отбасында қарым-қатынастарды орнату. В.Сухомлинский тәрбиені отбасы жағдайын зерттеуден бастайды. Ол баланың сабақ үлгерімінің жақсаруымен қоса денсаулығының мықты болуына, ой-өрісінің кеңеюіне көңіл бөлді және балалардың 3-4 сыныптарға дейін бірқалыпты, тәртіпті болып келіп, 4-сыныптан кейін бастайтындығын түсіндірді. Ересек кезең – бала тәрбиелеудегі ең қиын кезең екендігін айта келіп, ата-аналарды балалармен сырласуға шақырады. Отбасының қоғам мен мемлекет, тіпті күллі адамзат алдындағы атқаратын қажеті сан қырлы. «Отан отбасынан басталады» десек, адам тәрбиесі – Отанды сүю, өмірге құштарлық, сұлулықты тану бала бала кезден жанұяда басталатыны баршаға аян. А.С. Макаренко: «Тәрбие – баламен сөйлесумен, оған ақыл-кеңес берумен ғана шектелмейді. Тәрбие – тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы үлгі-өнеге көрсетуінде», – деген ғой. Баланы жас кезінен бастап сыйлап, қадір-қасиетін, ар-намысын бағалап, дұрыс сөйлеп, дұрыс қарым-қатынас жасаған абзал. Баланың айтайын деген өтінішін, ақылдасқысы келген мәселесін ата-анасы тыңдап, ақыл-кеңес беруі керек. Ата-ана отбасындағы үлкендерді сыйлап, құрметтесе, кішілерге қамқор болса, бала да сондай болуға ұмтылады. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол екені белгілі. Л.Керімов қиын балалар тәрбиесі мәселесіне арналған зерттеулерінде «қиын» оқушыны зерттеуді, ең алдымен, отбасындағы тәрбие жағдайын білуден бастауды ұсынады. Баланың жетіліп қалыптасуында отбасының орны ерекше екенін түсіндіре келе, оқушыға қиын атануға алып келетін ата-аналардың балалармен, мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасындағы бірнеше кемшіліктерді көрсетіп берген. Бұл қиындықты шешудің негізгі бірден-бір жолы – отбасындағы ізгілікті қарым-қатынастарды орнату. Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін отбасы қоғаммен тығыз байланыста болуы керек. Ғалым-педагог И.Гребенников отбасы қызметін 5 топқа бөледі: ұрпақ жалғастырушылық, экономикалық, тәрбиелік, қарым-қатынастық және бос уақытты демалуды ұйымдастыру. Демек, отбасында ата-ана осы қасиеттерді барынша бірігіп, жақсы ұйымдастыра білсе және педагогикалық жағынан білімді, психологиялық әдіс-тәсілден хабардар болса, отбасындағы ахуал ерекше болмақ. М.Жұмбаев «Педагогика» ғылыми еңбегінде «жас бала – жас бір шыбық, жас кезінде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қатып қалмақ» деп түйін жасайды.

2. Қиын балаларды тәрбиелеудегі ұстанымдар. Оқушының жан-жақты тәлім-тәрбие алуға, олардың ішкі қасиеттерін анықтап, дарынын шыңдап, сол арқылы өздері көздеген тәрбие бұлағына жағдай жасауымыз қажет. Оқу – санқырлы рухани өмірдің тек бір ғана құрамды бөлігі. Егер ұжым ішінде идеялық, азаматтық, интеллектуалдық, еңбектік, эстетикалық қарым-қатынастар болған жағдайда оқушылар толық мәнді рухани өмір сүре алады. Тәрбие күшіне ену дегеніміз – өз жұмысына, ісіне сену. Себебі, нағыз сенім бар жерде ғана, нағыз талашылдық, еңбек тәртібі болады. Қазіргі жас ұрпақтардың – болашақтағы еліміздің ертеңі болып табылатын балалардың сана-сезімін, мінез-құлығын, ақыл-ойын дамыту үшін өзін-өзі басқаруды нығайтып, ұжымдық шығармашылық істерге дағдыландырудың тәлім-тәрбиелік маңызы үлкен. Мектепте оқудан тыс уақытта оқушының таңдауына сәйкес келетін, олардың қабілеті мен ішкі қажеттілігін қамтамасыз ететін іс-әрекеттерді ұйымдастыру көзделді. Соған сай олардың қабілетін ашуға мүмкіндік туғызатын спорт, дене еңбегі, қолөнер, техникалық шығармашылық т.б. іс-әрекетті үйрету үйірмелері мен секциялар ұйымдастырылады. Әр оқушы кез-келген үйірмеге, секцияға, клубқа өз жүрегінің қалауымен қатынасып, өзінің жеке басына тән қасиетін, яғни өзіндік «менгін» басқаларға танытуға мүмкіндік алады. Әсіресе, ұстазбен оқушының өзара түсіністігі, оқушыға сенім көрсету, іс-әрекетке ерік беру, көтермелеу, адамгершілік қасиеттерін танытуда, өзін-өзі тануға, өзін-өзі тәрбиелеуге жағдай туғызу. Ең бастысы, тәрбие ісінің нәтижесін бағалап, оны іске асырудың сұрақ-жауап, дәстүрлі бағалау, ұстазбен оқушының пікірлесуі арқылы іске асыру. Қиын оқушылардың пайда болуына себепті факторлар:

1) Отбасы тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауы, яғни тұрмыстағы ұрыс-талас, даужанжал, баланың табиғи психологиялық ерекшеліктерін ескермеу, ата-ананың біреуінің болмауы т.б. Жағдайлар себепті болады. Қоғамдық ұйымдар мен жұртшылықпен жүргізілетін жұмыстың әсіресе, оқушылар

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. «Бастауыш мектеп және дене мәдениеті» сериясы, № 3 (34), 2012 ж. тұратын микроаудандарда күрт төмендеуі. Қиын балалардың пайда болуына бірден-бір себепті болатын және жағымсыз жағдай туғызатын – отбасы тәрбиесі. Оның басшылары: баланың күнделікті жүріс-тұрыстарын қадағаламау; оның көзінше арақ-шарап ішу, дау-жанжал, ұрыс-керіс туғызу. Екіншіден, тәрбиенің көзі, баланыкиіндіру, тамақтандыру, мұн-мұқтаждын қамтамасыз етуідеп санаушылық. Жастайынан еңбектену әдет-дағдыларын қалыптастырмау, баланың жан дүниесіне көңіл аудармау, отбасындағы ажырау және жаңа адамның отбасы мүшесі болып етуіне себеп болады. Мысалы: зерттеулердің қорытындысы дәлелденгендей тәртібі нашарлаған оқушылардың көбі ата аналардың моральға жат қылықтарымен өз балаларына теріс әсерлер жасаған. Баланың тәрбиесіне кері әсер ететін келеңсіз жағдайларда (ұрыс-керіс, дау-жанжал), бірін-бірі сыйлау сияқты қасиеттердің сезбейтіндігі аян. Қиын балалардың жұмыс істеудің негізгі шарттары:

1) Әрбір қиын баланы жан-жақты зерттеп, мінез-құлықтарының бағыт-бағдарын айқындау, оның ішіндегі адамгершілік типтегі қасиетін іріктеп алу;

2) Әрбір оқушының адамгершілік сынды тәжірибелердің құра біліп, соның негізінде тәртіпті, айналасындағы өмірге көзқарасты, ұжымдық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруды ұйымдастыру.

3) Әрбір жеке тұлғаның ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне және творчестволық талап-тілектеріне орай, қабілеті мен икемдерін дамыту, қоғам жұмыстарына қатыстыру;

4) Кейбір қиын оқушылардың оқу-тәрбие процесінде ұжымдық өмір қарым-қатынастарында ұсқынсыз ауытқушылықтар болса, деп кезінде өол үшін беріп, одан сақтандыру, оны туғызатын әрекеттерді жою. Әңгімелеу оқу-тәрбие процесінде ең қажетті құралы. Оқушының жеке басына түскен жағдай, оны ортаға салуға болмайтындай болса, онда мұғалім тәжірибелі педагог баламен жеке сырласу арқылы көздерін жеткізеді.

Бүгінгі таңда мектептің негізгі міндеті – баланың бастапқы тұлғалық қалыптасуын қамтамасыз ету, оның қабілеттерін айқындау және дамыту болып отыр.

Өсіп дамып келе жатқан бала бойында алуан түрлі қасиеттер байқалады. Осы бір көп сырлы қасиеттердің жағымды, жағымсыз жақтарымен қатар, елеусіз мінез көріністері де бала бойында болады. Бала мінезінің жағымды жақтарына қайырымдылық, инабаттылық, сыйлаушылық, шынайы адалдық, жақсы-жаманды айыра білушілік, алдағы өмір жолына ұмтылушылық жатса, ал нашар мінез көріністеріне тұрақсыздық, өтірік айтушылық, өзімшілдік, беймазалық, ұшқалақтық сияқты қасиеттер жатады. Бала бойында назар салып бақылағанда байқалатын қасиеттерге: өзіне-өзі сын көзбен қарап, мінездегі кемшіліктерді сезіну, әділетті, әділетсіздікті аңғаруы, ойлаған мақсатын орындап шығу үшін шыдамы мен іскерлігі жатады. Егер бала мінезіндегі көріністер өмірімен сабақтасып, тәрбиемен ұштасса, бала қайырымды, бір сөзді, батыл жүректі, табанды болып ер жетеді. Ал бала бойында ынжық мінез қалыптасса, онда сылбырлық, жалқаулық, күйгелектік, қорқақтық мінездер пайда болады. Бала өскен сайын көп көріп, естіп білуге ұмтылады. Өз ойын айту, басқалармен достасу, пікірлесу сияқты мінез-құлық қалыптасады. Баланың дамып, нықталып келе жатқан мінезін дұрыс жолға сала білудің маңызы зор.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге жүгінсек, тәрбиелеудің негізгі екі арнадан тұратынын көреміз. Біріншісі – бала көзін жеткізуі, екіншісі – жақсы әдет-ғұрыпқа дағдыландыру. Осы екі жолды қатар бір-бірінен ажыратпай байланыстыра жүргізсе, бала мінезі саналық жолға бағытталады.

Оқушының мінез-құлықтарының ерекшеліктерін анықтау үшін төмендегі тәсілдерді ұсынамыз:

1. Оқушының тәртібін сабақ үстінде және сабақтан тыс кезеңде бақылау;
2. Оның қызметін талдау (әр пән бойынша дәптерлері, бақылау жұмыстары, шығармалары т.б.);
3. Оқушыдан оны не қызықтыратындығы және жақсы көретін сабақтары жөнінде әңгімелесу.

Қозғап отырған мәселеміз оқушылардың жеке басының қасиеттерін зерттеу болғандықтан, онымен жүргізілетін жұмыстардың әдіс-тәсілдеріне тоқталайық. Бала бойындағы бір күн байқалмаған қасиет екінші күні байқалып отырады. Сондықтан оқушыларға арналған күнделік жүргізу керек деп ойлаймыз. Онда әрі қысқа, нақты жазылады. Оқу жылы соңында "Мен қандай оқушымен" деген тақырыпта тәрбие сағатын өткізіп, жазылған психологиялық күнделікпен оқушыны таныстырамыз. Әр оқушының мінез-құлқына талдау жасап, сенің бойыңда мынандай жақсы қасиеттер бар. Сол үшін сені жұрттың бәрі ұнатады, сенің бойыңда мынандай жағымсыз қасиеттер бар деп, оның зиянды екенін түсіндіріп отыру қажет сияқты.

Әрбір оқушының жеке басын тәрбиелеудің стратегиясын білу үшін сынып жетекшісі тек қана оның күшті және әлсіз жақтарын біліп қоймай, сонымен қатар оның оқитын, тұратын жерін және

қарым-қатынас жасайтын жақтарын білу қажет. Ол үшін әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы ата-аналармен тығыз байланыста болуы керек: әңгімелесу, ата-аналар жиналысы, анкеталық сұрақтар қою, ата-аналардың психологиялық, педагогикалық білімдерінің деңгейімен танысу. Оқушының ары қарай жетілуінің бағдарламасын құрмастан бұрын, мұғалім оған әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы өзіндік бақылау және өзіндік талдау жасауға көмектеседі. Бұл мақсаттарда мына тақырыптарға әңгіме жүргізуге болады: "Сіз қарым-қатынас жасай аласыз ба?", "Жалқаулықпен қалай күресуге болады?", өнегелі тақырыптағы диспут, дискуссиялар: "Мен кіммін?", "Өзінді таны және жетілдір!" т.б. [2].

Сонымен оқушылардың өзіндік бағалауы қандай деңгейде екендігін анықтаймыз. И.Әбеуованың "Мінез-құлқ мінбесі" мақаласы бойынша және мінез-құлқында қиындық бар оқушыларды анықтау жолдары оқулығына сүйене отырып, мінез-құлқында қиындығы оқушыларды анықтап, қиындықтар не себептен пайда болатынын мына кесте арқылы көруге болады.

Мектепке балалар көбінесе отбасынан мінез-құлқы қалыптасып келеді де, бұдан кейінгі оқу-тәрбие ісі оларға ата-анасы берген қабілеттерін шыңдау үшін бағытталады. Міне осы орайда балалардың бойындағы жағымды қасиеттерді оятып, жағымсыз әдеттерді жою талабы психологиялық, педагогикалық іс-әрекеттердің тиімділігіне байналасы. Балада тұрақты жағымды қасиеттер, дұрыс мінез қалыптасуы үшін мына негізгі шарттарды орындау керек деген ұсыныс береміз:

1. Баланың өз қолынан келетін іске толық ерік беру. Басқаның күшіне, көмегіне сеніп кетпей, өз қолынан келетін істе ғана ата-ана көмек көрсетіп жіберуге міндетті.

2. Баланы еркіне жіберу оны ерлікке, батырлыққа үйретсе, тәртіпке бағындыру оны шыдамдылыққа, табандылыққа үйретеді. Баланы еркіне жібермеу оны жасқаншақ, қорқақ етеді, баланы бейбастық, ессіз, тентек етіп шығарады.

Сонымен педагогикалық тәрбие алу жағынан құлдыраған оқушылармен жұмыс істеудің тәсілдері мен негізгі жолдары неде?

Педагогикалық тәрбие алу жағынан құлдыраған оқушылармен жұмыс жүргізгенде негізгі принциптік жолдары төмендегідей:

Біріншіден, жасөспірімнің дамуына кедергі болатын мынадай себептер топтамасы бар:

а) жанұя жағдайының жасөспірімге кері әсері;

б) мектептегі сәтсіздіктер, мектеп ұғымы мен мектеп өмірінен оқушының тыс қалуы;

в) қоршаған ортаның әсері.

Тәрбие жұмысының стратегиялық бағыты жанұяны, мектепті, оқушыны, қоршаған ортаны қамтуы қажет.

Жанұяда ата-аналардың қиын балаға деген көзқарасын, қатынасын өзгертуді талап ету керек. Сонымен қатар мектептің де қиын балаға деген қарым-қатынасын өзгерту шарт. Егер жанұядағы тәрбие жұмысы ақсағанда оны мектеп орнын толтыруы қажет. Осылармен қоса қиын балалардың қоршаған ортасымен де жұмыс жүргізіп, олардың тәрбиесін дұрыс арнаға бұруға тырысу керек; егер ол мүмкін болмаса оқушыны бұл күдікті ортадан аластатуға жұмылу керек.

Мұндағы мақсат – оқушыларды ойландыру, асықпай, ақылға салып мәдениетті, интеллектуалды шешім қабылдауға үйрету, біреудің ақылымен жүрмей, бірақ "Серігіңнің де айтқанын ой елегінен өткіз", – дегендей шешім қабылдау.

Үшінші бағыт – денсаулық зақымдануының, жүйке тамыр бұзылуының психологиялық-педагогикалық тұрғыдан алдын алу жолдары. Мұнда да үш тұрғыдан алып қарауға болады.

Біріншісі – психологиялық тұрғыда. Баланың іс-әрекет, мінез-құлқына психологиялық тұрғыда баға беру. Мұнда оның нейродинамикалық, психологиялық-физиологиялық, денсаулығына байланысты қарап, баланы сол өзінің өмір сүрген ортасына бейімдеу. Екіншісі – медициналық тұрғыда. Бұл баланың денсаулығына байланысты. Оның өзі құрбыларының бөлек ерекшеленуінің, соның ішінде психологиялық-физиологиялық, неврогендік себептері, сол кемшіліктерді докторлардың жәрдемімен, дәрі-дәрмектің көмегімен емдеу. Үшіншісі – педагогикалық тұрғыда. Осы жоғарыда көрсетілген психологиялық медициналық тұрғыдан қаралған көмектерді педагогикалық тұрғыда жетілдіру, тәрбиелеу, түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру, сондай жағдайға жібермеудің алдын алу, профилактика жүргізу.

Бұл мәселені шешуде психолог, медик, педагог бірігіп, әрқайсысы өз жұмысына жауап іздеп тапса, онда мәселе онды шешіледі. Мысалы, медик баланың невроз болуының себебін педагогтардан білуі тиіс. Себебі, ол қарым-қатынастан туындаған проблема. Ал қарым-қатынас педагогиканың проблемасы. Ал невроздың не екенін педагогтар медиктерден білуі тиіс.

«Қиын» оқушыларды тәрбиелеу және оқыту қазіргі таңда психикалық қиындық проблема ретінде күн тәртібінде түспей отырғаны мәлім. Мұның өзі «қиын оқушылар» санының жылдан жылға өсіп отыруымен байланысты болып табылады. Бұл уақыттарда «қиын оқушыларға» көбінесе жас өспірімдер жатқызылса, бүгінгі таңда бастауыш сынып оқушыларының арасында да осы категорияға жататындар да аз емес. Сондықтан «қиын оқушыларды» ерте жастай басынан кезеңінен бастап қолға алып, олардың саналы білім мен сапалы тәрбие алуларына мүмкіндік жасалуы қажет. «Қиын оқушыларды» тәрбиелеу жүйесінде адамгершілік тәрбиесі аса маңызды орынға ие болады. Қазіргі кезде бастауыш сатыда оқушының жалпы және психологиялық дамуының жеткілікті деңгейіне қол жеткізу үшін ең алдымен бұрынғыша пәндік білім, біліктердің белгілі бір жиынтығымен қаруландыру емес, оқу әрекетін қалыптастыру негізінде жеке бас тұлғаны тәрбиелеу мақсаты қойылып отырғаны белгілі болып отыр. Мектептегі шәкірттеріміздің бойында халқымыз ғасырлар бойы қастер тұтып келген арнамыс, ождан имандылық, инабаттылық, мейрімділік, кіші пейілділік, ата-мекеніне, еліне сүйіспеншілік сияқты асыл қасиеттерді тәрбиелеу заман талабынан туындап отырған мәселе. Сондықтан оқушылардың ішіндегі ерекше категория болып табылатын «қиын оқушыларға» адамгершілік тәрбие берудің формулаларын әдіс-тәсілдерін жетілдіру аса қажет, бұл міндеттерді жүзеге асырудың бастауыш буыннан басталатыны белгілі.

Табиғат пен қоғам құбылыстарына қиындық тұрғысынан қарау адам өмірінің негізі болып табылады. Қиындық қатынас адам мен қоғам өмірінде жалпы ортақ және мәңгілік фактор болып табылады. Ғылыми әдебиеттерде құндылық түсінігіне әр-түрлі анықтамалар берілді. Филологиялық тұрғыдан алсақ, құндылықтар адам үшін пайдалы, яғни адамзат қоғамының іргелі даму мен адамның жеке тұлғасын жетілдіруге тиімді ықпал ететіндердің барлығы болып табылады.

Адамгершіліктің өрісі кең, бұл қасиет әр адамның еңбекке қоғам өмірінде, тұрмыста көпшілік орында өзін ұстауынан басқалармен қарым-қатынасынан, жүріс-тұрысынан, қимылынан байқалады. Адамгершілігі мол адам бақытты, ел жұртына қадірлі, қоғамға да пайда келтіреді. Яғни маңайындағыларға үлгі-өнеге бола алады. Сондықтан «қиын оқушыларды» жас кезінен адамгершілік қасиеттерге баулу олардың келешекте азамат болып қалыптасуына кепілдік береді.

Адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері: а) адамгершілік сананы қалыптастыру; ә) адамгершілік сезімдерді тәрбиелеу және дамыту; б) адамгершілік мінез құлық біліктілігі мен әдеттерін қалыптастыру.

Бастауыш сыныпта «қиын оқушыларды» адамгершілікке тәрбиелеу ең алдымен оқыту процесінде жүргізіледі. Баланың адамгершілік қасиеті сабақ үстінде, мұғаліммен және құрбы-құрдастарымен ұдайы қарым-қатынасында қалыптасады. Халық адамгершілік қасиеттерін жоғары бағалаған. «Жігіттің құны жүз жылқы, ары мың жылқы», – іспеттес мақал-мәтелдер соның айқыны.

«Қиын» оқушыларда адамгершілік қатынасты қалыптастыру бағытында ұйымдастырылатын тәрбиелік істерге адам санасының адамдық мәдениетінің бір бөлігі мораль туралы түсінікті қалыптастыру соның негізінде оқушыларда адамгершілік ой пікірлер мен сенімдерді тәрбиелеу жатады. Осы бағытта этнопедагогикалық құралдарын пайдалану арқылы «қиын оқушылармен» ұйымдастырылатын жұмыс жоспарын білуге болады. Тәрбиелік істерді ұйымдастыруға қойылатын педагогикалық талаптар: «қиын оқушыларға» адамгершілік тәрбие беруде этнопедагогика құндылықтарының алатын орны және атқаратын рөлін сапалы олардың білімділік дамытушылық және танымдық мүмкіндіктерін жүзеге асыру, тәрбиелік іс-әрекетте қолдану аясын көрсету. Ғылым педагогикалық, психологиялық фольклорлық құндылықтардың алатын орнымен озат мұғалімдердің іс-тәжірибесін жинақтау, талдау ауыз әдебиетімен оқып үйрену, баланың адамгершілік саналарының қалыптасуына ықылас жасайтынын көруге мүмкіндік береді.

Бізге белгілі деректерге қарағанда мектептегі қиын балалардың салдарынан қылмыс жасау фактілері, темекі шегу, алкогольдік ішімдіктерді пайдалану, сонымен қатар нашақорлық бұрынғыға қарағанда біршама көбейген. Ал бала мұндай әрекеттерге мұғалім мен ата-ана бақылауынан шет қалған кезде баратыны белгілі. Алдымен бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөліне келсек көз алдымызға көптеген міндеттермен жауапкершіліктер келетіні анық. Өйткені бала тәрбиесімен бірге ата-ана балаларының дүние тамақтануы мен бүтін өз замандастарынан кейін қалдырмауға т.б. осы сияқты мәселелерге тікелей жауапты. Баланың тәрбиелі білімді болып өсуіне де ата-ананың қосар үлесі орасан. Ата-аналарынан мектеп қабырғасында жылылық сезінбеген жас өспірім өмірде «мен ешкімге қажетсізбін», – деп санап уайымға жиі саналады. Осындай іс-әрекеттің салдарынан мінез құлқы күрт өзгере бастай-

ды. Бұл құбылыс кәзіргі таңда қала балаларында көптеп кездесіп жүр. Ата-аналар жас өспірімдердің мінезіндегі ауытқуларға назар аудару олардың психикалық әр-түрлі ауыр жағдайларға шалдығуына себепші болып отыр. Сондықтан да бастауыш сынып оқушысының арасында мінез құлқында қиындықтары бар оқушылар бүгіндері көптеп кездесіп жүр. Мектеп те мұндай оқушыларды мінез-құлқында ауытқулары бар оқушылар қиын тәрбиеленуші қиын балалар деп әр түрлі атпен атайды.

Педагог-ғылымдар «қиын» балалар мәселерін жан-жақты зерттеуде. Бұл мәселемен 20-30 жылдары еліміздің аса көрнекті педагогтары мен психологтары А.Макаренко, Шацкий, Выготский, Блонский шұғылданды. Ол елуінші жылдарға дейін объективті жағдайларға байланысты тоқырап қалды да, тек сол жылдардан кейін «қиын» балалар мәселелерімен шұғылданушылардың жемісті ғылыми еңбектері шыға бастады. Зерттеу жұмыстарының дәлелденуіне қарағанда «қиын» балалардың шығуына бірнеше себептер болады. Отбасы тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауы, ата-ананың болмауы, дұрыс талап қоймаушылық жағдайлар себеп болады. «Қиын» балалардың тәртіптерінің нашарлауының тағы бір себебі жұртшылықтың, қоғамдық ортаның тәрбие процестеріне толық көңіл бөлмеуінен. Балалардың тәртіптерінің төмендеуі мен нашарлауы 3 топқа бөлінеді. I-топқа күнделікті мектеп режимін бұзатын, оқығысы келмейтін, кішігірім ұрлық жасап, анда-санда темекі тартып шаршап ішетін оқушылар жатса, II-ші топқа осындай кемшіліктермен қатар қоғамдық орындарда бұзақылық жасап, үлкендерді сыйламайтын оқушылар жатқызылады. III-ші топқа денсаулығы нашар, ақыл-ойы өз жасына сәйкес дамымаған, нерв жүйесі әр-түрлі ауруларға ұшыраған жасөспірімдер жатады. Осылардың барлығы қазақ тілінде шыққан педагогикалық әдебиеттерде «қиын»балалар деп аталады. Ал, негізінде, I-топтағы оқушыларды «тәртібі төмендеген оқушылар», ал II-ші топтағы оқушыларды «тәртібі нашар оқушылар» деп атап, III-ші топтағы оқушыларды «тәрбиеленуі қиын оқушылар» деп атаған орынды. Біздер осы оқушылардың бәрін де бір топқа жатқызып қателесудеміз. Себебі I-ші және II-ші топтағы оқушыларды ғылыми негізде ұйымдастырылған оқу-тәрбие процесінде 1-2 жылда қайтадан тәрбиелеуге болса, III-топтағы оқушылардың сырқаты болғандықтан ұзақ тәрбие жұмыстарын жүргізіп, қажет болғанда емдеу әдіс ұйымдастырылады. Сондықтанда зерттеушілер осы топтағы оқушыларды ғана «тәрбиеленуі қиын оқушылар» деп аталынуы керек деп кеңес береді.

1. Блонский. П.П. Трудные школьники. – М., 1930.
2. Невский И.А. О трудных школьниках. // Советская педагогика, 1969 – №7. – 59 б.
3. «Бастауыш мектеп» №2 2007 ж. – 7-9 б.
4. «Бастауыш мектеп» №3 2006 ж. – 23-28 б.
5. «Бастауыш мектеп» №3 2004 ж – 10-12 б.

Резюме

В статье автор приводит методы и работы в воспитании трудновоспитуемых детей.

Summary

Methods in upbringing the difficult children are given in this article.

НЕЗАВИСИМОСТЬ – НАША ГЛАВНАЯ ЦЕННОСТЬ

Р.Каписова – кафедра Т и М НВП студент 2-го курса КазНПУ им. Абая,
К.А. Кулатаев – научный руководитель: преподаватель

Сейчас Республика Казахстан является молодым независимым государством. Однако за период независимости в стране произошло значительные преобразования, как в государственной сфере, так и в жизни её граждан. Многие из сегодняшних студентов родились во время существования СССР и стали свидетелями той переломной вехи в истории становления нашего государства. 25 октября 1990 года – особая дата для граждан Казахстана, символизирующая завершение старого этапа истории и начало новой страницы развития Республики. Что же произошло за весь период с момента развала СССР и рождения нового независимого государства?

"Казахстан за 20 лет независимости достиг таких результатов в экономике, которых не смогла достигнуть ни одна страна в мире", – заявил президент Казахстана Н.Назарбаев, выступая с ежегодным обращением к народу страны. Эти слова произнёс человек, который главным образом повлиял на историю развития страны с момента обретения независимости [1].

Рассмотрим основные события, который пережил Казахстан за годы становления своей независимости:

- 25.10.1990 г. – День провозглашения суверинитета, который стал переломным в истории государства;
- 29.08.1991 г. – Указом Президента закрыт Семипалатинский ядерный полигон, что получило высокую оценку мирового сообщества;
- 16.10.1991 г. – Глава государства подписывает закон о выборах Президента Казахской ССР, согласно которому были проведены первые всенародные выборы лидера страны;
- 1.12.1991 г. – Состоялись первые всенародные выборы Президента Республики Казахстан, на которых главой государства избран Нурсултан Назарбаев;
- 16.12.1991 г. – В Казахстане был принят Конституционный закон о независимости в РК;
- 24.01.1997 г. – Принят закон "О языках в Республике Казахстан".

Первым законодательным актом страны стала Декларация независимости. Это правовой документ, утверждающий основные принципы права и свободу человека.

С обретением 16 декабря 1991 года суверинитета Казахстан провозгласил своим официальным политическим курсом реформирование отношений в обществе и государстве, направленных на построение демократии, правового государства и рыночной экономики. С этого момента в стране началось осуществление последовательного перехода от политической системы советского типа к новой государственности, в основу которой положены демократические принципы.

Условие, в которых мы начали своё "продвижение вперёд", в большинстве своём были не благоприятны. Страна переживала системный социально-экономический кризис, следствием которого стали спад в промышленности гиперинфляция. Смена экономической формации привела к резкому снижению уровня жизни населения.

При этом отсутствовали даже зачатки рыночной экономики как одной из главных экономических предпосылок для осуществления политических реформ. Всё это происходило на фоне усиления политизации этнического фактора, обострение межнациональных отношений.

Сегодня отечественные эксперты говорят о "феномене Казахстана": "вопреки ожиданиям глубокого экономического коллапса и, как следствия, детонации политического социума, страна сумела бескровно и почти без всплесков гражданского неповиновения пройти труднопреодолимый путь признания государства в международном сообществе как равноправного члена. Суть этого феномена – Казахская модель политического развития, содержание которой определяют факторы политической истории Казахстана:

- унитарный характер государства как гарантии целостности страны и успешности, политических преобразований;
- социально-экономическая модернизация народнохозяйственного комплекса;
- социально политическая значимость посланий президента Н.Назарбаева народу Казахстана, которые предопределили обусловленность проведения поэтапных политических реформ по фарватеру экономического благоприятствования;
- формирование Казахстанского социума не как новой этнической общности граждан разных национальностей на основе их гражданского самоопределения;
- объективное видение и своевременное реагирование на внутренние и внешние вызовы национальной безопасности;
- становление Казахстана как субъекта новых геополитических реалий и действующего игрока на международной арене [2].

20 лет назад Казахстану предстояло избрать единственно верный путь реализации обретенной независимости. Это был путь поступательного движения вперёд, обеспечивающий стабильное и процветающее развитие. Казахстану предстояло с нулевой точки отчёта начать строить систему экономических и политических преобразований. Процесс модернизации общества был возглавлен Лидером нации, Первым Президентом Республики Казахстан Нурсултаном Абишевичем Назарбаевым, поддержанным народом страны. Способность уловить момент истины, которым обладает лидер Отечества, всегда выводила нашу страну на магистраль успеха, укрепляя уверенность в будущем.

Начало казахстанского пути независимости было отмечено тем, что благородную и сложную миссию по определению стратегии будущего развития страны наш народ доверил своему первому Президенту. В тот исторический момент казахстанцы не сомневались в созидательном таланте Н.А. Назарбаева как Лидера нации, общества и государства. Время доказало правильность всенародного выбора. В исто-

рическом плане сказанное составляет суть и отправную точку современной истории независимого Казахстана.

Вот уже на протяжении 20-ти лет Н.А. Назарбаев является генератором идей по укреплению независимости и обеспечению её безопасности. Осмысление пройденного пути страны показывает, что он не был устлан ковром из роз успеха. Коллизии современной истории были и остаются весьма сложными. Масштабное видение проблем и оригинальный замысел их разрешения, выдвинули Президента Казахстана на уровень мировых политических лидеров. Благодаря его деятельности современная история Казахстана ознаменовалась качественно новым уровнем государственности, реальным суверенитетом и трансформацией всей общественно-политической системы. Стратегии независимости, с которыми, начиная с 1997 г. выступил Президент Н.А. Назарбаев легли в основу видения модернизации современного казахстанского общества и укрепления государственности нашей страны в условиях нового мира.

Набирающие в стране темпы социально-экономических преобразований поставили вопрос о формировании нового типа личности и генерации строителей независимого государства. Во главе со своим лидером им суждено было стать творцами современной истории.

Сегодня Казахстан уверенно справляется с трудностями, вызванными мировым кризисом. Продуктивность различных отраслей развития обеспечивается гармоничным сочетанием физической инфраструктуры, профессионального опыта, организационных конструкций и механизмов стимулирования, которые, в конечном итоге, сказались бы на качестве индустриально-инновационных приоритетов казахстанского общества и благосостоянии народа Казахстана. Первостепенной стала задача выхода страны за горизонт кризиса через обновление и развитие интеллектуальной нации.

В Казахстане на повестке дня стоит задача формирования интеллектуальной нации, которая затрагивает целый комплекс внутренних вопросов. Продуктивность различных отраслей развития обеспечивается гармоничным сочетанием физической инфраструктуры, профессионального опыта, организационных конструкций и механизмов стимулирования, которые, в конечном итоге, сказались бы на качестве индустриально-инновационных приоритетов казахстанского общества и благосостоянии народа Казахстана.

С другой стороны, на новый уровень ставятся вопросы, касающиеся науки и образования, управления академической деятельностью, административного управления и финансирования, требований обеспечения качества, прав интеллектуальной собственности, отвечающих критериям XXI столетия, «эпохи знаний» со всеми вытекающими культурными, экономическими и социальными последствиями.

Казахстанский образ гуманного отношения к происходящим в мире изменениям основан на широком видении существующих проблем. Сегодня не достаточно быть простым наблюдателем и созерцателем. Реальный вклад каждого гражданина Казахстана должен основываться на стремлении выйти из создавшегося положения посредством новых знаний, освоения новых специальностей, обретения новых навыков. Первостепенным средством в этих условиях станут историко-культурные, научные и образовательные аспекты взаимодействия Казахстана с народами Востока и Запада в прошлом, настоящем и будущем.

Новый этап, переживаемый обществом, требует новой мобилизации общества, наращивания целеустремленности и напористости в труде. Образование и наука должны в полной мере проникнуться этой государственно-значимой установкой. Они должны в это сложное время продемонстрировать высочайшую конденсацию общественно востребованной энергии.

За годы независимости в Казахстане было создано новое государство, которое имеет собственные институты власти и является влиятельным членом мирового сообщества, где гарантированы его безопасность и независимость, так как в Казахстане заложен прочный фундамент демократического пути развития на основе преобразования государственных и политических структур управления.

На протяжении 20 лет полностью перетерпела трансформацию внутренняя экономическая система республики: сформированы рыночные отношения и институты, которые ориентированы на развитые цивилизованные государства. Благодаря этому Казахстан становится страной, занимающей свое собственное место в мировой экономике.

В течении 20 лет было построено открытое общество, в котором утвердились демократические институты, защищающие на основе Конституции права и свободу человека и гражданина.

За годы независимости выросло новое поколение казахстанцев, которое избавлено от жестоких оков бывшей тоталитарной идеологии и уважает подлинные демократические ценности и цели.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. «Бастауыш мектеп және дене мәдениеті» сериясы, № 3 (34), 2012 ж.

За двадцать лет Независимости была проделана огромная работа в направлении роста национального самосознания, уважения богатых исторических и национальных традиций, знакомства всего мира с демократическими традициями казахского народа, соединения его богатого духовного наследия с мировой цивилизацией и интеллектуальной элитой, связывания ценностей традиционной культуры народов Казахстана с ценностями либерально-демократического общества.

Казахстан, который является единственной родиной казахского народа и других этносов, проживающих на его территории, показал всему миру яркий пример мирного сосуществования народов и сохранения духовного и общественного согласия, сотрудничества, проявления заботы о гармоничном развитии различных национальных культур и межконфессиональных отношений в республике.

Все проводимые в Казахстане за годы независимого развития реформы были социально ориентированы, что позволило избежать крупных политических катаклизмов, которые произошли в других странах, вступивших на реформенный путь. Эти годы вобрали в себя множество реальных дел, благодаря которым общесвенно-политическая ситуация в стране характеризуется как стабильная, благополучная и спокойная [3].

Заканчивая статью, хотелось бы сказать " Мы молодёжь являемся ровесниками нашей страны. Мы развиваемся и смотрим в будущее вместе с ней. За эти 20 лет мы приобрели многое. Мы уверенно смотрим в будущее, мы знаем что земля, на которой мы живём – это наша собственность, которую надо беречь. Мы с уверенностью можем показывать свои достижения, потому что этот путь был пройден честно и справедливо. Мы патриоты своей Родины!"

1. *Статья о независимости РК. Виталий Карабум: Kazakhstan.orexca.com.*

2. *Президент Н.Назарбаев и современный Казахстан том 2: Стратегия политических реформ, – Алматы 2010.*

3. *Становление и развитие Независимого Казахстана: социогуманитарный анализ. – Алматы 2011. Редакторы: Нысанбаев А.Н., Каскабасов С.А. и др.*

Түйін

Тәуелсіздік жылдың ең маңызды оқиғалары. Қазақстан Республикасының алғашқы президенті – Нұрсұлтан Абишұлы Назарбаев. Білімді ұлт.

Summary

Brief chronology of events which has gone through Kazakhstan for years of the independence. The first president – N.A. Nazarbaev. Intellectual nation.

ӘСКЕРИ-ИНЖЕНЕРЛІК ДАЙЫНДЫҚТЫҢ ЖҮРГІЗУДІҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

Ә.М. Байғалиев – ҚазҰПУ-нің оқытушысы

Жастарды бастапқы әскери даярлау Қазақстан Республикасының "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы", әскери-инженерлік дайындықтың жүргізудің заманауи әдістері, "Ұлттық қауіпсіздік туралы", "Азаматтық қорғаныс туралы" Заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 24 мамырда "Бастапқы әскери дайындық туралы" N449 қаулысы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің, Мәдениет және ақпарта министрінің, Денсаулық министрінің, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығының және Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі комитет төрағасының бұйрықтары мен директивалары негізінде ұйымдастырылады және жүргізіледі.

Бастапқы әскери дайындық Қазақстан Республикасының азаматтарын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде, басқа әскерлер мен әскери құралымдарда әскери қызметке даярлау жүйесінің құрамдас бір бөлігі, бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан, жалпы білім және кесіптік-техникалық мектептердегі, орта арнайы оқу орындарындағы міндетті мемлекеттік пән болып табылады.

Бастапқы әскери дайындық барысында оқушылар әскери-инженерлік дайындықтың жүргізудің заманауи әдістері, азаматтардың Қазақстан Республикасын қорғау жөніндегі конституциялық құқығын меңгерулері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің сипаты мен тағайындалуын, әскери іс пен азаматтық қорғаныс негіздерін анықтап алулары, жас сарбазды даярлауда қажетті білім мен дағ-

дыларды, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне мерзімді әскери қызметке шақырылғанда қысқа мерзімде мерзімді әскери қызметті өткеру шарттарына тез бейімделу үшін психологиялық орнықтылықты меңгерулері және оларға берілген қару-жарақ пен әскери техниканы игерулері керек, сонымен қатар орта оқу орындарында бастапқы әскери дайындық сабақтарын жоспарлау, ұйымдас-тыру және өткізу әдістемесін толық меңгеруі.

Әскери-инженерлік дайындықтың жүргізудің заманауи әдістері. Саптық дайындық – 1 тақырып 3-18, 20 оқу-сабағы) жасөспірімдермен бірге өткізіледі. Оқуды бөліп өткізген кезде, қыз балалармен оқу-сабағы медициналық білім негіздері жөніндегі тақырыпқа сәйкес жүргізіледі. Жасөспірімдермен өткізілетін 5 күндік оқу-дала (лагерь) жиындары кезінде, қыз балалар медициналық емдеу мекемелерінде практикадан өтеді. Практикадан өту уақыты мен орнын білім беру органдарының және төтенше жағдайлар жөніндегі басқармалардың келісімі бойынша облыстық денсаулық сақтау органдары белгілейді.

Бастапқы әскери дайындық теориялық және практикалық оқу-сабақтары түрінде жүргізіледі. Теориялық оқу-сабақтары дидактикалық материалдар мен техникалық оқу құралдарын пайдалана отырып, әңгіме және пікірлесу түрінде жүргізіледі. Практикалық оқу-сабақтары қару-жарақ пен әскери техника мүліктерін, жеке қорғану құралдарын, аспаптарды және басқа да жабдықтарды пайдалана отырып, зерделенген материалдарды толық меңгеруге бағытталған.

Бастапқы әскери дайындық бағдарламасы кіріспеден, әскери іс, Азаматтық қорғаныс негіздерінің бөлімдерінен, бақылау сабақтарынан тұрады.

Жүргізу кезінде жастарды әскери-инженерлік дайындықтың жүргізудің заманауи әдістері, әскери қызметке және Қазақстан Республикасын қорғауға даярлау маңыздылығына, бастапқы әскери дайындық курсының оқу тапсырмаларын орындау мақсатында олардың моральдік, психологиялық және дене күштерін біріктіру қажеттігіне ерекше көңіл бөлінеді.

Бөлімі бастапқы әскери дайындық бағдарламасының негізгі бөлігі болып табылады.

Бөлімге төмендегілер енгізілген:

- әскери қызмет негіздері;
- тактикалық дайындық;
- атыс дайындығы;
- саптық дайындық;
- әскери топография.

Әскери қызмет негіздерін зерделеу барысында оқушыларды тәрбиелеудің негізгі бір міндеті – олардың сенімділігі, Қазақстан Республикасының егемендігін қорғауға саналы түрде әзірлену қажеттігі қалыптастырылады. Оқу-сабақтары кезінде оқушылардың әскери анттың ролі мен маңызын түсінулеріне, Қазақстан халқы мен оның заңды түрде сайланған Президентіне деген адалдығына ант берулеріне қол жеткізу, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, оның дәстүрлеріне, әскер тектері мен түрлеріндегі қызмет ерекшеліктеріне, әскери мамандыққа деген қызығушылықты, әскери білім алуға ұмтылуды дамытуға қол жеткізулері керек, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жарғысы – бұл Қарулы Күштердің қызметін реттейтін заңдар жиынтығы екенін, оның талаптарын орындау – әрбір әскери қызметшінің міндеті екендігін түсіндіру керек.

Оқытудың негізгі бір бөлімі болып табылады. Ол бастапқы әскери дайындық бағдарламасының бөлімдерін кешенді түрде зерделеуді қамтамасыз етеді.

Тактикалық дайындық жөніндегі оқу-сабақтарының барлық тақырыптары оқушылардың жалпы әскери ұрыстар негіздерін зерделеуге, ұрыс кезіндегі іс-қимылдарды үйренуге, дұшпанның жаяу әскерлері мен бронды машиналарын жоюға арналған қару мен гранаталарды қолдана білуге бағытталған.

Оқу кезінде оқушылар әдістер мен іс-қимылдарды орындау техникаларын алғашында элементтер бойынша, кейіннен толығымен оқиды.

Тактикалық дайындық жөніндегі практикалық оқу-сабақтарына оқушылар автоматтардың нұсқаларымен, газ тұтқыштармен, сондай-ақ жаттығу гранаталарына арналған сөмкелермен шығады. Оқушылар практикалық тәсілдер мен іс-қимылдар жасай алатындай болып киінулері керек.

Атыс дайындығы бойынша оқу-сабақтарын өткізуде қару мен оқ-дәрілерді пайдаланар кездегі қауіпсіздік шараларына ерекше назар аударылады. Оқу барысында оқушылар атыс қаруының құрылымын, оны атуға даярлау тәртібін және атыс ережесін зерделейді.

Саптық дайындық бойынша барлық оқу-сабақтары саптық дайындыққа арналған алаңда жүргізіледі. Саптық дайындық бойынша оқу сабақтарын өткізу барысында оқушыларды оқыту әдісіне ерекше

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. «Бастауыш мектеп және дене мәдениеті» сериясы, № 3 (34), 2012 ж. назар аударылады: оқытушы-ұйымдастырушының саптық тәсілдерді толығымен, элементтер бойынша көрсетуі және оқушылардың үйретілген саптық тәсілдерді орындаудағы жаттығулары.

Саптық тәсілдерді орындау бастапқы әскери дайындық бойынша басқа да сабақтарда, сондай-ақ дене даярлығы бойынша оқу сабақтарында және бастапқы әскери дайындық бойынша сыныптан тыс жұмыс шараларында да тоқтатылмауы керек.

Әскери топография бойынша оқу-сабақтарының негізгі мақсаты өздерінің орналасқан жерлерін анықтау, оқушылардың таныс емес жерлерде дұрыс бағыт таба білулерін, азимут бойынша дұрыс бағытқа қозғалу сапарын тандай білуі болып табылады.

Азаматтық қорғаныс бөлімі оқушылардың Қазақстан Республикасының тұрғындары мен экономикасын бейбіт және соғыс уақыттарында табиғи зілзалалар зардабынан, үлкен опаттар мен апаттардан қорғау жөніндегі шаралармен танысуына, сондай-ақ төтенше жағдайлар болған жерлер мен зақымданған орталарда құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізу, және де жарақаттанған немесе зақымданған кездерде көмек көрсетуге арналған.

Бастапқы әскери дайындық бағдарламасын толығымен оқып болғаннан кейін оқушылар:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасын қорғау жөніндегі азаматтардың жауапкершілігі мен міндеттерін;
- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тағайындалуы мен сипатын;
- Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери антының талаптарын;
- әскери қызметшілердің жалпы міндеттерін, әскери тәртіптің мәні мен маңызын, тәуліктік кезекші мен сақшының міндеттерін орындау дағдыларын;
- ұрыс кезіндегі сарбаз міндеттерін, дұшпанды жою тәсілдері мен әдістерін;
- атыс және қол гранаталарын лақтыру әдістері мен тәртібін;
- Қазақстан Республикасының тұрғындары мен экономикасын қорғау жөніндегі Азаматтық қорғаныстың негізгі шараларын білулері керек;
- көкжиек шеттерін, азимутты және оның бағытын анықтауы;
- сапта тұрып берілген әмірді, орнында және қозғалыста тұрып саптық әдістерді дұрыс орындаулары;
- жеке және ұжымдық қорғану құралдарын пайдалана білулері;
- ұрыс алаңдарында және төтенше жағдайларда құтқару жұмыстарын жүргізген кезде жарақаттанғандарға алғашқы медициналық көмек көрсетулері керек.

Бақылау сабақтарында оқушылар (жасөспірімдер) төмендегідей нормативтерді (жаттығулар, тәсілдер, іс-қимылдар) орындайды:

- тактикалық дайындық бойынша – мақсаттарды айқындау, бағыттар мен жергілікті жердегі жағдайларға қатысты олардың орналасқан жерлерін анықтау және бақылау нәтижелері жөнінде баяндау; атыс позициясын (атуға арналған жер) таңдау; ұрыс алаңында еңбектей білу; танкке қарсы қол гранатасын лақтыруға үйрену;
- атыс дайындығы бойынша – жатып дәл атуға дайындалу және қаруды оқтау, бұдан басқа, оқушылардың автомат және танкке қарсы гранатаның құрылымын білуі тексеріледі.

Гарнизон бастықтарының, әскери бөлім (әскери-оқу орындары) командирлерінің (бастықтарының) келісімі бойынша оқу-дала жиындары – кезінде автоматтан ату ұйымдастырылады. (автоматтан атудың бастапқы жаттығуы);

- саптық дайындық бойынша – саптық тұрыс, орнында тұрып және қозғалыста болып айналу, саптық адым, орнында тұрып және қозғалыста болып әскери сәлем беру, бастыққа келу және одан кету, сапка туру;

- Азаматтық қорғаныс бойынша – демалу органдары мен теріні жеке қорғау құралдарын кию бойынша, істен шыққан газ тұтқышты пайдалану және денені таңу жөніндегі нормативтер.

Көрсетілген бөлімдер бойынша бақылау сабақтарындағы оқушылардың бағасы олардың әрбір нормативті орындағаны үшін (тәсілдер, жаттығулар) алған бағаларынан құралады және төмендегідей болып анықталады:

- егер тексерілген нормативтердің (тәсілдер, жаттығулар) кем дегенде 50% "үздік" деген бағаға орындалса, ал қалғандары – "жақсы" болса, "үздік";
- егер тексерілген нормативтердің (тәсілдер, жаттығулар) кем дегенде 50% "үздік" және "жақсы" деген бағаларға орындалса, ал қалғандары – "қанағаттанарлық" деген бағадан төмен болмаса, "жақсы";
- егер тексерілген нормативтердің (тәсілдер, жаттығулар) біреуі "қанағаттанарлық" деген бағаға орындалса, "қанағаттанарлық";

- егер, екі не одан да көп қанағаттанарлықсыз баға алған болса, "қанағаттанарлықсыз" деген бағалар қойылады.

Оқу орындарында бастапқы әскери дайындықты жоспарлау осы Жастарды бастапқы әскери даярлау мен өмір қауіпсіздігі негіздерінің Бағдарламасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Ол Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі қызметке жасөспірімдерді сапалы түрде даярлауға бағытталуы, бағдарламаның толық орындауын қамтамасыз етуі, оның барлық бөлімдері басқа оқу пәндерімен тығыз байланыстырыла отырып, кешенді түрде зерделенуі керек.

Әрбір оқу орнында бастапқы әскери дарлықтың бүкіл оқу жылында апталық жоспары жасалады, ал бастапқы әскери даярлық бойынша оқу-сабақтары, осы пәнге бөлінген оқу сағаттарын көрсетіп, оқу орнын ұйымдасқан түрде өткізу және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жарғысының талаптарын орындауға оқушыларды практикалық дағдыландыру мақсатында оқу орындарында оқу орны директорының бұйрығымен оқу взводтары, бөлімшелері деп аталатын оқу топтары құрылады, ал оқушылар қатарынан взвод және бөлімше командирлері тағайындалады.

Бастапқы әскери дайындық бойынша оқу сабағы оқу взводын екі қатарлы сапқа тұрғызып, оқуға дайындығын баяндағаннан кейін басталады.

Бастапқы әскери дайындық бойынша оқу сабағында оқушылар мен оқытушы-ұйымдастырушы арасындағы өзара байланыс Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жарғысының талаптарына сәйкес болады.

Оқушылар оқу-сабағына дайындалып, және таза да ұқыпты киініп келулері керек.

Оқу орындарында бастапқы әскери дайындықты ұйымдастыру және жүргізу үшін құрамына: бастапқы әскери дайындыққа арналған оқу кабинеті (сыныбы), бастапқы әскери дайындық және өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша жаттығу қарулары мен әскери-техникалық мүліктер сақталатын бөлме, саптық дайындыққа арналған алаң, тәуліктік кезекші мен сақшы міндеттерін практикалық зерделеуге арналған орын, дене даярлығы бойынша оқу-сабақтарына арналған орын, тактикалық дайындық және атыс тәсілдері мен тәртібін (атыс тиірі) зерделеу бойынша оқу сабақтарына арналған оқу қалашығы, оқу-көрнекі құралдары мен техникалық оқу құралдары енетін оқу-материалдық базасы құрылады, жабдықталады және үнемі жетілдіріліп отырылады.

Оқу орындарын қарумен, әскери-техникалық мүлікпен және құралдармен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі, мәдениет және ақпарат министрі, денсаулық сақтау министрлігімен және Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетімен әзірленген және бекітілген табельдер бойынша жүзеге асырылады.

1. Назарбаев Н.Ә. *«Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан»*. ҚР Президенті Қазақстан халқына жолдауы. 28 ақпан. – Астана, 2007.

2. Джанабаева Р.А. *Қазақ педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесінің ғылыми негіздері*. (П.ғ.д. ғыл дәрежесін алу үшін дайындалған дисс.автореф.). – Алматы, 2006. – 42 б.

3. Ұзақбаева С. *«Тамыры терең тәрбие»*. – Алматы: Білім, 1995. – 232 б.

4. Төлеубекова Р.К. *«Адамгершілік тәрбиесінің негіздері»*. – Алматы, 1991. – 30 б.

5. Сейталиев К.Б. *«Тәрбие теориясы»*. – Алматы: Мектеп, 1986. – 150 б.

Резюме

Методика современной обучения военной инженерной подготовки.

Summary

The methods of the modern education of military engineering preparation.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚЫТУШЫМЕН БІРГЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ӨЗДІК ЖҰМЫСЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ІЗДЕНІСТЕР

Ж.С. Исмагулова – педагогика және психология магистрі

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекетік университетінде оқу үрдісін “Кредиттік оқыту” жүйесі негізінде ұйымдастыру туралы ереже бойынша Кредиттік жүйе педагогикалық білім беру кешенінің құрамды бөлігі болып табылады. Ол оқыту үрдісін жаңа технология негізінде жүргізуді, студенттердің шығармашылық ойлауын жақсартуды, оқытушылардың кәсіби шеберлігін көтеруді мақсат етеді. Бұл жүйе негізінен студенттердің өзара әрекетін дамытудың көзі ретінде қарастыруға болатын аса зор мүмкіндік. Сондай-ақ ол студенттің өздігінен білім алуының нәтижелігін арттырады, олардың білімдері мен дағдыларын объективті түрде тексеріп, бағалауға мүмкіндік береді.

Кредиттік жүйе – бұл оқытушыға оқыту әдісі мен мазмұнын анықтауда еркіндік беретіндіктен әлде қайда демократиялы жүйе. Мазмұнға қатысты бұл жерде оқытушыда таңдау мүмкіндігі кең, оқулықтар жиі қайта басылып шығарылады, толықтырылады және жаңадан шығарылады, олар қашан да осы сәттің шындығын бейнелейді. Әдіске келсек, тіпті ең консервативті деген оқытушының өзі интерактивті оқыту әдісін айналып өте алмайдыт [1].

Бүгінгі күнде Қазақстандағы әлеуметтік-саяси және экономикалық даму білім беру мәселелеріне аса мән беруді, қазіргі білім беру жүйесін реформалауды талап етіп отыр. Реформалаудың маңызды аспектілерінің бірі – білім беруді кәсібилендіру, яғни оның барлық деңгейлерінде тұлғаны даярлауға құзыреттілік тұрғысынан келіп, білім берудің сапасын арттыруға бағытталу.

Білім беруді реформалау оның барлық қырларын қамтуы қажет – мазмұндық, әдістемелік, ұйымдастырушылық, материалдық қамтамасыз ету және т.б. Мұндағы мақсат-білім берудің жалпы және кәсіби мәдениеттің әлемдік деңгейіне жету. Алайда бұл деңгейге жету үшін оқытудың әр кезеңіндегі уақыт пен игеруге қажетті ақпараттың көлемінің артуы арасындағы, сондай-ақ кәсіби даярлаудың бағыттарының көптүрлілігі мен кәсіби білім беру орындарының түлектерінің даярлығына үнемі артып отырған талаптар арасындағы, оқытудың дәстүрлі басым түрі мен ақпаратты беру мен игерудің ғылыми-техникалық жетістігінің деңгейі арасындағы қарама-қайшылықты жеңу арқылы қол жеткізуге болады. Сонымен бірге педагогика және жеке әдістеме аймағындағы зерттеулер білім беру үрдісін экстенсивті жетілдіру мүмкіндігі аяқталғанын атап өтуде (В.В. Кумарин және т.б.). Білім беруді қарқынды жолмен дамыту мүмкіндігі ақпарат пен заңдылықтардың дамуының жолдарын, оқыту мен тәрбиенің принциптерін үйлестірген инновациялық білім беру технологияларын іздеуде жатыр.

Екіншіден, инновациялық білім беру технологияларын жасаудың негізінде студенттер тұлғасының қызығушылығы болуы қажет, оның жеке ерекшеліктері, қабілеттері барынша толық ескерілуі тиіс. Бұл тұлғаға бағытталған тұрғының білім беру мәселесін шешуге бағытталған жетекші тұрғысы (В.Я. Ляудис, В.В. Сериков, И.С. Якиманская және т.б.). Кәсіби білім беру тұлғаның өзін-өзі жүзеге асуын жағдай жасауды қамтамасыз етуі қажет [2].

«Инновациялық оқыту» білім алушыларда жобалау қызметіне қабілеттілікті, болашаққа өзіне және қоғамға жауапкершілік, өзінің кәсіби қабілеттілігіне сенім, сондай-ақ осы болашақты өзгертуге іс-әрекет түрінде бағытталған дамытушы өзара әрекетте білім алуға қабілеттілікті қалыптастырады. Әр оқытушы өз іс-әрекетінде қажетті өзгерістерді, әр түрлі тәжірибелер жөніндегі мағлұматтарды, жаңа әдіс-тәсілдерді дер кезінде қабылдап, дұрыс пайдалана білуі керек. Сонымен қатар, жоғары мектептегі оқу-тәрбие жүйесі (кредиттік жүйе де), оқытушы-студент арасындағы қарым-қатынас, жалпы оқытуды ұйымдастыру талапқа сай елеулі өзгерістерді қажет етіп отыр. Әсіресе студенттердің оқытушымен жүргізетін өздік жұмысы (СОӨЖ). Жоғары мектеп тәжірибесінде жаңаша жұмыс істеп жаңашыл технологияларды пайдаланып жүрген оқытушылар бар. Бірақ олардың пікірінше, жаңашыл әдіс-тәсілдерді іс жүзінде нәтижелі қолдану жолдарын, инновациялық үрдістерді бір жүйеге келтіріп, оның педагогикалық негіздерін анықтау, оларды білім беруді дамытудың негізгі факторларына айналдыру мәселелерін шешу қиындық тудырады. Қоғамның өзгеруі қоғамның білім беру мекемелерінде әлеуметтік тапсырыс өзгерісін тудырды. Білім беруге мақсат қоя отырып, қоғамның әсер етуші факторына айналып, тұлға дамуының міндеттерін шешеді. Бұл шарттарда кәсіби бағдар тәрбие мәселесінің шешімін артта қалдыруға болмайтыны анық, себебі кәсіби бағдарлану тұлғаның қалыптасуы мен дамуына бағытталған, азаматтық қасиеттерге ие. Сондықтанда жоғары білім беруді ұйымдастыруда жаңа тұжырымдамалы тұрғыларды қалыптастыру өзекті міндет болып табылады.

Бүгінгі таңда жаңа білім парадигмасы бірінші орынға студенттің білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Сондықтан да қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі студенттің тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларының бірін шығаруға ұмтылуы.

Қазіргі кезеңде жоғары білім беретін мектептерде белең алып отырған кемшіліктер жетерлік:

- білім сапасының төмендігі;
- білім саласындағы мемлекет тарапынан реформалар жүргізілгенмен оқытудың нәтижесінің болмауы;
- студенттердің өзара әрекеттесуі, қарым-қатынас білім дағдысының болмауы;
- студенттер мен студенттердің, студенттер мен оқытушылардың бірлескен шығармашылық еңбегінің төмен дәрежеде болуы;
- оқытушылардың тарапынан жанаша жұмыс істеу талпынысының айтарлықтай дәрежеде болмауы [5].

Бұл тығырықтан шығудың бірден-бір жолы оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық технологияларды, интерактивті әдіс-тәсілдерді енгізу, студенттердің білімге деген қызығушылық талпынысын арттырып, өзара әрекетте ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салу.

Осылайша, біз таңдап алып отырған зерттеу мәселенің өзектілігі кәсіби білім беру жүйесін реформалаудың, кәсіби даярлаудың барлық деңгейіндегі (бастауыш, орта, жоғары) үрдісінде теоретикалық және практикалық тиімділігін қамтамасыз ету базасының объективті қажеттілігімен анықталады. Мұнда мәселені шешудің жолы білім беру үрдісіне жаңа білім беру технологияларын айқындау және ендіру.

Осы мәселені шешу инновациялық іс-әрекетінің педагогикалық негіздерінің мәнін теориялық тұрғыдан ойластырып, меңгеріп, оқытушылардың бұл үрдісті ұйымдастыруға дайын болу шарттарын анықтауды қажет етеді. Оқу-тәрбие үрдісінің инновациялық технологиялар жағдайында студенттердің өзара әрекеттесуі арқылы кәсіби білім, іскерлік, дағдыны игеруінің педагогикалық шарттары түбегейлі түрде қарастырылмағаны және көтеріліп отырған мәселенің көкейкестілігі зерттеу жобамды «Іскерлік ойын – әдістемелік пәндерде СОӨЖ ұйымдастырудың негізгі технологиясы ретінде» деп тұжырымдауға негіз болды.

Жобаны жүзеге асырудағы мақсат: жоғарғы оқу орны студенттерінің кәсіби даярлығын көздейтін әдістемелік пәндерде, СОӨЖ ұйымдастыруда іскерлік ойынның рөлін анықтаудың ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдай кешенін негіздеу.

Жоба міндеттері:

- Іскерлік ойын – әдістемелік пәндерде СОӨЖ ұйымдастырудың негізгі технологиясы ретінде орнын айқындау;
- Кәсіби қалыптасу кезіндегі көмек көрсету жолдарын айқындап, оларды жүзеге асыру;
- Студенттердің әдістемелік пәндер бойынша кәсіби көмек және қолдау көрсету бағытындағы жұмыстарды кеңейту, одан әрі дамыту;
- Студенттердің арасында кәсіби рольді дұрыс меңгерту, өзара түсінушілік қасиеттерді дамыту;
- Студенттердің бойында пәнге сәйкес ақпараттық, коммуникативтік және проблеманы шеше білу және өзіндік менеджмент құзыреттілігін қалыптастыру;
- ЖОО студенттерін кәсіби даярлауға әдістемелік ұсыныстарды жасақтау.

Жоба идеясының негіздемесі Р.С. Немов, И.Е. Несикованың жүргізген әлеуметтік психологиялық зерттеулеріне қарағанда, жоғарыдағы заңдылықтарды сақтаған жағдайда оқу топтарының ұжым ретінде, студенттердің тұлға ретінде даму процесі жүреді. Бұл өз кезегінде кейбір студенттердің жағымсыз жақтарын бейтараптандырады, жалпы тонусты көтереді, студенттерді өз бетінше еңбектенуге ынталандырады және оқу процесін жандандырады. Алғашқы кезеңдерде әркім өзінің мақсатына жетудің құралы ретінде пайдаланады. Үшінші кезеңде әр студент өзара әрекеттестік арқылы ортақ мақсатқа жетуге болатынын түсінеді. Сонымен қатар жеке студенттердің ішкі әлемін байытуға, оның өзіншілдік, менмендіктен құтылуына мүмкіндік береді.

Ойын түріндегі, сабақтар достық көңіл жағжайында өтеді, студенттер өздерін еркін ұстайды, бірін бірі сынамайды, яғни басымдық, үстемдік, біреуден біреудің артықшылық белгілері мойындалмайды. Оқытуда рецептивті әрекеттен гөрі перцептивті әрекет, дедукциядан гөрі индукция басым болады, танымдық процестер эвристикалық тетіктер арқылы, интуиция мен логиканың байланысы арқылы жүреді. Сондай ақ, интерактивті тілдесім ықпалдастық, диалогтық тілдесімге, кооперациялық прагматика, сыпайылық, эмпатия қағидаларына сүйенеді.

Іскерлік ойын түрлеріне XVII ғасыр әскери ойындарды, I Петр әскери амал-әрекеттерін жатқызуга болады.

Ең алғаш ұйымдастырылған өндірістік ойын 1932 жылы Ленинградта тәжірибеден өтті, бірақ қоғамдық тарихи себептерге байланысты КСРО-да ұмыт болып, 1927 жылы АҚШ-та ЭЕМ-ді қолдануға байланысты қайта жаңғырды.

Бүгінде іскерлік ойын шетелдерде оқу процесінде көп қолданылады. Кеңестік педагогика ғылымында іскерлік ойын мәселесі 60 жылдардан бастап белсенді түрде талқыланды [3].

Іскерлік ойындар дегеніміз – болашақ маманның кәсіби қызметінің пәндік және әлеуметтік мазмұнын, сол қызметке тән қарым қатынас жүйесін модельдеу, елестету. Сондай ақ ол:

- Оқытушылық іс-әрекетті ұйымдастыру барысында оған қатысушылардың өз тәжірибесі арқылы білім, дағды қалыптастыру мүмкіндіктерінің жүйелі түрі, яғни ережелермен анықталған жарысушының жеңіске жетуін немесе жеңілуін айқындайтын оқытушылық іс-әрекет;

- Болашақ маманның кәсіби қызметінің пәндік және әлеуметтік мазмұнын, сол қызметке тән қарым-қатынас жүйесін модельдеу.

Ойынның негізгі элементтері:

- Оқытудың мақсаты;
- Ереже (нақты анықталған);
- Жарысушылық;
- Ойынға қатысушылардың қарым-қатынасы;
- Аяқталу кезі (уақыт көлемі, ұпай, жинақталған балл көлемі);
- Нәтиже (жеңілгендер және жеңгендер).

Ойынды не үшін пайдаланады?

- Тәжірибе арқылы оқыту;
- Мәтінді нақты үлгілендіру;
- Мотивтің жоғары деңгейі;
- Әркімнің қатысуына мүмкіндіктің болуы;
- Қатысушылардың рөліне мән беру;
- Олар бір бірінен үйренеді;
- Оқыту жеделдетіледі;
- Ойын нәтижесінде оқытушылық тұрғыдан бәрі жеңіске жетеді;
- Өздеріне қауіпсіз жағдайда ойынға қатысушылар еркіндікті сезінеді;
- Ойын әркімнің ішкі жан дүниесіне үңілуіне мүмкіндік туғызады және іс әрекетін талдайды;
- Дағдының дамуына көмектеседі;
- Сабақ мазмұнын жақсы түсінуге, есте сақтауға көмектеседі;
- Ұсынылған тұжырымдар, қағидалар, құралдар күшейтіледі;
- Қатысушылардың тез, кенеттен, шығармашылық тұрғыдан, сезімдер арқылы шешімге келулерін, іс әрекет етулерін қамтамасыз етеді;

- Шынайы өмірдегі қымбат заттарды қолданбастан, өзіндік нәтиже мен шешудің құны мен беделін терең түсінуге итермелейді.

Егер:

- ойын оқытудың мақсатына сай болмаса;
- қатысушылардың қызығушылығы болмаса;
- тренер ойынмен дұрыс таныс және ойнатуға даяр болмаса;
- ойынды талдауға уақыт жетпесе, онда ойын дұрыс ойналмайды, күтілген нәтиже алынбайды [6].

Оқытушының интерактивтік оқытудағы функциялары:

- өзінің терең сезімі мен маңызды іс әрекетіне қарай тек нағыз достыққа тең келетін сенімділік, жақындық ахуалын тудыру;

- Студенттердің интеллектуалдық, танымдық белсенділігін жетілдіретін амалдарды қолдану;
- Студенттердің қатысымдық қажетін ескеру жіне оны қанағаттандыратын сабақтарды ұйымдастыру;
- Түсіністікке негізделген сөйлесім нобайын ұсыну.

– Студенттерге оқыту мен тәрбиелеу мәселелері және білім беру жайында ақпаратпен қамтамасыз ету;

– студенттерге әдістемелік кеңес беруді ұйымдастыру: студент мәселелеріне байланысты кеңес беру моделін таңдау.

Студенттерге әдістемелік кеңес берудің құрылымдық моделі:

- Сабақтың құрылымын, субжүйелерін анықтау;
- Жұмыстың негізгі фазаларын айқындау;
- Студенттердің сабақтарындағы коммуникативті жүйені жетілдіру бойынша жұмыстар.

Іскерлік ойын мүшелерін нақты жағдаяттарға итермелеу, олардың эмоциялары мен сезімдерінің ашық көрінісін бақылау. Сәтті қабылдауына бағдарлану, «қазір және осында» принципі бойынша мінез құлқын талдау, өзгелердің және өзінің сезімдеріне, шынайы өмірде көріне бермейтін эмоцияларға басты назар аудару.

– Сабақтарды талдау және оның ерекшеліктерін диагностикалау: сабақты талдау мақсаты, біріншіден, сабаққа «баға» қою – нақты қиыншылықтарды тудыратын мәселелерді анықтау; екіншіден, сол мәселелерді шешуде сабақты жүргізуші мен оның қатысушыларының рөлін анықтау.

– коррекциялық жұмыстарды ұйымдастыру: іскерлік ойын барысында анықталған бұзылыстармен жүргізілетін түзету жұмыстарының бағдарламасын құру;

– Өздерінің рөлін саналы сезінген және жауапкершілікті мамандарды дайындау мақсатында семинарлар және тренингтер ұйымдастыру.

Осы жоғарыда айтылған жағдайларды ескере отырып жобаны жүзеге асыру сызбасын ұсынамын.

I кезең – (1 ай) әдістемелік пән жүретін топта консультативтік, ағартушылық жұмыстар жүргізу. Жалпы негізгі теориялық дәрістермен қоса, алғашқы іскерлік ойындардың үлгісін көрсету.

II кезең – (3 ай) Студенттерге зерттеу және диагностикалық жұмыстарды жүргізу. Студенттерге өздерін болашақ ұстаз ретінде саналы сезінуіне жәрдемдесетін семинар тренингтер ұйымдастыру. Жүргізілген диагностикалық жұмыстарды қорытындылап олармен коррекциялық жұмыс бағыттарын айқындау. Жоспарланған іс-әрекетке сәйкес әдістерді қолдану арқылы жас мамандарға кәсіби көмек көрсету. Барлық мамандардың белсенді практикалық жұмысы. Іскерлік ойынды жүргізуші рөлін қабылдау. Студенттерге кәсіби көмек көрсету бағытындағы жұмысты жалғастыру, практикалық курстарды, бағдарламаларды, әдістемелік құралдарды, оқушылармен жұмыс бойынша практикалық ұсыныстарды ұйымдастыру.

III кезең – (1 ай) семинар, «дөңгелек үстел», дәрістер, БАҚна мақалалар, ақпараттық құжаттар арқылы ақпараттық ағартушылық жұмыстар жүргізу.

Жобаның жүзеге асуы аяқталар кезінде:

- СОӨЖ жұмысына қатысқан студенттердің контингенті анықталып, мәселелері бойынша жіктеледі, бұл олармен тәжірибелік жұмыс бағыттарын анықтауға көмектесті;
- жекелей және топтық түзету-дамыту бағдарламалары өңделді.

Жобаның жүзеге асуының нәтижелері:

- Іскерлік ойын – әдістемелік пәндерде СОӨЖ ұйымдастырудың негізгі технологиясы ретінде орны айқындалды;
- Ұйымдастырылған оқыту формасына деген жағымды көңіл-күй тонусы, оқу жұмысына жеген оң мотивация өрістеді;
- Кәсіби қалыптасу кезіндегі көмек көрсету жолдарын айқындалып, олар жүзеге асырылды;
- Студенттердің әдістемелік пәндер бойынша кәсіби көмек және қолдау көрсету бағытындағы жұмыстарды жұмыстар кеңейіп, одан әрі дамытылды;
- Инновациялық технологияны қолдану барысында студенттердің 60 пайызы «өте жақсы» деген бағаға, 35 пайызы «жақсы» деген бағаға емтихан тапсырды;
- Студенттердің арасында кәсіби рольді дұрыс меңгеру, өзара түсінушілік қасиеттері дамыды;
- Әдістемелік пәндерде іскерлік ойынды негізгі технология ретінде қарастыру өз нәтижесін берді.

Студенттердің бойында ақпараттық, коммуникативті, проблеманы шеше білу және өзіндік менеджмент күзiретiлiктерi қалыптасты.

1. Селевко Г.К. *Современные образовательные технологии*. – М.: Народное образование, 1998.

2. Беспалько В.П. *Педагогика и прогрессивные технологии обучения*. – М., 1995.

3. Попков В.А., Коржуев А.В. *Дидактика высшей школы*. – М., 2001.

4. *Педагогика профессионального образования. Под редакцией Сластенина В.А.* – М., 2004.

5. *Педагогика и психология высшей школы / Под ред. Самыгина С.И.* – Ростов н/Д: Феникс, 1998.

6. Эльконин Д.Б. *Психология игры*. – М., 1999.

7. Фоменко В.Т. *Нетрадиционные системы организации учебного процесса*. – Ростов н/Д: ГНМЦ, 1994.

Резюме

В статье представлен материал по организации занятий СРСП в интерактивной форме обучения. Интерактивные методы обучения рассматриваются как системные методы создания, применения и определения всего процесса преподавания и усвоения знаний студентами с учетом технических и человеческих ресурсов и их взаимодействия, ставящий своей задачей оптимизацию форм образования.

Summary

The paper presents data on the organization of classes IWST in an interactive form of learning. Interactive teaching methods are considered as methods for creating the system, application and definitions of the whole process of teaching and learning of students with the technical and human resources and their interactions, which assigns the task of optimizing the forms of education.

ТҰЛҒАНЫҢ ӨЗІНДІК БАҒАЛАУЫ ЖАЙЛЫ ОЙ ПІКІРЛЕР

С.А. Солтекова – ҚазҰПУ-нің оқытушысы, психология магистрі,
А.Л. Сеитова – ҚазҰПУ-нің магистранты

Жеке тұлға мәселесі педагогикалық теория мен практикадағы күрделі және өзекті бола отырып, алуан түрлі аспектіге ие, сондықтан оны философия, жас ерекшелік анатомиясы мен физиологиясы, элеуметтану, этика, педагогика, педагогикалық психология және т.б. ғылымдар қарастырады.

Психологияда тұлға әр түрлі тұрғыдан зерттелінген: биологиялық түр ретінде; индивид ретінде адамның онтогенезі мен өмірлік жолы (Б.Г. Ананьев); тұлғаның динамикалық функциялық құрылымын (К.К. Платонов); тұтас және рухани білім алушы ретінде (Д.Н. Узнадзе) және т.б. [1, 2, 3].

Жалпы алғанда, педагогика мен психологияда тұлға және оның дамуы мәселесін биологиялық, элеуметтік және биоэлеуметтік бағытта қарастыру орын алған.

Элеуметтік психологияда тұлғаның қалыптасуының үш саласын бөліп көрсетеді: іс-әрекет, қарым-қатынас, өзіндік санасы. Элеуметтену барысында адамның қарым-қатынасы кеңейеді, адамда «Мен» пайда болады.

Жеке тұлғаның өз «Меніне» қызығуы ежелден-ақ зерттеушілердің назарын аударған. Адам жан дүниесінің өзіндік санасы әрдайым тек ғалым-философтардың ой толғауында ғана болып қоймастан, оны жазушылар мен суреткерлер де өз шығармаларына арқау еткен.

Тұлға дамуының қозғаушы күші үнемі өсіп отыратын қоғамдық дәлелденген құндылықтар мен оны қанағаттандыру мүмкіндігі арасындағы ішкі қарама-қайшылықтар, яғни тұлғаның дамуы оның мүмкіндіктерін кеңейту және жаңа қажеттіліктерін қалыптастыру.

Канттың пікірінше, адам санасының арқасында тұлға болып қалыптасады, адамгершілік заңына өзінің «Менін» еркін бағындара алады. Сана – рухани өмірдің негізгі аспектісі, «Мен» субъектісін ішкі не сыртқы заттық санаға ара қатынасы және онымен өзінің байланысы (тұлғаның ұқсастығы туралы білімі ретіндегі өзіндік санасы, «Мен» өзгерісі) [4].

Жеке адамның әрекет қылығы барша уақытта оның өзі жөніндегі ұғымы мен бейнесі және болашақтан күткен образымен байланысып келген. Өзіндік сана – шексіз, күрделі мәселелерден, әрқандай жеке адам сан қырлы өз «менінің» көптеген бейнесіне ие: дәл осы мезетте адам өзін қандай деп білді, болашақтағы өзінің идеялық «мені» жөнінде не ойлайды, осы «менді» басқалар қалайша таниды.

Адам өзін-өзі қалыптастыру барысында зейінін өзінің жеке тұлғасын бағалауға аударады: «Мен қандаймын?» және өзін-өзі танудың дамуы адамның өзіне, өз мінез-құлқына, өзінің істері мен іс-әрекеттеріне жауапкершілігінің артуымен анықталатындықтан, осы процеске ықпал ететін тәрбиелік шаралар ерекше мәнге ие бола бастайды.

Өзіндік бағалауды айтар алдын, «өзіндік сана» деген ұғымға тоқтала кетсек. И.С. Конның пікірінше: «әрбір жеке адамның өзін-өзі іс-әрекет субъекті ретінде тануға жәрдем ететін психикалық процесстердің жиынтығы өзіндік сана деп аталады. Ал оның өзі жөніндегі өз ұғымдары белгілі бір «мен» бейнесін құрайды. Сонымен бірге өзіндік бағалауды «өзінің қасиеттерін, қабілеттерін, жүріс тұрысын бағалай алатын өзіндік сананың құрылымы» ретінде қарастырады [5].

Өзіндік сананың қалыптасуы – қиын және күрделі процесс. Оған тек іс-әрекет пен қарым-қатынас ғана әсер етпейді, сонымен қатар биологиялық, психологиялық, элеуметтік және мәдени факторлар

да ықпал етеді. Өзіндік сананы сипаттайтын маңызды белгілердің бірі – бұл ересек сезімнің пайда болуы болып табылады.

Өзіндік бағалау мәселесінің негізін салушы У.Джеймс оның екі формасын бөліп көрсетеді: 1) өз-өзіне қанағаттану; 2) өз-өзіне қанағаттанбау. Бірінші формаға келесі синонимдерді қолдануға болады: өз-өзін мақтау, өзін-өзі басқару, менсінбеу т.б.; ал екінші формаға момын, ұялу, өз-өзіне сенбеушілік т.б. У.Джеймстің пікірінше бұл бір-біріне қарама-қарсы екі сезім табиғаттың берген алғашқы сыйы. Кейінгі жұмыстарда өзіндік бағалау өзіндік сана шеңберінде қарастырылған.

Қазіргі таңда орыс тіліндегі сөздіктерде «өзіндік анықталу» өзін-өзі анықтау етістігі бойынша түсіндіріледі, яғни өзін-өзі ұғыну, өзіндік қоғамдық қызығушылықтарын ұғыну өзінің бар екенін анықтау, өмірде қоғамда өз орнын білу, өз бетінше өмір сүре бастау деп түсіндіріледі.

Ғалым К.А. Абульханованың ойынша, өзіндік анықталу – қатынастар жүйесінде ішкі координаторда қалыптасатын тұлғаның өзіндік позициясын саналы ұғынуы. Ол сондықтан да қатынастар жүйесінің қалай қалыптасатындығы тұлғаның өзіндік анықталуы мен қоғамдық белсенділігіне байланысты болады деп есептеген.

Өзіндік ұғым мәселесін әлеуметтеу ұғымдарымен сабақтастыра келе, А.В. Мудрик өзіндік анықталудың психологиялық механизмі мен қалыптасу деңгейін қарастырған. Ол өзіндік анықталудың қалыптасу деңгейін топта, ұжымда, құрбылар тобында ішкі ұжым мен топ құрамында көрсеткен [6].

А.А. Филиппов және М.Л. Кондратьева бұл ұғымды кәсіби бағдар мен мамандықты таңдау теориясы төңірегінде қарастырады. Олардың айтуынша, өзіндік анықталу тұлғаның өзіндік мүмкіндіктерін саналы ұғынуға байланысты тұлғаны әлеуметтендірудің бір формасы ретінде болып саналады.

В.И. Лебедеваның ойынша бұл мәселе тұлғалардың жан-жақты дамуының позицияларын қоғамдық өмірдің әртүрлі, атап айтқанда, экономикалық, әлеуметтік-саяси, рухани және отбасы-тұрмыстық сфераларымен қатысты тұтастай зерттеуді қажет етеді. Өмірлік өзіндік анықталу кезеңі жасөспірімдердің құндылықтарды таңдау қажеттілігімен сипатталып, оқушының өндірістік әлеуметтік қатынастар жүйесіне кіруімен байланысты болады, яғни қоғамдық-саяси өмірде өзін-өзі тану, өнегелі құндылықтарға қатысты позицияларын анықтау мәселелері жатады.

Қандай тұлғаны өзіндік анықталған деп санаймыз? Нормативті жоспарда бұл – әлеуметтік жетілген, өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыра алатын және адекватты түсінуге қабілетті орнықты тұлға. Бұл ықпал өзіндік сана-сезімдердің өз «менің» ұғынудың субъективті жақтарын аша алмайды. Психологиялық жоспарда тұлғалардың өзіндік анықталу мәнін ашу әлеуметтік пісіп-жетілудің ішкі себептері ретіндегі өзіндік сана сезімге ғана сүйене алмайды. Әлеуметтік жетілген тұлғалардың мінез-құлқы қоғамда қабылданған нормаларды сақтаумен ғана сипатталынбайды. Ол белгілі бір ұжымдық, топтық құндылықтарға бағдарлануы қажет. Құндылықтар мақсаттар, өмірлік жоспарлар түрінде бола отырып, индивидтердің даму барысында «міндеттің мақсатқа айналуы» мәселелеріне айналды. Сондықтан да, жеке адамның әлеуметтік пісіп жетілуінің мәнді көрсеткіші, мағыналы құрылуы болып табылады. Әлеуметтік пісіп жетілген тұлғалардың басты белгісі – мақсатқа байланысты өзін анықтау, құндылықтарды топтау, ұжымдық, қоғамдық талаптарын ескеріп қалыптастыру, өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін индивидуалды сапаларын ортаның шартын ескере отырып, өзін табу және солардың тарату үшін белсенді сапалы іс-әрекетті жүзеге асыру болып табылады.

Психологиялық жоспарда өзіндік анықталған тұлғалардың өз қалауы бар, оны ұғынған субъект (мақсаттар, өмірлік жоспарлар, идеалдар) өзінің болуы (өзінің жеке басы, тәндік қасиеттері), ол не істей алады, қолынан келу мүмкіндіктері, дарындары, бейімділіктері, одан қоғам, ұжым не кетеді? Міне осы жағдайларды түсінеміз. Осы көрсетілген элементтерді сол процестерді әсерлендірумен арақатынастыру тұлғаның әрекеті мен мінез-құлқын реттейді. Және іс-әрекеттің мазмұнын, интенсивтілігін, мақсатқа бағыттылығын және деңгейлерін анықтайды. Кеңес психологиясында өзіндік сана-сезімдерді индивидтің өз мүмкіндіктерін табу процесін ұжымның талаптарына сәйкес арақатынастыру арқылы түсіну кездейсоқтық емес.

Алайда тұлғаның өзіндік анықталуы өзіндік сана-сезімге апару оның тәуелсіздігін қамти алмайды. Кезінде С.Л. Рубинштейннің өзі көрсеткендей тұлғаларды оны сана-сезімдеріне апару мүмкін емес деген идеясы өз күшін жоймайды.

Тұлға – қарым-қатынас (өзіне, басқа адамға, қоршаған әлемге) және саналы іс-әрекетінің субъектісі. Бұл мағынада тұлға ұғымының индивидтен айырмашылығы өзін-өзі анықтауды енгізеді.

Өзіндік анықталу дегеніміз – әлеуметтендірудің тәуелсіз сатысы. Оның мәні индивидте өз мақсаты

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. «Бастауыш мектеп және дене мәдениеті» сериясы, № 3 (34), 2012 ж. мен өмірлік мағынаны ұғынудың қалыптастыру, өз тілектерімен, мүмкіндіктерімен, талаптарымен арақатынасты тәуелсіз өмірлік іс-әрекетке дайын болу, қоғам және қоршаған ортаның қойған талаптарына дайын болу деген сөз.

Демек, сана біртіндеп оның өмір сүруінің барысында әлеуметтік ықпалдардың әсерінен пайда болады, міндетті түрде оған 4 компонент енеді:

- өзінің басқа әлемнен айырмашылығын түсіну;
- «Мен» іс-әрекетінің субъектісі екенін білу;
- өзінің психикалық қасиеттерін, көңілкүйін бағалауын түсіну;

- қарым-қатынас іс-әрекет барысында жинақталған тәжірибе негізінде қалыптасқан әлеуметтік-адамгершілік тұрғыдан өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі сыйлауы.

И.С. Кон өз концепциясында сананың психологиялық құрылымын «Менді» үш құрама бөліктерге бөледі:

1. Белсенді іс-әрекет жасайтын «Мен» – оған өзіндік бақылау және өзіндік бағдарлау сияқты психологиялық сәйкес келеді;

2. Рефлексивті «Мен» – индивидтің өзі туралы көзқарасы. Бұл функцияларды өзіндік бағалау және өзіндік сананың ішкі механизмінде орындайды;

3. Вербалды емес «Мен» – бұл құрылым психикалық өмірде өзін-өзі сезу процесімен түсіндіріледі.

И.И. Чеснокова бойынша өзіндік бағалау – күрделі құрылым, индивидтің мүмкіндіктерін бағалау функциясын атқаратын жағдайдың талабына және жүріс-тұрысына сәйкестендіру. Осының негізінде бағдарлама жүреді және өзіндік бағалаудың эмоционалды аспектісі ескеріледі. Өзіндік бағалауды өзіндік сананың ерекше элементі ретінде қарастырғанына қарамай автор үш компонентке бөлген: өзіндік тану, өзіндік қатынас және өзіндік бағдарлау деп атап көрсеткен.

А.В. Захарованың ойынша, өзіндік бағалаудың ядросын субъектілік құндылықтары құрайды. Автор өзіндік бағалаудың құрылымдық-динамикалық моделін жасауға тырысқан. Оның пікірінше өзіндік бағалау екі негізгі формада жүзеге асады: жалпы және жеке (порциалды). Жеке өзіндік бағалау субъектінің өзінің нақты қасиеттерін бағалауын көрсетеді. Жалпы өзіндік бағалау жүйесін екі компонентке бөледі: адамның өзіне эмоционалды-құнды және когнитивті қатынасы. Когнитивті қатынас жетекші рөл атқарады, өйткені субъектіге өзінің ең маңызды бағалауларды жалпылап қосқан.

А.И. Липкина, К.А. Абдульханова-Словская, Л.И. Божовичтің ғылыми еңбектерінде өзіндік бағалаудың негізінде субъектінің ішкі қабылдаған құндылықтары жатыр. Индивид қабылдаған құндылықтарына байланысты, өзінің қасиеттерін бақылаудың негізін салады деп есептейді.

Осыған байланысты өзіндік бағалауды субъектінің әрекетіне әсер ететін тұлғалық қалыптасуының өзегі деп пайымдауға болады.

Көптеген зерттеулерде өзіндік бағалау субъектіліктің пайда болу процесінде көрінетін тұлғалық дамудың маңызды әсері ретінде қарастырылған. Субъектілік түсінігі мақсаттарды қоя білетін, оларды іске асыру жолдарын іздейтін, жеткен нәтижелері туралы ақпаратты қолдана алатын, оларды бағалай алатын, белсенді адамның сипаттамаларымен байланысты.

«Меннің» психологиялық мәнін А.Т. Спиркин былай сипаттайды: «мен» түсінігі өз сапасымен нұрымен сәулелендіріп, өзін-өзі қабылдаған, таныған және сезген жеке тұлғаны білдіреді. «Мен» – психикалық өмірде реттеп барушы принцип, өзіндік бақылауды жүргізуші рухани күш, біз өз мәніміз бойынша бүкіл әлемге қоршаған адамдарға ең бастысы, өз санамызға өз бағалауымыз бен танымымызға сай өзімізге ашып беретін әр бір жеке адамның тұтастай болмысы.

П.Л. Ярмоленконың пайымдауынша, жасөспірімдерде өзін-өзі танудың қалыптасуының негізгі шарттары олардың қоғамдық өмірдегі, мектептегі, жанұядағы орнының өзгеруі, қоғамдық пайдалы және еңбек әрекетіне жұмылдыра бастау, осыған байланысты оларға тәуелсіздікке жол ашу.

Осының барлығы адамдардың өмірлік бағытының қалыптасуының негізі болып табылады.

Ғалым Ж.И. Намазбаева өзін-өзі танудың бірнеше жолдарын талдай келе, соның ішінде басқаларды тану арқылы өзін-өзі тануды ерекше бөліп көрсетеді. «Қарым-қатынас үрдісінде адамдар бірін-бірі танып, бір-біріне баға береді. Өзгенің осындай бағалауы әр адамның өзін-өзі бағалауынан көрініс танытатын болады» [7].

Яғни, өзгелердің берген бағаларын ескере отырып, адам өзін-өзі бағалайды, таниды деп айтуға негіз бар.

Психологтардың пікірінше, өзін біреулерге ұқсату сезіміне ие болудың маңыздылығы сонша, кей-

де тіпті адамдар заңды бұзуға дейін баруы мүмкін, яғни тек ұқсастықсыз қалмау үшін қоғамнан жабыстыратын ұқсастыққа қарама-қарсыны таңдап алуы мүмкін.

Қорыта келгенде, тұлғаның санасы және оның өзіне, қоғамға, әлемге қатынасы белгілі бір жағдайда туындайды, көбінесе, ұлттық-саяси жағдай тұлғаның, ұлттың, халықтың, этникалық топтың және мемлекеттің өмірінде маңызды рөл атқарады. Ары қарай субъектінің тіршілігін басқару құндылық қасиет-сапалар мен бағдарды анықтауға тәуелді болады. Сананың даму дәрежесі әр түрлі болуы мүмкін, ол тұлғаның өзіне және әлеуметтік топқа ұқсатуына байланысты болады.

1. Ананьев Б.Г. *Избранные педагогические труды: В 2-х т.* – М.: Педагогика, 1980. – 286 с.

2. Платонов К.К. *Структура и развитие личности.* – М.: Наука, 1986.

3. Узнадзе Д.Н. *Психологические исследования.* – М.: Наука, 1966. – 451 с.

4. Кант И. *Сочинения. Т.6.* – М.: Мысль, 1965. – 743 с.

5. Кон И.С. *Психология ранней юности.* – М.: Просвещение, 1989. – 254 с.

6. Мудрик А.В. *Психология воспитания.* – М., 2006.

7. Намазбаева Ж.И. *Жалпы психология.* – Астана, 2006.

Резюме

Данная статья рассматривает мнению ученых о самооценке личности. Даются сравнительный и содержательный анализ по изучаемой проблеме.

Summary

This article looks at the scientists of the self-identity. We give a comparative analysis and soderzhatelny study the problem.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ПӘНІНІҢ ЖАСӨСПІРІМДЕР ДЕНЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІНДЕГІ АЛАТЫН ОРНЫ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Т.Т. Ережепов – аға оқытушы, сауықтандыру дене мәдениеті кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңына сәйкес адамның денесін жетілдіруді саналы түрде қалыптастыру жас кезінен басталатыны анықталған, яғни бұл дағды отбасында, мектепте және оқу орындарында қалыптасып, салауатты-тәрбиелік бағыттың әдістемелік бағдарламаларын жетілдіру, дене тәрбиесі мен қозғалмалы спорттық ойындарын дамытудың жолдары негізінде өз бетінше жүргізілетін сабақтар арқылы дене дайындығы дағдыларын қалыптастырудың жүзеге асатыны және оның алғышарттары, оларға жасалатын жағдайды жетілдіру жолдары қарастырылған. Дене шынықтыру мәдениеті жеке тұлғаның жалпы мәдениетінің құрамдас бір бөлігі ретінде мектептегі кезеңнен қалыптаса бастайды. Сондықтан оны пайдалану тек қозғалмалы біліктілік, дағдыларды дамытып қана қоймайды, сонымен қатар мектеп оқушыларынан спорт түрлеріне деген көзқарасын қалыптастырып, дене жаттығулары мен ойындарын өз беттерінше дамытуға тәрбиелеп, оқу-ойын материалдарын бір жүйе ретінде олардың руханилығын, адамгершілігін, дене тәрбиесін тәрбиелеуге баулуды қарастырады.

Педагогикалық эксперимент нәтижелерінің сапалық көрсеткіштерін анықтау үшін математикалық-статистикалық әдістерді, соның ішінде, Л.П. Матвеев [1], Қ.І. Адамбеков [2], Т.Ә. Ботағариев [3], С.І. Қасымбекова [4] және басқа ғалымдардың жан-жақты дамуға бағытталған қозғалыс белсенділігі тек дене шынықтыру сабақтарымен ғана шектелетінін, олар қажетті локомоцияның тек тәуелділік көлемінің қажетті 10%-ын ғана игере алатынын атап айтқан. Оқушылардың басым көпшілігі ортатәуелділік қозғалғыш белсенділігінің 35-40% гигиеналық нормаға сай келмегендіктен, оқушылардың денсаулығына кері әсер ететіні белгілі. Бұндай жағдай Қазақстан Республикасының оқушыларының көпшілігінде спортпен, ұлттық ойындармен, дене жаттығуларымен жүйелі түрде айналысуға деген мұқтаждықтың, осы саладағы өз бетінше жүргізілетін сабақтардың ғылыми негізделген әдістемесінің жоқтығын, сонымен қатар көптеген жалпыға міндетті білім беру мекемелерінде, мектептерде (әсіресе, ауыл мектептерінде) оқудың материалдық базасының нашарлығынан. Көптеген ғалымдарымыз күнделікті жүйелі түрде дене жаттығуларын, қимыл-әрекет жасау дененің дамуына, денсаулықтың жағдайына жақсы әсер ететінін, сондай-ақ еңбекке қабілеттілігін дамытып, организмнің функционал-

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. «Бастауыш мектеп және дене мәдениеті» сериясы, № 3 (34), 2012 ж. дық жағдайын жақсартатынын айтқан. Спортпен айналысатын жасөспірімдер өте жоғары антрометрикалық көрсеткіштерге ие: бойларының ұзындығы және дене салмағы, демалу көлемі, көкірек клеткаларының дамуы т.б. Сондай-ақ дене жаттығуларын күнделікті өмірдің тәртібіне ендіру олардың денсаулығына, жалпы организмнің жағдайына, ақыл-ойының дамуына, оқушылардың еңбекке қабілеттілігін дамытуға оң әсер ететінін Қ.І. Адамбеков [2] және т.б. авторлар да айтқан болатын. Шығармашылық дамудың тұжырымдамасындағы белгілі бір нәтижелердің бірі кинезофилия жүйкелігі теориясының пайда болуын көрсетеді. Кинезофилия – мида тұқым қуалау арқылы қалған және жоғары жүйке қызметінде (функциялардың жүйеаралық келісуі, бейімділік мінез-құлық, психика) байқалатын энергияның күшті көзі. Кинезофилия – қимыл-әрекетке деген табиғи мұқтаждық адаммен еңбекке араласу кезінде жүзеге асады. 10-13 жас аралығындағы биологиялық қозғалысқа деген мұқтаждық күніне 4 сағатты құрайтынын білдіреді. Осы санда уақыттың 20% орташа дене жүктемесін атқарады, қалған уақытта – ең кіші жүктемемен орындайды. Соңғы уақытта өмірдің жақсы жағдайына қарай жасөспірімдер аз қозғалу позициясын ұстануда (көбіне көп теледидар көру немесе компьютер ойнау т.б.), яғни гипокинезия жағдайында өмір сүруде. Әдебиеттердегі деректерге сүйенсек, балалар мен жасөспірімдердің қозғалу белсенділігі оқу үдерісі басталысымен 50% азаяды. Т.Ә. Ботағариев [3], оқушылардың күндізгі уақытының 60% отырған жағдайда өткізетінін және оған еш энергия да жұмсамайтынын келтірген. Гипокинезия барлық аурудың түрін де асқындырып жібереді және жүйке-бұлшық ет жүйелерінің, ішкі органдардың, қан айналымы, тыныс алу органдарының патологиясына әкеп соқтырады. «Гипокинезиялық ауру» деп аталатын ауру пайда болады, ол үлкен ми қыртысының астенизациялануымен, локомоторлы және висцералды саланың функционалдық жағдайының бұзылуына әкеп соқтырады.

Көптеген зерттеулердің нәтижелеріне қарап қозғалу сапаларының өте белсенді дамитын кезеңі 7-8 жас пен 12-13 жас аралықтарында болатынын байқатады. Дәл осы кезең барлық сапалық қабілеттердің оңтайлы дамуына өте жақсы ықпал етеді. Кейбір авторлардың еңбектерінде жүгіру жылдамдығының маңызды көрсеткіші – қадамдардың жиілеуі, әсіресе 7-12 жас аралығында қарқынды дами түседі. Л.П. Матвеев [1] еңбектерінде жасөспірімдердің организмнің жоғары икемділігімен, сондай-ақ жүйке үрдісінің қозғалысымен, білімнің шартты-рефлекстік байланыстарымен түсіндіріледі. 12-13 жаста жүгіру қарқыны едәуір төмендейді және олардың даму қарқыны толқын іспеттес. 12-14 жастағы балалардың жүгіру қарқыны төмендеуін мамандар жыныстық ерекшеліктерімен байланыстырып, ол кезеңде олардың тоқтай алу және қозу барысында тепе-теңдіктің бұзылуымен байқалады.

Бүгінгі таңда жастар мен жасөспірімдердің спорттық қызығушылығы, физикалық белсенділігін арттыруға ғылыми-әдістемелік негіздемесі психологиялық жағынан жеткіліксіз қамтылған. Өмірде бірдей адам болмайтындықтан, балалардың да сыртқы факторларға қарсы тұру қабілеті, жүйке жүйесі, ағзасының физиологиялық жағдайы әр түрлі болады. Сондықтан дене шынықтыру пәні мұғалімінің басты міндеті – оқушылардың жас ерекшеліктері мен жеке басының мүмкіндіктерін (физиологиялық жағынан да) ескере отырып, олардың қызығушылықтарын арттыру.

Аталмыш пәнге қатысты «екінші реттік» қосарлы сабақ деген көзқарасты өзгерту керек. Басқаша қарағанда, «дене шынықтыруда секіреді, жүгіреді, одан басқа не керек?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Көп жағдайда, дене шынықтыру сабағы оқушылардың қимыл қозғалысын белсендіру әдісі болып табылатындығы белгілі. Салауатты өмір салтын қалыптастыру мамандары үшін балалардың дене мәдениетін қалыптастыруға қатысты олардың ішкі сенімдері мен қызығушылықтарын арттыру керек.

Оқушылардың физикалық белсенділігі, соның ішінде психологиялық жағдайы – дене шынықтыруға қатысты қызығушылығы, олардың жас ерекшеліктерін ескеру шарт. Бұл мәселеге қатысты тағы бір шешім – бала ағзасының функционалдық ерекшеліктеріне сай әр түрлі тәсілдерді ұсыну. Дене шынықтыру мұғалімдерімен сөз барысында сабақтан босатылған балалар туралы мәселе қарастырылды, сол сабақ уақытындағы олардың бос уақытын қадағалау – медициналық және психологиялық тұрғыдан дене шынықтыруды қамтудың қажеттілігін танытады.

Біздің мемлекетіміздегі адамдар жалпы және кәсіптік білімді 17-21 жастары кезінде алады. Оқуларын аяқтаған, армия қатарында Отан қорғаған жастар әр түрлі өнеркәсіп, мекеме, ұжымдарда еңбек қызметтеріне кіріседі. Осы кезеңде еңбекшілер мен қызметшілердің еңбек қызметтері мен денсаулықтарына жағымды әсер беретін дене тәрбиесінің маңызы өте зор.

Еңбек етудің қандай түрлерінде болмасын адамдар дене және психикалық күштерін жұмсап шаршайды, жұмысқа қабілеттіліктері төмендейді. Осы кезде дене тәрбиесі амалдары көмегімен шаршаған

адам ағзасын тез қалпына келтіріп, жұмысқа қабілеттіліктерін жоғарылатуға болады. Көптеген еңбек түрлері арнайы дене қуаты дайындығын керек етеді. Ол дайындықтар арнайы амалдар және дене дайындығы әдістерімен іске асырылады.

Негізгі дене тәрбиесі жіне спорттық жұмыстар адамдардың істеген ұжымдарында, мекемелерде, тұрған жерлерінде, әр түрлі спорттық ғимараттарда, мамандардың басқаруымен, өздерінің құрған топтарымен және өз бетімен жеке жүргізіледі. Біздің еліміздегі ересек, орта, үлкен жастағы адамдармен дене тәрбиесі, сауықтыру дене тәрбиесі және спорт жұмыстары өнеркәсіп орындарындағы, әр түрлі мекемелердегі, оқу орындарындағы спорт клубтары, ерікті спорт қоғамдары, кәсіподақ комитеттері арқылы іске асырылады.

Сауықтыру бағытында дене тәрбиесі мен спорт түрлерінің жаттығуларын таңдағанда негізгі орынды аэробты тәртіптегі циклділік жаттығулар алады. Циклділік жаттығулар, жаттығу орындау кезінде көп оттегіні пайдаланатын үлкен бұлшық ет топтарын жұмысқа кірістіруді керек ететіндіктен тыныс алу және жүрек қан тамыры жүйесінің қызметін дамытады. Бұл жүйелердің жақсы жұмыс істеуі – мықты денсаулық кепілі.

1. Матвеев Л.П. *Теория и методика физической культуры: учебник для институтков физ. культуры.* – М.: физкультура и спорт, 1991.

2. Адамбеков Қ.І. *Футбол*, 1990.

3. Ботағариев Т.Ә. *Қазақстан мектебі, – Алматы 1999. Теоретические предпосылки реформирования физического воспитания школьников.* – Алматы, 1998.

4. Қасымбекова С.И. *Физическое воспитание младших школьников: метод. рек...*

Резюме

В данной статье представлены материалы теоретических исследований по проблемам физических воспитания детей и подростков.

Summary

In this article the meanings of theoretical research for physical raising children and teenagers problems.

ЕРЕСЕКТЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғ.У. Қабекенов – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,

А.Л. Сеитова – ҚазҰПУ-нің магистранты

Қазіргі қоғамдағы адамның өмір бойы тоқтаусыз білім алып, заман сұранысына сай өзін жетілдіріп отыруы маңызды мәселелердің бірі болып саналады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Ересектерге білім беру қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сәйкес білімдер мен дағдылардың қосымша көлемін алу үшін олардың өмір бойы білім алу қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған» – деп ерекше атап көрсетілген [1].

Педагогикалық теория мен практикада ересектерге білім берудің қалыптасуы мен дамуының өзіндік тарихы бар. Тарихтан ересектерге білім беру үрдісінің діни бағытқа негізделіп, мешіттер мен медреселер, мектептер базасында жүргізілгені, шығыстық мәдениетке негізделіп, өзіндік заңдылықтарды ұстанғаны, әлемдегі саяси өзгерістерге байланысты білім берудің жаңаша жүйесін құруға бағытталғаны белгілі.

Ересектерге білім беру үрдісі ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап либералдық, прогрессивтік, бихевиористік, радикалды, когнитивті, гуманистік философиялық мектептер мен бағыттар ықпалымен дамып, әлеуметтік, экономикалық функциялар атқарды, бүгінгі таңда ол тұлғаны *дамыту* функциясын орындайтын *білім беру қызметін көрсету* саласына айналып келеді.

Андрогогиканың қалыптасуы мен дамуын зерттеуде негізге алынатын психологиялық бағыттар:

р/с	Бағыттар	Зерттеу мәселесіне қатысты сипаттамасы
1.	бихевиоризм	Андрогогикалық мәселелердегі мінез-құлық ерекшеліктері және оның әрбір адамға қатысты жекелігін ескерту.

2.	Неофрейдизм мен постфрейдизм	Ересек адамның білім алуы мен тәрбиеленуінің бала кезіндегі психологиялық қиыншылықтары мен кемшіліктерінің туындауы.
3.	Гештальт психология	Білім алу мен тәрбиелену ересек адамдар үшін де тұтас таза психологиялық құрылым болып табылады.
4.	Гуманистік психология	Тәрбиелену мен білім алудың ересек адамдар үшін гуманистік, моральдік, қарым-қатынастық сипаты
5.	Акмеология	Ересектерді оқыту үдерісінде кәсібиліктің биік мәресіне жету қағидасын ұстану.

Кестеге сүйене отырып, осы бағыттардың пайда болу тарихына сипаттама беріледі.

Бихевиоризм – ХХ ғасырдағы психология ғылымын сипаттайтын теориялық әрі тәжірибелік бағыт. Мұнда адамның іс-әрекеті мен мінез-құлқын тереңірек қарастырылады, ал сананы негізгі зерттеу объектісі деп санамайды. Бихевиоризмнің негізін американ ғалымы Э.Торндайк қалады.

Бихевиоризм «behavior» ағылшын сөзінен шыққан, мінез-құлық мағынасында қолданылады. 1913 жылы америка психологі Дж.Уотсон психологияны мінез-құлық туралы ғылым ретінде қарастырды.

Сонымен бихевиоризм жеке адамдар мен топтардың іс-әрекетін талдауға негізделген әдістемелік бағыт ретінде адамды мінез-құлқына қатысты басқаруды негіз етеді.

Фрейдизм – ХХ ғасырда психологияда кеңінен таралған ағым. Ағым – мінез-құлықтың негізгі реттеуші күші, қозғаушы факторы – жыныстық еліктеу деп есептеді. Мұндай еліктеу мен сезім әрекеті санадан тыс табиғи қажеттілік деп саналады. Зерттеу ілімі психоанализ деп де аталады.

Бұл бағыт Австрия ғалымы З.Фрейд есімімен байланысты, сонымен қатар ғалымдар А.Адлер, К.Юнг, К.Хорни өзіндік үлес қосты.

Гештальт психология Германиядағы ХХ ғасырда дүниеге келген ассоциативті психологияға қарсы идеалистік бағыт болды. Негізгі мақсаты жеке психикалық процестің құрылымын тәжірибе жүзінде зерттеу болып, тұлғалық қасиеттерінің өсуіне негізделді. Сананың алғашқы бөлшектері тұтас түрдегі «гештальттар» (психологиялық құрылымдар) деп саналды.

Гештальт деген сөзді неміс тілінен аударғанда «форма», яғни барлық ұсақ бөлшектердің бірігуі және органикалық бүтінді құрауы дегенді білдіреді. Бұл бағыттың негізін М.Вертгейлер, В.Келер, К.Коффка қалаған [2].

Гуманистік психология негізін қалаушылардың алдына қойған мақсаты бихевиоризм мен психоанализді дәріптеушілердің адам мәселесіндегі ауытқуларын орнына келтіріп, шындыққа жақындау, өміршең психологияны тандап алу еді. Гуманит-психологтар өз зерттеулерінің объектісі ретінде салауатты, шығармашыл жеке адам түсінігін тандады. Сондықтан бұлардың таңдауындағы жеке адамның мақсаты – өзін-өзі кемелдендіру және мүмкіндіктерін өз күшімен ашып, жая білу.

Гуманистік психология бағытының көрнекті өкілі А.Маслоу болды. Ол адам іс-әрекетінің, мінез-құлқының қайнар көзі адамның үздіксіз өзін-өзі танытуға, өзін-өзі анықтауға ұмтылуы деп түсіндірді, өзін-өзі айқындауға қажеттілік әртүрлі қызметті қамтиды. Бұл гуманистік қажеттілік, демек, адамға жақсылық істеуге ұмтылу «адам өз мәні жағынан жақсылық істеуге жаны құмар» – деп есептеген.

Қазіргі жаһандану заманында да дамыған қоғамның жетекші идеясы, жоғарғы гуманистік мәні – әр адам тұлғасын ең жоғары құндылық ретінде қарастыруы. Білім берудегі гуманизм әр жеке тұлғаның мәдениет әлемінде өзін-өзі таныта алуына, еркін түрде өз орнын анықтай алуына, жақсылық пен жамандықты, дұрыс пен бұрысты, өмірдегі мәнді және мәнсіз нәрселерді саналы түрде таңдай алуларына жағымды ықпал жасап септігін тигізуге бағытталған.

Акмеология – адамның шығармашылық ғұмырына, кәсіптілік шыңға жетуіне ықпал ететін факторлар мен заңдылықтарды зерттейтін ғылым. Ол жаратылыстану, қоғамдық және гуманитарлық пәндер тоғысында пайда болған, белгілі бір іс-әрекет сферасында адамның жоғары дәрежеде дамуы жөніндегі ғылым. Кемелденуді өздігінен білім алу, өзін-өзі түзету, өзін-өзі басқару құралдары арқылы өзін-өзі жетілдіруге қабілеттілік деп қарастырады [3].

Демек акмеология – өзінің кәсіби шеберлігінің шыңына, өзінің жеке «акмесіне» (акме – биік шың, гүлденген шак), идеалына, максимумға жету құралына айналдыру, өз-өзін дамыту дағдыларын қалыптастыру арқылы тұлға деңгейіне жету жолдарын зерттейтін ілім ретінде ересектерді жеделдете оқытудың теориялық негіздерін құрайды.

Сондықтан адамның қай жаста да оқуына жол ашылып, «өмір бойы білім алуына» мүмкіндік беріл-

ген қазіргі заманда ересектерге білім беру маңызды мәселе болып саналады. Ересектерге білім беру мәселесі әлеуметтік-философиялық; үздіксіз білім беру жүйесіндегі орны мен мазмұны; ересек адамның мақсатты іс-әрекеті ретіндегі білім алуы мен қосымша білім алуының объективті үдерістері арасындағы айырмашылық; ересектердің танымдық қызметінің психологиялық ерекшеліктері; педагогикалық мәселелер; ересектерге қосымша білім берудің функциялары және т.б. бағыттарда қарастырылған.

Осыған орай ересектерге білім берудің теориялық негіздерін жетілдіру мақсатында категориялық аппараты ретінде «андрагогика», «ересектер немесе ересек білімалушылар», «қосымша білім беру» және т.б. ұғымдарға назар аударылды.

Алдымен «андрагогика» ұғымына берілген анықтамаларға тоқталуды жөн көрдік.

Андрогогика (гр. *aner, andros* – ересек адам және *agoge* – жетелеу, басқару, тәрбиелеу) – оқу әрекетінің субъектісі ретінде ересектердің білім мен білікті меңгеруінің заңдылықтарын, сонымен бірге бұл әрекетті кәсіби педагогтың басқару ерекшеліктерін ашып көрсететін оқыту теориясының бөлімі. «Андрогогика» ұғымын ғылыми айналымға 1833 неміс ғалымы А.Капп енгізген [4].

Педагогикалық энциклопедиялық сөздікте: андрогогика – ересектерге білім және тәрбие беру, білім берудің теориялық және практикалық мәселелерін қарастыратын педагогика ғылымының бір саласы» – деген анықтама беріледі [6].

Демек андрогогика теориясы педагогиканың бір саласы ретінде ересектердің білімдік мақсаттары мен сұраныстарын ғылыми негізделген түрде тұжырымдап, жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар арнайы әдебиеттерде «ересектер педагогикасы», «ересектерді оқыту теориясы» және т.б. ұғымдар да қолданылып келеді.

Бүгінгі таңда Еуропада «андрагогика» ұғымы үш негізде түсіндіріледі: біріншіден, көптеген елдерде андрогогика ересектердің оқу үрдісі деп қабылданады. Бұл мағынада андрогогика – ересектердің бүкіл өмір сүруі барысында білім алуын түсіну (теория) және қолдау (практика) ғылымы. Екіншіден, АҚШ-та М.Ноулздың пікірінше, «андрагогика – автономды білімалушылар мен оқытушы-фасилитаторлардың оқу үрдісінің ізгілік тұжырымдамасына негізделген өзіндік ерекшелігі бар теориялық және практикалық тәсіл». Ғалым өзінің психологиялық ғылыми жұмысында тұлғалардың өзіне есеп беру қатынасына танымдық қызметтегі ересектердің жас ерекшелік өзгерістеріне әсері туралы тұжырым жасаған. Үшіншіден, андрогогиканы түсіндіруде ретсіздік те байқалады: «ересектердің білім алу практикасы», «ниет етілген құндылық», «оқытудың өзіндік әдістері», «академиялық пән», «балалар педагогикасына қарама-қарсылық» [5].

Жалпы алғанда, андрогогиканы ғылыми білім, әлеуметтік тәжірибе, оқу пәні тұрғысында қарастыруға болады.

Біздің зерттеу жұмысымызда андрогогиканы әлеуметтік тәжірибе тұрғысынан қарастыруға ерекше назар аударылды, себебі, бұл сала ересектердің оқуы бойынша оның іс-әрекетінің маңыздылығы мен мәнділігіне сәйкес кәсіби білім, білік, дағдыны және құндылық қатынастарды қоғамның сұранысына сай меңгеруін талап етеді.

Кез келген тұлғаның үздіксіз білім алуы бүкіл өмір сүруі барысында оның талпынысымен, қажеттілігімен, қызығушылығымен жүзеге асырылады. Ересектер немесе ересек білімалушыларға сипаттама беру үшін теориялық және тәжірибелік зерттеу нәтижелеріне сүйеніп, ересек адамның қосымша білім алуына ықпалын тигізетін тұлғалық қасиеттерін айқындауға талаптандық.

Ғалым М.Т. Громкованың еңбегінде ересектерді оқытудың әдіснамалық, теориялық, тарихи, жүйелілік, жаңа модельдік үлгісі ұсынылған. Ересектер және ересектік туралы адамдардың биологиялық, әлеуметтік, рухани, құрылымын, ересектер педагогикасының практикалық, қолданбалық аспектісін ашып көрсеткен [6].

Көптеген ғалымдар С.И. Змеев және т.б. «ересек білімалушы – психологиялық, әлеуметтік, рухани жетілген, өзін-өзі танитын, өзін-өзі басқара алатын, білім алу қажеттілігі саналы түрде қалыптасқан, өзінің кез келген іс-әрекетіне, соның ішінде білім алуына жауапты болу үшін жеткілікті өмірлік тәжірибесі бар, сана-сезімі дамыған 18-20 жастан асқан кез келген адам» деген анықтама береді [7].

Ересектерді оқыту мен тәрбиелеуде ғалым-педагог Т.А. Василькованың оқулығын ерекше атап өтуге болады. «Основы андрогогики» деген оқулығында ғалым андрогогиканың негіздерін баяндаумен қатар, ересектің кәсіби қызметі мен шеберлігі жайында талдау жасалады. Осы оқулықта ересектер тәрбиесінің теориясы туралы сөз қозғалады. Андрогогика туралы оқулықтарда ересектерді оқыту жайында баяндалса, ал, бұл еңбекте ересектер тәрбиесінің мәні, тұжырымдамалары мен әдістері, қайта тәрбиелеу мәселесі ашып көрсеткен [8].

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Бастауыш мектеп және дене мәдениеті» сериясы, № 3 (34), 2012 ж.

Қазақстан Республикасында сауатсыздықты жоюға бағытталған ересектерге білім беру үрдісінің жоғарғы білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуы мәселелері көптеген ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады. Сонымен қатар ересектердің өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, оқыту үдерісін ұйымдастыру, ересек оқушылардың субъектілігін дамыту (А.Н. Ильясова, Қ.Р. Сейталиев, Б.А. Тұрғынбаева және т.б.) тұрғыда қарастырылады [9, 10, 11].

Қорыта келгенде, ересектердің оқу үрдісіндегі өзіндік бағалауының педагогикалық-психологиялық ерекшеліктеріне мыналар жатады деп тұжырымдауға болады:

- ересек білім алушының бір немесе бірнеше саладағы белгілі көлем мен деңгейдегі жалпы және кәсіби білімі, өмірлік тәжірибесінің болуы;
- кез келген жаңа ақпаратты сыннан өткізіп, бағалау тәжірибесінің деңгейі;
- ұсынылған материалды талдау, меңгеру тәжірибесі;
- өзінің барлық тұрғыдан қорғай алатын кәсіби пікірінің бар екендігі;
- уақыттың құнын білуі;
- алған білімдерін тез жүзеге асыруға ұмтылысының жоғарылығы;
- мұрат-мүддесінің, қажеттілігі мен қызығушылығының айқындылығы;
- рухани, құқықтық және әлеуметтік жауапкершіліктері бар;
- өзінің кәсіби деңгейін жаңа талаптарға сәйкес жетілдіру қажеттігін ұғынуы және осы тұрғыдан мәселені шешуге тырысуы.

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Егемен Қазақстан, 2007 ж.

2. Лебедева Н.А., Иванова Е.А. Путешествие в Геистальт: теория и практика – СПб.: Речь, 2005. – 560 с.

3. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / О74. Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Арын Е. – Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ. 2006. – 482 б.

4. Основы андрагогики. / Под ред. Колесниковой И.А. – М.: «Академия», 2003. – С. 5. – 240 с. – ISBN 5-7695-0978-3.

5. Кукуев А.И. Андрагогический подход в педагогике. – Ростов-на-Дону: ИПО ПИ ЮФУ, 2009. – С. 11.-328 с. – ISBN 978-5-8480-0690-2.

6. Громкова М.Т. Педагогические основы образования взрослых: дис. д-ра пед. наук: 13.00.01. – СПб., 1994. – 59 с.

7. Змеев С.И. Андрагогика: основы теории, истории и технологии обучения взрослых. – М.: ПЕР СЭ, 2007. – С. 91. – 272 с. – ISBN 5-98549-022.

8. Василькова Т.А. Основы андрагогики.

9. Ильясова А.Н. Проблемы развития педагогической теории Казахстана (1900-1960 гг). 13.00.01. Автореф. дисс... д.п.н. – Алматы, 1997. – 43 с.

10. Сейталиев Қ.Р. Қазақстанда жоғары педагогикалық білім беруді қалыптастырудың дамуы. Дисс.п.ғ.д. – Алматы, 1996. – 300 б.

11. Тұрғынбаева Б.А. Біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту. Дисс.п.ғ.д. – Астана, 2006. – 320 б.

Резюме

В данной статье рассматриваются психолого-педагогические особенности взрослых в учебном процессе. Даются определение научно-категориального аппарата проблемы исследования.

Summary

This article discusses the psychological and pedagogical features of self-esteem of adults in the learning process. We give the definition of scientific research problems categorical apparatus.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ОЛИМПИАДАЛЫҚ СПОРТ ТҮРІ ТАЕКВОНДОНЫҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ

С.Кунай – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Бастапқы әскери дайындық теориясы мен әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы*

Бұл мақаланың мақсаты: көпшілікке қазіргі кезде жақсы дамып келе жатқан олимпиадалық спорт түрі таеквондоның, Республикамызда оның даму қарқыны мен Қазақстан таеквондошылардың негізгі жетістіктерімен таныстыру.

Шығыс елдерінде өзінің қалыптасқан тарихы бар бұл спорт түрі біздің елімізде тоқсаныншы жылдан бастап қалыптасып дами бастады, Қазақстанға таеквондо тәуелсіздіктің таңы атқан тұста келді.

Қазақстан Республикасында таеквондо (WTF) федерациясы 1992 жылы құрылды. Қазақстан таеквондо федерациясының тұңғыш президентіне Бексейіт Тұлкиев сайланды. Қазақстан Республикасында таеквондо (WTF) федерациясы бүкіл әлемдік таеквондо федерациясына толық мүше болып, 1993 жылы Оңтүстік Кореяның Сеул қаласында Куккивон штаб-пәтерінде тіркелді, сол жылдан бастап еліміздің құрама командасы әртүрлі халықаралық жарыстарға қатысуға мүмкіндік алды. Қазақстан Республикасының таеквондо федерациясы құрылғаннан кейін, еліміздің әр облыстарында жарыстар өткізіліп тұрды.

1993 жылы еліміздің таеквондо ұлттық құрама командасы АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында өткен XI әлем чемпионатында бақтарын сынады, бұл еліміздің таеквондо құрама командасының алғашқы тұсау кесер жарысы болатын.

Қазақстанда таеквондомен шұғылданатын жастардың саны күн санап арта түсе бастады. Қазіргі таңда осы таеквондо спортымен жиырма мыңнан астам жастар шұғылданады.

Қазақстан таеквондо федерациясының тұңғыш президенті 1998 жылы Бексейіт Тұлкиев белгісіз жағдайдан өмірден өткеннен кейін, 1998 жылы Қазақстан Республикасының таеквондо федерациясының президентіне Шамсат Исабеков сайланды. Бүгінгі таңда Шамсат Исабековтің басқаруымен федерация жұмыс істеліп жалғасын табуда. Сұлтанмахмұт Шоқбытов 1999-2006 жылдар аралығында Қазақстанның таеквондо құрама командасының бас бапкері болып қызмет атқарды, одан кейін Мақсұт Нарбаев 2006-2010 жыл аралығында құрама команданы жаттықтырып, жақсы спортшыларды баптап дайындады, дәл сол кездерде қазақ елі құрамасы халықаралық ареналарда өздерінің мықтылығын мойындата бастады. Енді сол жарыстардың арасындағы ең негізгілеріне тоқталайық:

Азия ойындарына отандастарымыз үш мәрте қатысып, 7 қола медальға қол жеткізді. 1998 жылы Бангкокта Әділхан Сағындықов пен Әнуарбек Аманқұлов, 2002 жылы Пусанда Есбол Ерден мен Арман Шылмановтар, 2006 жылы Ринат Құралбаев, Сәуле Сардарова және Арман Шылманов үштіктің төрінен көрінді. Ерлер додасында 2006 жылы Тайландта Арман Шылманов оза шапса, 2006 жылы Қытайда Зарина Шамсатқызы күміс медальді еншіледі. 2004 жылы Оңтүстік Кореяда Нұргүл Берікқалиева, Сәуле Сардарова, Есбол Ерден, 2006 жылы Тайландта Батырбек Есдәулетов пен Зарина Шамсатқызы, 2008 жылы Қытайда Ринат Құралбаев, Арман Шылманов және Лия Нұркиналар қола жүлденің иелері атанды. Жастар арасындағы жарыста әр жылдары Есбол Ерден мен Давран Ризаев бас жүлдені қанжығасына байласа, Серік Исламов, Сағыныш Қалымбетов, Диля Құдайғашүкірова, Ерғали Әнесов және Аслан Батықұловтар екінші месе тұтты. 2007 жылы Түркияда өткен Дүниежүзілік Универсиадада Лия Нұркина қола жүлдені еншілесе, 2009 жылы Сербияда Гүлнафис Айтмұхамбетова алтыннан алқа тағынды. 2009 жылы Тайландта жекпе-жек түрлері бойынша Азия ойындарының алауы тұтанды. Бұл бәсекеде Арман Шылманов пен Гүлнафис Айтмұхамбетова қарсыластарына қарсы тұра білді. Зарина Шамсатқызы мен Қайрат Сарымсақов күміс алса, Сәуле Сардарова мен Екатерина Дмитриева қола медальді иеленді. Әлем чемпионатында 6 медальға қол жеткіздік. 1999 жылы Канадада Әділхан Сағындықов, 2003 жылы Германияда Лия Нұркина, 2007 жылы Аслан Батықұлов, Арман Шылманов, Нәзгүл Тәжіғұлова, 2009 жылы Данияда Арман Шылмановтар жүлдегерлер санатына қосылды. Жастар арасындағы әлем біріншілігінде Жалғас Бекқасымов алдына жан салмады. Үш қандасымыз олимпиада ойындарына қатысу құрметіне ие болды, 2004 жылы Афин олимпиадасында Әділхан Сағындықов өз өнерін ортаға салса, 2008 жылы Бейжін олимпиадасында Лия Нұркина мен Арман Шылманов күш сынасты, Арман Шылманов қола медальді қанжығасына байлап, Қазақстан спорты тарихының жаңа бір парағын ашты (1).

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. «Бастауыш мектеп және дене мәдениеті» сериясы, № 3 (34), 2012 ж.

2010 жылдан бастап Қазақстан құрама командасының бас бапкері болып, Қырғызбаев Қайрат тағайындалды. 2010 жылы Қазақстанда ХІХ Азия чемпионаты өтілді, жарыс жоғары деңгейде ұйымдас-тырылып, оған 23 мемлекеттен келген 300-ден астам спортшылар қатысты. Азия чемпионаты барысында Қазақстан таэквондошыларының көрсеткен нәтижесіне көңіліміз тоймады, ерлер сайысында Ирандықтар алдына жан салмады, олардың еншісінде 4 алтын, 1 күміс және 1 қола медаль түсті. Әр медальды қос-қостан иеленген Оңтүстік Кореялықтар екінші тұғырға жайғасты. Иран мен Оңтүстік Кореяда олимпиада алтынын алған спортшылар көптеп саналады. Үшінші орынға Тайланд таэквондошылары табан тіреді, Тай елінің өкілдері 2 алтынды олжаласа, төртінші сатыдағы Тайпейдің қоржынына 2 күміс медаль түсті. Ал Қазақстан бесінші орынға тұрақтады, жерлестеріміз арасынан аса ауыр салмақта күш сынасқан Арман Шылманов ақтық сайыста Иран спортшысы Хуссейн Тәжіктен ұтылды. 54 келі салмақтағы Нариман Шәкіров пен 80 келі салмақтағы Сұлтан Қасымов қола жүлдені қанжығасына байлады. Қыздар арасындағы жетістіктерге 73 келі салмақта күш сынасқан Феруза Ергешова үлкен ерлік жасап, Азияның алтын медалін мойнында жарқыратты. Аса жеңіл салмақта шеберлік байқатқан Айжан Әлижанова қолаға қол жеткізді [2].

Алдағы 2012 жылғы Лондонда өтілетін олимпиадада Қазақстаннан үш таеквондошы күш сынамақ. Олар: Нұрсұлтан Мамаев 58 келіде, Феруза Ергешова 67 келіде, Гульнафис Айтмуханбетова 67 келіден жоғары салмақта өнер көрсетеді.

Қорыта келе, елімізде таеквондо спорты кең дамып, спортшыларымыздың әр кезде мерейі үстем болып, көптеген халықаралық, әлем және азия ареналарында, еліміздің көк туын желбіретіп, ән ұранымыз жеңіс төрінде шарықтасын деген тілек білдіргім келеді.

1. *Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. – Алматы: ҚазСТА, №2, – 87 б.*

2. *Канаев Т. // Шымкент таеквондо газеті. – 2000, №1 (5). – 8 б.*

3. *Жүніспаев Н. Мұстафа Әзтүрік. – Алматы: Жалын, 1992. – 92 б.*

Резюме

В данной статье рассматриваются начало, развитие и становление таеквондо как олимпийского вида спорта в Республике Казахстане.

Summary

In article considers the beginning of foundation and development taekwondo, as one Olympic type of sport in the Republic of Kazakhstan.

ПРИМЕНЕНИЕ НЕТРАДИЦИОННЫХ СРЕДСТВ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ В УЧЕБНОЙ И ВНЕУЧЕБНОЙ РАБОТЕ СТУДЕНТОВ

Н.Б. Багашев – старший преподаватель КазНПУ им. Абая
кафедры оздоровительной физической культуры

Регулярные занятия физическими упражнениями и спортом после напряженной умственной работы являются для студентов одним из наиболее эффективных средств переключения нервной деятельности, создания предпосылок для улучшения их работоспособности и укрепления здоровья.

Основной смысл пребывания студента в ВУЗе – овладение своей будущей специальностью на самом высоком уровне. А это значит не только понять и усвоить основы наук, но и уметь видеть между ними глубокую взаимосвязь. При этом занятия физической культурой и спортом повышают возможность познания внешнего мира, обогащают эмоциональную жизнь человека, его чувств, в которых отражается связь его личности с обществом.

Чрезвычайным важным вопросом является повышение качества физического воспитания студентов педагогических вузов, так как учитель любого предмета может и должен сыграть положительную роль в улучшении физкультурной работы в общеобразовательной школе.

Для современной системы физического воспитания характерна комплексность в применении средств. Основным средством являются физические упражнения, вспомогательными – естественные силы природы и гигиенические факторы. Физические упражнения всегда применяются в определенной системе – в форме того или иного вида игры, гимнастики, туризма или же спорта – поэтому сами эти виды являются средствами физического воспитания.

К основным средствам, применяемых на практических занятиях учебной деятельности студентов, относятся: 1) гимнастика; 2) легкая атлетика; 3) лыжные гонки; 4) спортивные игры; 5) вид спорта по выбору.

Внеучебные формы физического воспитания включают в себя индивидуальные и групповые занятия с использованием средств гигиенического, оздоровительного, профессионально-прикладного и лечебного направления. Активный отдых в выходные дни – это туристские походы, прогулки, игры и т.п.

Для повышения эффективности физического воспитания в вузе путем оптимизации массовой культурно-оздоровительной работы и для улучшения учебной и внеучебной работы студентов, нами используются нетрадиционные средства физического воспитания.

Имеется ряд работ [1, 2], где описаны только с одной стороны, как например, применение национальных упражнений и игр в системе школьного образования. Эти же ученые утверждают, что народные виды спорта и игры необходимо разрабатывать и использовать в учебном процессе школ и ВУЗов.

Выпущено несколько работ [3, 4], где описаны применения нетрадиционных средств физического воспитания в практической деятельности в внеурочное время, а также указано, что традиционно сложившиеся формы организации массовой культурно-оздоровительной работы не всегда служат эффективным способом удовлетворения важных социально-культурных потребностей студентов.

Учебная программа как бы ни была совершенна, в ней невозможно учесть конкретные условия ВУЗов, расположенных в различных районах нашей страны. Таким образом, общепринятые средства физического воспитания, рекомендованные вузовской программой, не учитывают некоторые условия на местах, что естественно понижает эффективность учебного процесса по физическому воспитанию.

Следует учитывать, что в КазНПУ им. Абая в основном поступают абитуриенты из сельской местности. Результаты контрольно-педагогических испытаний показывают о слабой физической подготовке молодежи в сельских районах Казахстана.

Для улучшения учебной и внеучебной работы студентов нами используются нетрадиционные средства физического воспитания. То есть в учебных занятиях студентов используется (так как большая часть студентов составляют представители коренной национальности) национальные виды спорта (казакша курес, тогуз кумалак) и народные игры. А также включены нетрадиционные средства физического воспитания (группы любителей бега, ритмическая гимнастика Черлидинга, группы атлетической гимнастики, гиревой спорт).

Для уяснения нетрадиционных средств даем им некоторые характеристики.

Казакша курес – это борьба в стойке с действием ногами без захвата ниже пояса, в ее арсенале многообразие приемов. Броски могут проводиться произвольным захватом пояса, или одежды выше его одной или двумя руками, захватом рук и туловища. В казакша куресе разрешается пользоваться различными приемами классических и народных видов борьбы, броски подножками, зацепами, подбивами через спину, бедро, грудь и броски обвивами пользуются большой популярностью в казахской борьбе. Разрешается также пользоваться бросками, при котором сам атакующий остается на ногах [5].

Казахская настольная спортивная игра Тогуз кумалак – девять бобов – в настоящее время распространена в республике. Для игры в тогуз кумалак применяется специальная игральная доска. Она имеет две большие лунки, называемые «казан» и восемнадцать маленьких лунок «отау». Для игры требуется 162 игровых шарика. Игра способствует укреплению воли, выдержки, терпению, развитие ума, сообразительности, вниманию, умению быстро принимать решение.

Задача игры, чтобы игрок, начав ход, сумел положить последний кумалак в лунку противника с нечетным числом кумалаков. Если кумалак попадает в лунку противника, где число кумалаков будет четное, то кумалаки делят и лунки забирают. Эти выигрышные шарики кладутся в казаны играющего. То же самое делает соперник. Так по очереди идет игра. Выигравшим считается тот, у кого в конце игры в казане оказывается больше кумалаков. Настольная игра особенно приносит пользу тем, кто увлекается шахматами, шашками.

Народные игры казахов представляют большой интерес: это прекрасное средство физического воспитания школьников и студентов. Они многочисленны, разнообразны по содержанию и по форме. Игры делятся на командные и некомандные. Некоторые игры могут быть использованы как подготовительные к различным видам спорта и играм на местности.

Рекомендуются для занятий по физическому воспитанию студентов следующие игры: 1) в воздухе палка; 2) игра с палкой; 3) слепой козел; 4) журавли; 5) догони джигита; 6) борьба за крепость; 7)

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. «Бастауыш мектеп және дене мәдениеті» сериясы, № 3 (34), 2012 ж. сильные и ловкие; 8) пешое козлодрание; 9) бой козлов; 10) поединок; 11) кто дальше; 12) борьба за фишки и др.

Эти игры способствуют укреплению здоровья и выработки жизненно двигательных навыков. Они оказывают определенное воспитательное действие: способствуют воспитанию смелости решительности, настойчивости, инициативности, выдержки, коллективизма, сознательной дисциплины.

Рекомендуемые игры способствуют решению и оздоровительных задач закреплению естественных навыков в ходьбе, беге, прыжках, метании. Некоторые из игр помогают совершенствовать навыки, приобретенные на занятиях по гимнастике, легкой атлетике спортивным играм.

Оздоровительный бег. Наиболее благоприятное воздействие на организм человека оказывает бег, под влиянием которого улучшаются все виды жизнедеятельности человеческого организма. Бег, благодаря своей доступности и высокой эффективности, занял особое место в системе физического воспитания, как наиболее экономически оправданная форма укрепления здоровья.

Группы любителей бега – коллектив единомышленников, приобщающих студентов к здоровому образу жизни, посредством оздоровительного бега укрепляющих здоровье, совершенствующих гармоническое развитие.

Для занимающихся обязательны следующие принципы:

1) всесторонности, которая является основой сохранения здоровья, определяет готовность человека к производительному труду и защите нашей Родины;

2) постепенности повышения нагрузок;

3) регулярности. Бег является мощным стимулирующим средством для организма, но длительные перерывы в занятиях, не только отбрасывают организм в исходное состояние и приводят к потере приобретенных качеств, но являются вредными для организма.

Ритмическая гимнастика Черлидинга – одна из разновидностей современного оздоровительно-развивающего направления в гимнастике. Основным ее содержанием является обычные обще-развивающие упражнения – движения руками, ногами, туловищем, головой, комбинированные упражнения. Используются беговые, прыжковые упражнения с разнообразными движениями различных звеньев тела, а также элементы хореографии и танцевальные движения. Для усиления направленности воздействия упражнений пригодны средства. Ритмическая гимнастика Черлидинга – своеобразный синтез гимнастики и йоги, классического балета и акробатики, народного танца и диско, также нередко называют аэробной. Благодаря поточному способу выполнения упражнений, сравнительно быстрому темпу (120-130 движений в минуту), и большой продолжительности, оказывает сильное влияние на сердечнососудистую и дыхательную системы. По воздействию на организм с этой стороны ритмическая гимнастика Черлидинга соизмерима с такими циклическими упражнениями, как быстрая ходьба, бег, передвижение на лыжах, езда на велосипеде. В процессе занятий успешно развивается сила и гибкость, быстрота и выносливость – основополагающие качества физической подготовленности современного человека. Отличительные признаки ритмической гимнастики заключаются в танцевальной манере выполнения упражнения с включением элементов классического, спортивного, ритуального танца, и в использовании современных танцевальных мелодий. Музыка стимулирует положительные эмоции и воспитывает эстетические вкусы, она задает ритм [6].

Атлетическая гимнастика – система упражнений с отягощениями, привлекает своей общедоступностью и возможностью достичь таких целей, как ощущение силы и уверенности, высокой работоспособности. Занимающиеся могут развивать большую силу, добиться высокого уровня выносливости, а также исключить или резко снизить вредное воздействие на организм так называемых факторов риска. Улучшая кровообращение в целом, кровообращение мозга в частности, занятия расширяют возможности для плодотворного умственного труда. Силовая нагрузка укрепляет нервную систему, снимает эмоциональные перегрузки, и наконец, в режиме атлета нет места вредным привычкам, поскольку курение, алкоголь, попадая в организм, исключает возможность достижения поставленной цели.

К методике тренировок относиться и частота занятий. Исходя из длительности восстановления (32-35 часов) в недельном тренировочном цикле для начинающих надо провести 3 тренировки с чередованием дней занятий и отдыха. Выбор времени занятий сугубо индивидуален. Вредно заниматься натошак и сразу же после приема пищи. Заканчивать тренировку следует не позднее, чем за 2-3 часа до сна. Не следует стремиться ускорять достижения успеха путем копирования тренировочных методов опытных атлетов, потому что можно добиться только перенапряжения и травмы. Надо быть

сосредоточенным во время тренировок, не отвлекаться на разговоры, шутки, ибо психологическая настроенность и осмысленное выполнение каждого повторения – важнейшее условие совершенствования нейромышечных связей, а значит, повышение результативности.

Гиревой спорт. Сегодня упражнения с гирями как эффективное средство общей физической подготовки, привлекает многих молодых людей. Они позволяют быстро увеличивать силу, равномерно развивая все мышечные группы, исправлять недостатки телосложения, а также способствуют укреплению здоровья.

Несмотря на кажущуюся простоту упражнения с гирями, их выполнение связано с довольно сложными практическими действиями, требующих от занимающихся определенных умений и навыков. Обучение технике, как правило, начинается с рывка – наиболее доступного для начинающих упражнения гиревого двоеборья.

Полный цикл этого упражнения можно условно разделить на несколько технических элементов: старт, замах, подрыв, подсед, фиксацию, опускание гири; затем замах для перехвата, перехват, замах, подрыв, подсед и фиксацию другой рукой.

В толчковом упражнении можно выделить следующие технические элементы: старт, взятие на грудь, исходное положение перед выталкиванием, подъем, выталкивание, подсед фиксация, опускание гири, исходное положение перед очередным выталкиванием.

Занятие по гиревому спорту проводятся в индивидуальной, или в групповой форме. Методика обучения строится на основе принципов наглядности, последовательности и систематичности. Обучение проводится в определенной последовательности: ознакомление, разучивание, тренировки. Разучивание упражнения проводится сначала без снаряда, затем с одной гирей по частям и в целом. Упражнения с гирями в целом доступны любому человеку, желающему укрепить физически и морально. Эта доступность как раз и способствует повышению массовости гиревого спорта [7].

Из всего вышеизложенного нами сделаны следующие выводы:

1. Комплексное применение основных средств и методов физического воспитания в учебной и внеучебной деятельности студентов – залог повышения эффективности физического воспитания в ВУЗе.
2. Для улучшения учебной и внеучебной работы в ВУЗе следует использовать нетрадиционные средства физического воспитания, выработанные в народе. Именно они более полно отвечают требованиям местных условий. Но это не значит заменять ими весь учебный материал вузовской программы.
3. Чередование нетрадиционных средств с программным материалам, повысит эффективность учебного процесса, имеет воспитательное и оздоровительное значение для студентов. Позволит усовершенствовать учебный процесс, расширит средства, приемы, методы обучения студентов.

1. Буркитбаев А.Б. Методическая разработка по практическому применению народных игр. – Алма-Ата, 1980.

2. Тулегенов Ж.М. Внедрение казахских национальных форм и средств физического воспитания в современной педагогической процесс, – Алма-Ата, 1982.

3. Бердников И.Г. Использование средств физической культуры в процессе воспитательной работы в студенческом общежитии. – М., 1980.

4. Лубышева Л.И. Эффективность массово-физкультурно-оздоровительной работы в ВУЗах с преимущественно женским контингентом. – Томск, 1984.

5. Байдосов К.Р. Казахская национальная борьба. – Алма-Ата, 1987.

6. Михайлова Л.И., Иванов Ю.И. Ритмическая гимнастика. Справочник. – М., 1987.

7. Поляков В.А., Воробьев В.И. Гиревой спорт. – М.: ФИС, 1988.

Түйін

Бұл мақалада студенттердің сабақ уақытысында және сабақтан тыс уақытысында университеттің программа-сында кірмейтін жаттығуларды пайдалануы көрсетілген.

Summary

This article considers the use of untraditional methods and forms physical education in educational and outside educational activity of students.

СПОРТ ЖҰЛДЫЗДАРЫ ЖАСТАРҒА ӨНЕГЕ ІЛІМ, ТӘРБИЕ

Е.У. Сабденбеков – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің магистранты*

2012 жылы ақпан айында елбасымыздың Қазақстан халқына жасаған жолдауында: «Қазіргі заманда кез келген мемлекеттің жоғары тыныс-тіршілігін қалыпты ұстап тұрудың аса маңызды шарты – адамдардың өздері, олардың ерік-жігері, қажыры, білімі болып табылады», – деп көрсетеді.

«Қазақстан-2030» мемлекеттік стратегиясында дене тәрбиесі туралы:

«салауатты өмір салтын ынталандыру әрқайсымыздың дене тәрбиесімен шұғылдануымызға, дұрыс тамақтануымызға, есірткілерді, темекі мен ішімдікті тұтынуды қойып, тазалық пен санитария шараларын сақтауымызға бағытталған», – деліген [1].

Қазіргі заманның адам баласына өмірінде жаңа технологиялар компьютерлік негеізі бар өмір ағысы болғандықтан жастардың әлеуметтік жағдайы жақсартудың ең басты мәселелерінің бірі денсаулық.

Тарихқа жүгінетін болсақ қазақ халқында көптеген елімізді дүние жүіне танымал қылған 19-ғасыр ұлы спортшылары Қажымхан Мұңайтпасов, Балуан Шолақ одан бертін келе ХХ ғасырда О.Жарылқапов, Ә.Нұрмаханов, Ж.Үшкемпіров, С.Қонақбаев т.б болды.

Солардың бірі Шәміл Серіков Керімұлы сондықтан спорт жұлдыздарының аты өшпеу үшін тарихи зерттеулер жүргізу керек. Бұл зерттеулердің нәтежесі әрине бүгінгі ХХІ ғасыр жастарына өнеге ілім, тәрбие. Біздің ғылыми зерттеу жұмысымыздың ең басты киіпкері Шәміл Серіков Керімұлын алып отырмыз.

Шәліл Серіков Керімұлы 05.03.1956 жылы Алматы қаласында дүниеге келген, сонымен қатар классикалық күрестің шебері, Москвадағы олимпиялық кілемде бес алтын, екі күміс, бір қола медальға ие болып, СССР құрама сапында талай ірі сындарда сенімді ақтаған, жастарымызға үлгі тұтатын тамаша спортшы.

Қазіргі таңда осындай спортшыларымызға үкімет тарапынан үлкен қолдау қажет. Бүгін менің қарастырып отырған мәселем осыған бағытталып отыр Аталмыш спортшы Алматылық Шәміл Серіков үлкен спортқа қадам басар шағында небәрі он екі жаста болатын. Құрбыларымен бірге көбіне «Локомотив» стадионына баратын. Ата-анасы болса қызметте, өзімен тете Сәлім де ойын баласы. Осындай күндердің бірінде шағын зал ішіне өзі сияқты балаларды жиып алып, күрес өнерін үйретіп жатқан жаттықтырушыға тап болды.

Ол мойылдай қара шашын жалбырата өсіріп жіберген, қақпақтай жауырынды, орта бойлы жігіт екен. Сырт кескіні келбетінен спортпен көп айналысқаны көрініп ақ тұр. Бұларға көз қиығын бір салды да, алаңсыз шәкірттерін жаттықтыра берді. Әдейі қызықсын дегендей «Көпір әдісіне» түсірді. Қосарлап бейне бір тиін тәрізді айналдырды, содан соң денелілеу келген бір шәкіртін қасына шақырды да, оң қолымен әлгінің қолтығының астынан сұғып жіберіп, екінші қолымен бастың сыртынан айналдырып әкеліп ілгектеп жалғастырды да, тізесін сәл бүге беріп, көз ілеспес шапшаңдықпен сол қапталына қарай тастап жіберді.

– Дұрыстап қарап алыңдар. Қазір жаймен көрсетемін. – Сонан соң әлгі шәкіртін тағы да ортаға шақырды. Ол келіспегендей кейіп танытып, бұған қарай сылбыр жақындап келе жатты. Ол әлгі тәсілді бір неше рет қайталады да, шәкірттеріне:

– Ал енді орындай беріңдер, – деп тапсырды да есіктің алдыда тұрған балаларға бұрылды.

– Е, балалар, келіп қалыпсыңдар. Не тұрыс бар, шешініп күреске түспейсіңдер ме?

– Біздерді де аласыз ба? – деп ете түсті балалар.

– Алмағанда ше. Ерінбей жаттығатын болсаңдар, сендерді де аламын. Әлі-ақ сендердің араларыңнан тамаша палуандар шығады. Мысалы, сенің палуан болғың келе ме, атың кім еді? – деп күріздей қолымен Шәмілдің иығынан ұстап еді, қолы тым салмақты екен.

Шәміл кімт бұрылып иығын ауыр салмақтан босатып алды.

– Міне, Шәмілдің күреске ыңғайы бар екен. Сезімтал екендігін байқатты. Балуан боламын деген кісіге мұндай қасиет керек-ақ.

Содан былай балалар секцияға қатыса бастады. Спортты шын сүйетіндер ғана оның ауырлығына шын шындайды екен. Алғашқы оларда тұла бойына қорғасын құйып қойғандай ауырлап жүрді, бұлшықеттері бөлектеніп, өзін-өзі әлденеге икемсіз сезінді. Бірақ бұл уақытша нәрсе екен. Кейін бірте-бірте еті үйреніп кетті. Ал осы қиыншылыққа төзе алмаған талай балалар секцияны тастап кетіп қалды. Олар Шәмілмен кездесе қалғанда әр нәрсені сылтауратып, «Күрестің несі қызық, тер сасыған біреумен алысып, жұлысқаны болмаса» дейтін. Кейін сұрастырса, әлгі балалар ешқандай спорт түрімен де шұғылданбайды екен. Мұндай жағдайда ұстаз «Балалар жолда жатқан жеңіс жоқ. Кім жалықпай жаттықса, аянбай тер төксе, мен көрсеткен әдіс-айлаларды зердесіне тоқыса, содан ғана тәуір спортшы шығады деп үміт етемін. Жүз шәкірттің бірі олимпиадаға қатысса, менен бақытты адам бола ма, сірә» дейтін.

Міне сол жолғы салмағы не бары жиырма алты киллограмм ғана болатын шәкірт бала енді Москвадағы олимпиялық ойындарға қатысып отыр, тек қана көргенде санасында жатталып, кейін ұстазы екеуі әлденеше жүз рет қайталаған баяғы тәсілмен сан жарыстарда қарсыластарының жауырынын жерге тигізіп келген [2].

Сонымен қатар Ш.Серіков палуан, грек-рим күресінен әлем және олимпия чемпионы, КСРО чемпионы (1978, Украина, Запорожье), Европа (1979 ж. Бухарест) және әлем (1978, Мексика, Мехико, 1979, АҚШ, Сан-Диего) чемпионы. 22-Олимпия ойындарының алтын жүлдегері (1980, Ресей, Мәскеу) болған спортшы [3].

Шәміл Серіковті әдіс-тәсілдің төңірегіндегі шебер палуан деп ойлауға болмайды. Ол қарсыласын шалқалап лақтыру да, кеудесінен асыра домалатып, ұпай жинауда, кез-келген ұтымтал сәтте жағдайда өз пайдасына шешіп отыратын шебер болса, бәсекелесінің сәл қимылының өзінен оның ойын, алдағы жоспарын аңғара алатын психолог болған.

Олимпиядан кейін жаттығудан жаттығу, әр жерде мастерь кластар өткізіп тынымсыз жаттығулардан әбден қажып басшылықтан демалыс беруін сұраған болатын. Содан бастап Шәмілді қудалау басталды, ең алдымен жұмыстан шығарды онан соң достарына онымен араласуға рұхсат етпеді

Отбасылы болған соң, отбасында асырау керек қой. Кооператив ашып жеміс-жидек сата бастады. Осы күндері ол өзін жоғалтып алды.

Кәуәп пісіріп, жеміс-жидек сатумен айналысып тұрған Шәміл Серіковті елдің бәрі танып; «Олимпияда чемпионы басыңмен не істеп тұрсың?» деп таң қалатындар да болды.

Бұған ол қатты арланатын. 1984 жылдар шамасы Шәмілдің достары: «Шәміл, бізге сенімен араласпау туралы нұсқау берілді. Ренжімеші» деп табалдырымыздың алдынан талай қайтқан. Бір жолы Шәмілдің қадірін білетін спортшылар жоғарғы: «Шәмілді қудалану тоқтатылсын» деген өтініш жазған болатын. Бірақ оларға: «Шәмілдің кебін кигілерің келмесе тыныш отырындар» деген ескерту жасалыпты. 1989 жылы жазында Шәміл інісінің артынан Мәскеуге барды.

Кезінде совет одағының мемлекеттік спорт комитетінің төрағасы Пономеренко В.А мен кездесіп қалады. Ол бірден: «Шәміл, қайда жоғалып кеттің?» деп құшағын жаяды. Қолтығынан жетелеп үйіне алып барады. Асықпай ұзақ сөйлесіпті. Шәміл жағдайын айтады. Ана кісі «бара бер, мен сенің шаруанды реттеп беремін» деп шығарып салады. Алматыға келісімен бір апта өтпей жатып, Мәскеудің шешімімен Шәміл Қазақстанның аға жаттықтырушысы қызметіне шақырылғаны белгілі болды. Бұл жаналық Шәміл үшін үлкен бақыт еді. Бірақ барлық құжаттарын көтеріп, тиісті орынға барғанда, «Сені жұмысқа алмайтын болдық» деп шешімін тағы қайтарды. Шәмілмен Пономенко В.А. арасындағы байланыс осы уақыт аралығында өзге белгісіз біреулердің қастандықпен үзілген болатын. Ақша төлемеген болса да үй телефоны жарым жылға ұзақ арадағы уақытқа өшіп қалған болатын. Сол жылдың күзінде, яғни 1989 жылы Шәміл қайтыс болды. Небәрі 33 те еді. Қайтыс болған күні әдеттегідей жаттығуға барып келген болатын. Түрінен де еш нәрсе байқалмаған. Әйелі сол күні балаларымен қонаққа бара жатқанын және сонда қонып қалатын да ескертіп кеткен екен. Таңертеңгісін келгенде бөлмеден оның өлі денесін тауып алған [4].

Қорыта келгенде сөз түйінін мемлекетіміздің туы елбасымыз өзге мемлекетке іс сапармен барғанда және спортшыларымыз жоғары тұғырға көтерілген жағдайда, жоғары көтерілетіндігін ескере отырып, елі үшін, жері үшін бейбітшілік заманда еліміздің мықтылығын, қанының тазалығын жеңіспен дәлелдейтін спортшыларымызды саясаттың құрбаны етуге жол бермей, оларға жағдай жасап, спорттың ең жоғарғы шыңына жеткен спортшыларды кейінгі жастарымызға үлгі етерліктей, Олардың бойындағы дарынды қасиеттерін мұра ретінде кейінгі жас спортшыларға қалдыру мақсатында жаттықтырушылық қызметін ұсынуды қолдаған дұрыс деп табамыз.

1. Қ.Р Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» 2006 ж.

2. Жұлдыздар отбасы. Назерке Сұлтанбек. Бітімі бөлек палуан. Бүгін Ш.Серіковтің туған күні. 05.03.2011 ж.

3. Жолымбетов Ә., Кульназаров А. Спортивный Казахстан Энциклопедический справочник. 2004 г. – 195 с.

4. Жолымбетов Ә. Бес шығыршық «Ер намысы» – Алматы: Жалын, 1991 ж. 176-184 б.

Резюме

В данной статье предоставлены материалы исторических исследовательских работ на примере чемпион Олимпийских игр Сериков Шамил.

Summary

In this article were appeared the materials of historical and investigational works to examples of a champion of olympic games Serikov Shamyil.